МЫҢ ЖАСАҒАН ШАҺАРДЫҢ ШАМШЫРАҒЫ

# Almaty AQSHAMY

Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | №29-30 (6481) 9 сәуір, сейсенбі, 2024 жыл. | www.almaty-akshamy.kz

БАЙЫПТАМА



## ЖАҺАНДЫҚ ЖЫЛЫНУ

саяси қауіпсіздік мәселесіне айналды

3

САЯСАТ



Орталық Азияның ортақ міндеті:

## ТҰРАҚТЫЛЫҚ ПЕН ҚАУІПСІЗДІК

6

МҮФТИЯТ



Наурызбай қажы ТАҒАНҰЛЫ,
ҚМДБ Төрағасы, Бас мүфти:

## ОРАЗА АЙТ ҚҰТТЫ БОЛСЫН!

16

ӘКІМ

# «АЛМАТЫ – БІЗДІҢ ОРТАҚ ҮЙІМІЗ»

### науқаны басталды



Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

**Мегаполисте республикалық «Таза Қазақстан» экологиялық акциясы шеңберінде «Алматы – ортақ үйіміз» атты жалпықалалық науқан басталды. Осыған орай Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев шаһар тұрғындарын қаламызды бірге жақсартуға шақырды.**

4

САРАПТАМА

# ҚАЗАҚ-ӨЗБЕК ТАНДЕМІ

### Орталық Азияны біріктіруші негізгі фактор

**Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 5 сәуірде жұмыс сапарымен Өзбекстанға барды. Сапардың ерекшелігі бауырлас, көрші мемлекеттер арасындағы байланыста «қазақ-өзбек тандемі» ұғымы қалыптаса бастады. Мұның аясында стратегиялық серіктестік пен одақтастықтың 2034 жылға дейінгі бағдарламасын қабылдау туралы уағдаластыққа қол жеткізілді. Орталық Азиядағы тұрақтылық пен қауіпсіздікті сақтау мәселесіне ерекше назар аударылғанын атап өткен жөн. Мұның бәрі екі ел арасында ғана емес, тұтас аймақтың интеграциясына әсер етуі мүмкін.**



### ТАНДЕМНІҢ ПАЙДА БОЛУЫНА НЕ ТҮРТКІ БОЛДЫ?

Қазақ-өзбек қарым-қатынасы 2019 жылдан бері жаңа деңгейге көтерілді. Бұған екі фактор әсер етті. Ең алдымен, екі елдегі билік транзиті қарым-қатынасқа жаңа серпін берді. Шавкат Мирзиёев пен Қасым-Жомарт Тоқаевтың билікке келуі тарихи байланысты нығайта түсті. Ташкент 2017 жылдан бері сыртқы саясатта экономикалық мүддеге негізделген ашықтықты ұстанып келеді. Астана бұл бетбұрысты қолдады.

Шавкат Мирзиёев 2016 жылы желтоқсанда сайлауда жеңіске жеткен соң ішкі және сыртқы саясатта түбегейлі өзгерістерді бастады. 2017–2021 жылдарға арналған Өзбекстанның бес даму бағыты бойынша іс-әрекет Стратегиясын қабылдады. Стратегияның бесінші бағыты қауіпсіздік, ұлтаралық татулық пен толеранттылықты қамтамасыз ету, сонымен қатар теңгерімді, өзара тиімді және конструктивті сыртқы саясатты жүзеге асыруды көздеді. Бұл бағыттың басты мақсаты – суверенитеті мен тәуелсіздігін нығайту, Өзбекстанның айналасында қауіпсіз, тұрақты, достық қарым-қатынас белдеуін қалыптастыру мен мемлекеттің жағымды халықаралық имиджін қалыптастыру еді.

6

KAZHYDROMET.KZ

**Алматы қаласы бойынша ауа райы болжамы**
*(бүгін және ертең)*

**9.04.2024**

**Түнде:**
**+9+11 °C**
Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз.

**Күндіз:**
**+15+17 °C**
Көшпелі бұлтты, күннің екінші жартысында жаңбыр, кей уақытта қатты жаңбыр, найзағай, бұршақ.

**Желдің жылдамдығы:**
3-8, найзағай кезінде екпіні 15-20м/с

**10.04.2024**

**Түнде:**
**+8+10 °C**
Көшпелі бұлтты, жаңбыр.

**Күндіз:**
**+15+17 °C**
Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз.

**Желдің жылдамдығы:**
3-8, түнде екпіні 15м/с

www.almaty-akshamy.kz

0 745178 614887 >

ПРЕЗИДЕНТ

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ:

# ҚИЫНДЫҚТЫ МІНДЕТТІ ТҮРДЕ ЕҢСЕРЕМІЗ

## Ең бастысы – азаматтардың амандығы

**• Еліміздің бірқатар өңірлерінде су тасқыны салдарынан қалыптасқан ауыр жағдайға байланысты Мемлекет басшысының Үндеуі жарияланды.**



**«Құрметті отандастар!**

Бүгін мен еліміздің азаматтарына арнайы Үндеуімді жолдап отырмын. Баршаңызға белгілі, қазір елімізде күрделі жағдай қалыптасып отыр. Қардың күрт еруіне байланысты аймақтарда су тасқыны болып жатыр. Бұл – табиғи апат. Мұндай ахуал ұзақ жылдан бері болмаған. Бұл көлемі жағынан соңғы 80 жылдан бергі ең ірі табиғи апат деуге болады.

Су тасқынына байланысты еліміздің он аймағында төтенше жағдай жарияланды, яғни Абай, Ақмола, Ақтөбе, Атырау, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Қостанай, Павлодар, Солтүстік Қазақстан және Ұлытау облыстарында.

Атқарушы органдар жіберген олқылықтарды түзеу үшін мен шұғыл түрде нақты тапсырмаларды бердім. Қазір барлық қажетті шаралар қабылданып жатыр. Үкімет қарғын судың салдарын жоюға бар күшін салуда.

Премьер-министрдің басшылығымен Республикалық штаб құрылды. Премьер-министрдің өзі, оның орынбасарлары және Төтенше жағдайлар министрі апат болған аймақтарда аралап жүр. Барлық құтқару жұмыстары менің тікелей бақылауымда.

Су тасқынымен күресуге Төтенше жағдайлар министрлігінің барлық ресурсы тартылды. Сондай-ақ, құтқару жұмыстарына Ішкі істер министрлігі, Ұлттық ұлан, Қарулы Күштер және Ұлттық қауіпсіздік комитетінің мамандары белсене атсалысып жатыр. Зардап шеккен аймақтардың әкімдіктері күндізтүні жұмыс істеуде. Ондаған мың волонтер де көмектесіп жүр.

Жағдай өте күрделі болса да, біз қиындықты міндетті түрде еңсереміз, барлығын қалпына келтіреміз. Ең бастысы – азаматтардың амандығы.

Тасқын судан зардап шеккен азаматтарға айтарым, мемлекет бірде-бір адамды ескерусіз қалдырмайды. Баршаңызға қаржылық және басқа да көмек беріледі. Материалдық шығындар толық өтеледі.

Біз алапат су тасқынынан тиісті қорытынды шығаруымыз керек. Яғни жіберілген олқылықтарды түзетіп, тиісті сабақ алуымыз қажет. Ал ондай сабақтар аз емес.

Апаттардың алдын алу жұмысындағы кемшіліктен бастап, су шаруашылығы мамандарының тапшы болуы, табиғатқа немқұрайлы қарауға дейін көп мәселені реттеу қажет. Үкімет және жергілікті атқарушы органдар су тасқынымен күресті тиімді үйлестіріп отыруға тиіс. Су басқан аумақтарда құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету қажет.

Менің бұйрығыммен апатқа қарсы күреске Қорғаныс министрлігі қосымша әскери күштерін жолдайды. Халыққа көмектесу үшін Үкіметке мемлекеттік материалдық резервті пайдалануды тапсырамын. Сондай-ақ, Үкімет шығындарды өтеудің тиімді жолдарын шұғыл қарастыруға тиіс. Оны зардап шеккен азаматтарға жан-жақты түсіндіру керек. Берілетін өтемақы шығынды толық жабуы қажет.

Жағдайы неғұрлым күрделі аймақтардағы жұмысты үйлестіру үшін Үкімет басшысының орынбасарларына аймақтарға шығуды тапсырамын. Олар ахуал түзелгенше сол жерде болады. Ақпараттық штаб азаматтарды мемлекет қабылдап жатқан барлық шаралар жөнінде үздіксіз және жан-жақты хабардар етіп отыруға тиіс.

Бұқаралық ақпарат құралдарына, белсенді азаматтарға және блогерлерге айтарым, жұртты дүрбелеңге салатын жалған ақпараттарды таратпау қажет. Қазіргі уақытта билік пен қоғамды ұйыстыратын әрекеттер жасау аса маңызды. Азаматтарды тек қана ресми ақпарат көздеріне сүйенуге шақырамын.

Құтқарушыларға, тәртіп сақшыларына, волонтерлерге және апатпен күресуге атсалысып жатқан барша жұртқа алғысымды айтамын. Осындай қиын-қыстау кезде бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығару айрықша маңызды. Бір ел, бір халық болып жұмылып, бұл апатты еңсереміз. Бұл біздің қолымыздан келеді», – делінген Мемлекет басшысының Үндеуінде.

**«АЛАТАУ-АҚПАРАТ».**
**(Дереккөз: www.akorda.kz).**

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Үндеуге үн қосу:

# ЖҰМЫЛА КӨТЕРГЕН ЖҮК ЖЕҢІЛ



**Ақан ӘБДУӘЛИЕВ,**
**Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері:**

### Үндеумен үндесуіміз қажет

Еліміздің бірқатар өңірлерінде қиын жағдай болып жатыр. Бұл енді Құдайдың біздің жұртқа жіберген үлкен бір сынағы. Сондықтан бұл тұста бірлік керек, ынтымақ керек, бір-бірімізге жәрдем беруіміз керек. Елде бастайтын біреу болады, қалғаны тіреу болады.

Бүгінгі Президенттің Үндеуінен біраз адам арқаланып қалды. Енді біз сол Үндеумен үндесуіміз қажет. Қиын-қыстау кезеңде жұдырықтай жұмылып, батыс, шығыс, оңтүстік, солтүстік деп бөлінбей, төртеу түгел, алтау ала болмай, барлығымыз біріккен уақытта осыны жеңіп шығамыз. Қазір бүкіл атқамінер жарғақ құлағы жастыққа тимей, түн ұйқысын төрт бөліп осыған қызмет жасап жатыр. Үлкен алапат жамандықтар батпандап келіп, мысқылдап шығады. Барлық кемшіліктің орны толып, оралып жақсы болады деп сенеміз.



**Байғали ЕСЕНӘЛИЕВ,**
**актер, драматург, композитор:**

### Біздің қолымыздан келері рухани көмек

Еліміздің басына күн түскен уақытта сабыр, ынтымақ пен бірлікте болуды сіздерден өтінемін. Халқымыз талай қиын кезеңдерді бастан өткізген. Барлығында да жеңіп шыққан.

Әрине, Қазақстан Үкіметі, билік зардап шеккен халыққа көмек қолын ұсынып жатыр. Біздің қолымыздан келері рухани көмек. Бір-бірімізге рухани демеу жасап, бірлігіміз бекем болғаны абзалы. Іріткі салатын адамдардың сөзіне ермеуге шақырамын. Ел бірлігімен ғана ел болады. Біздің алатын асуымыз әлі алда. Қандай қиындықтар болса да, бірге жеңейік, бірге болайық, құрметті елім. Құр сөзбен орақ ормай, қолдан келген көмегін көрсетіп жатырмыз. Гуманитарлық көмек те жеткізіліп жатыр. Егер бұндай көмекті көрсете алмасақ, бір-бірімізге жылы сөздерімізбен жылу сыйласақ деймін.



**Бекнұр КИСИКОВ,**
**Алматы қаласы Қоғамдық кеңесінің мүшесі:**

### Ешкім де көмексіз қалмайды

Су дағдарысы Қазақстанда бұрын да болған. Бірақ дәл осындай ауқымда болғаны – менің есімде жоқ. Осы кезде біз халық болып өз көмегімізді беруге тырысып жатырмыз. Мысалы, Қоғамдық кеңес болып қаражат жинап, қайық, резеңке етік сынды керек-жарақтар жібердік. Біз халықпен біргеміз. Президент Үндеуінде айтты – бәріне көмек беріледі. Ешкім жәрдемсіз қалмайды. Бәрінің мәселесі шешіледі. Әлбетте ол қиын, әлбетте оңай емес. Бірақ Құдай қаласа бұл жағдайдан да өтеміз.



**Мақсат ЖАҚАУ,**
**саясаттанушы:**

### Азаматтық жауапкершілікті таныту маңызды

Су тасқыны айтып келмейтін табиғи апаттарға жатады. Адамның қолынан жасалған дүние деп айту шындыққа жанаспайды. Ең алдымен ескеретіні, апат кезінде адам шығыны болмады. Біз осы үшін шүкіршілік етуіміз керек. Қазіргі уақытта мемлекет өзінің мемлекеттік міндетін толық атқарып жатыр. Үкімет басшыларынан бастап барлығы соның басында жүр. Мемлекет басшысы арнайы Үндеу жасап, жұмыс тобын құрды. Расымен, азаматтарымыз үйінен, шаруашылығынан айырылды. Осы кезде халқымыз бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығарып өз көмектерін беріп жатыр. Бұл қазақтың табиғатында бар қасиет. Оған қоса, бұл азаматтық қоғамның азаматтық жауапкершілігіндегі дүние. Мемлекетіміздің халқы бар, халқымыздың мемлекеті бар. Осындай тандемде кез келген табиғи апатты еңсере аламыз.



**Мұратхан ШОҚАН,**
**ақын, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі:**

### Қара суға халықтың бірлігімен қарсы тұру керек

Апат айтып келмейді. Елімізде болып жатқан жағдай өте өкінішті. Тасқын су халықтың жігерін жасытпай, халықтың жігерін тасытса деп ойлаймын. Себебі, су қайдан бастау алса да, бір қасиеті бірігіп алады. Бұл су бірлігін көрсетіп жатыр. Бізде қазақ халқының бірлігін көрсетіп, қара суға халықтың бірлігімен қарсы тұру керек. Халқымызда «Малым – жанымның садағасы, жаным – арымның садағасы» деген тамаша ғибратты сөздер бар. Сондықтан мал табылар, жанымыз аман болсыншы. Ең бастысы, ұлт ретінде жігерімізді жасытпайық. Арымызды барлық дүниеден биік қояйық. Бірлігімізді сақтап, осы апаттан аман шығамыз деген ойдамыз. Президенттің Үндеуінде айтылғандай халыққа мемлекеттен көмек көрсетіліп, бұл апатты да жеңіп шығамыз.



**Елдос ҚАНАЕВ,**
**әнші:**

### Біз халықпен біргеміз!

Еліміздің біраз өңіріндегі су тасқыны баршаны алаңдатып отыр. Мемлекет басшысы бүгінгі Үндеуінде атқарушы органдар жіберген олқылықтарды түзеу үшін шұғыл түрде нақты тапсырмалар берілгенін және барлық қажетті шаралар қабылданып жатқанын айтты. Қарғын су тұрғын үйлерді басып, жолдарды шайып, мыңдаған мал қорада қалып, суға тұншығып мерт болып, тұрғындар шұғыл түрде эвакуацияланып жатыр. АЛЛА сабыр берсін. Құранда «әр қиындықтың соңында бір жеңілдік келеді» делінген еді. Сол үшін бұның артында да бір жақсылық болады. Біз халықпен біргеміз. Бұндай жағдайда сабырлық жеңеді. Сол себептен, ел болып бірігіп, бірлігімізді арттырсақ.

**Әзірлеген Досбол АТАЖАН.**

## «АҚШАМ-АҚПАРАТ» ХАБАРЛАЙДЫ:

***• Мемлекет басшысы Ақмола, Ақтөбе, Қостанай және Солтүстік Қазақстан облыстарының әкімдерімен телефон арқылы сөйлесті.***

Аталған облыстардың әкімдері Қасым-Жомарт Тоқаевқа өңірлердегі ахуал жайында, табиғи апатпен күресу және су тасқынының зардаптарын жою үшін қабылданған шаралар жөнінде есеп берді.Аймақ басшыларының айтуынша, жалпы жағдай жіті бақылауда, табиғи апатпен күресу үшін адам күші де, техника да жеткілікті. Президент тапсырмасымен Республикалық штабқа жетекшілік ететін Премьер-министр Олжас Бектенов бастаған Үкімет мүшелері су тасқынынан зардап шеккен аймақтарға жіберілген болатын. Азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, олардың керек-жарағын шешу бағытында ауқымды жұмыс атқарылып жатыр.

***• Президент облыстар мен қалалардың әкімдеріне аумақтарды абаттандыру, көгалдандыру жөнінде бірқатар тапсырма берді.***

Су тасқынына ұшырамаған облыстар мен қалалардың әкімдеріне көшелерді тазарту, көгалдандыру және елдімекендердің аумақтарын абаттандыру науқанын бастау тапсырылды. Сонымен қатар, жолдарды ретке келтіру міндеті жүктелді. Бұл жұмыстарға тұрғындар мен еріктілерді тұрақты түрде тарту маңызды екені айтылды. Елдімекендер мен қоғамдық демалыс орындарын күтіп-баптау әкімдер қызметін бағалаудың тағы бір өлшемі болмақ. Мемлекет басшысы тұжырымдағандай, жалпы, өңірлер басшылары қалаларды лайықты және тартымды жағдайда ұстау мәдениетін енгізуі керек.

***• Қасым-Жомарт Тоқаев Өнеркәсіп және құрылыс министрі Қанат Шарлапаевты қабылдады.***

Министр өнеркәсіптік даму, геология, жер қойнауын пайдалану және құрылыс салаларындағы жұмыстың нәтижесі мен алдағы кезеңге арналған жоспарлар жөнінде баяндады. Қасым-Жомарт Тоқаев апаттан қираған тұрғын үйлерді тез арада қалпына келтіруді тапсырды.

***• Республикалық ақпараттық штабта өткен брифингте су тасқыны жағдайы бойынша жедел ақпарат ұсынылды. Жедел штабтар тәулік бойы жұмыс істеуде.***

***(Дереккөздер: akorda.kz).***

ТҰЛҒАТАНУ

# ҒАЛАМ ТАНЫҒАН БАЛУАН



**Қазақтың мықты, білекті, жүректі жігіттері аз болмаған. Ол әрдайым қысылтаяң шақта еліне демеу болған. Сондай ірі тұлғаның бірегейі, даңқты тұлға – Қажымұқан Мұңайтпасұлы. Тарихи деректерге сүйенсек, қазақтың тұңғыш кәсіпқой балуаны 1871 жылы 7 сәуірде дүниеге келген. Ол ХХ ғасырдың басында түркі халықтарының ішінде қазақта ғана болған орасан зор күштің иесі, күрестің бірнеше түрін меңгерген әлем чемпионы.**

Ақын Қадыр Мырза-Әлі айтпақшы: «Біз – тарихы қалың елміз». Расында солай. Аты жер жарған азаматтарымыз көп. Қай дәуірде болмасын олар ел-жұртына бар жақсылығын жасаған.

Осы уақытқа дейін Қажымұқан бабамыздың күрескер балуан екенін білеміз. Арысы мұхиттың арғы жағы, кәрі құрлық Еуропа, спорттың небір түрі дамыған Шығыс Азияны аралап айрықша өнер көрсеткендігін білеміз. Ол Екінші дүниежүзілік соғыста өз қаржысына кеңес әскеріне көмекке арнайы жойғыш ұшақ сатып алып берген көрінеді. Сондай-ақ, діндарлықты да ұстанған деседі. Шынында, бұрынғының нағыз батыры десек те артық емес-ті.

Оған халықтың сүйіспеншілігі мол. Атақты балуан әрі әнші-композитор Иман Жүсіппен бірге өнер көрсетіп, талайды тамсандырған екен дейді. Жалпы қандай мықты болса да, қазақылық кейпінен еш танбаған, өзге елдерге көшіп кетуге мүмкіндігі болса да, көшпеген біртуар атамыз саналады.

Өскелең ұрпақ өз ата-бабаларымыздың ерлік істерін ұмытпай, ұрпақ жадында жаңғыртқан абзал.

**Олжас ЖОЛДЫБАЙ.**

САРАПТАМА

# ЖАҺАНДЫҚ ЖЫЛЫНУ

## саяси қауіпсіздік мәселесіне айналды



(Дереккөз: national-geographic.com)

**Жаһандық жылыну, экологиялық дағдарыс мәселелері XXI ғасырда адамзат үшін негізгі қатерге айналды. Халықаралық ұйымдар шеңберінде дабыл қағылып, ортақ жаһандық жобаларды бірлесіп жүзеге асыруға күш салынуда. Аталмыш мәселе елімізді де айналып өтпеді. Сәуір айы келгелі еліміздің батыс, солтүстік облыстарында күннің күрт жылынуы себепті су тасқыны салдарынан бірнеше елдімекен су құрсауында қалып, мыңдаған азаматтар эвакуацияланды. Бұл оқиға табиғаттың дүлей күшінің алдында адамзаттың шарасыздығын көрсетсе, екіншіден, мемлекет тарапынан жүйелі, қорғаныс, алдын алу жұмыстарын жаңарту қажет екендігінің нақты дәлелі. Алда жаз мезгілі келе жатқандығын ескерсек, аталмыш жағдаят еліміздің басқа аймақтарына сабақ болуы тиіс. Мақаламызда табиғаттың тосын мінезінен келетін қатердің жайы мен жапсарына талдау жасамақпыз.**

**• БҰҰ-ның жаһандық жылынумен күрес бағдарламасы есебінше, елімізде орташа жылдық температура 2030 жылға қарай 2 градусқа, 2050 жылға қарай 3 градусқа көтеріледі. Сәйкесінше, мұздық массаның 50%-дан астамы 77 жыл ішінде жойылады деп күтілуде.**

### Транспарентті жүйе құру маңызды

БҰҰ зерттеуі нәтижесіне сәйкес, 1961–1990 жылдармен салыстырғанда, 1991–2020 жылдар аралығында еліміздің климаты бойынша орташа жылдық температура 0,9°С жоғарылады. Температурасы 30–35°С жоғары болатын күндер санының тұрақты өсуі байқалып, 2020 жылы температура рекордтық деңгейге жетіп, климаттық нормадан 1,92°С асып кетті.

Танымымызда табиғаттан келген апатты тілсіз жауға теңеген. Тілсіз жаумен дипломатиялық келісімге келу мүмкін болмағанымен, жүйелі құрылымдық қорғаныс арқылы төтеп беруге толық негіз бар. Елімізде жыл сайын ерте көктемде температураның күрт көтерілуі қардың тез еруіне әкеліп, ағынды су таулардан төмен қарай ағылып, жергілікті елдімекендер мен ауылшаруашылық бағытындағы жайылым жерлерді басу қалыпты құбылысқа айналды. Еліміздің Ақтөбе, Қостанай және Батыс Қазақстан облыстарында қарғын су нәтижесінде аталмыш облыстарда 1405 жеке тұрғын үй, 372 аула, 99 саяжай және 10 ғимарат су астында қалып, 15 000-нан астам тұрғын қауіпсіз жерге эвакуацияланды. Биылғы тасқын ауқымы 1994 жылы орын алған тасқыннан асып, жергілікті халықты әбігерге салды. Мемлекет өзінің әлеуметтік жауапкершілігін толық сезініп, қарғын су тасқыны нәтижесінде келген барлық шығындар Үкімет тарапынан өтелетін болды. Жауапты мекеме мамандарының басты міндеті – орын алған жағдаяттардың салдарын жою емес, келесі жолы қайталанбайтындай етіп транспарентті жүйе құру болу керек.

Соңғы жылдары жер шарында климаттың жаппай жылыну үрдісі анық байқалуда. Климаттық баланс бұзылып, әлемнің бір нүктесінде қар түсіп, аяз орнаса, келесі бір бөлігінде аномалиялық аптап ыстық болып тұр. Нәтижесінде мыңдаған жылдар бойына мұздықты таулар негізінде сақталып келген аймақтар еріп, күрделі мәселелер қалыптасуда.

Жаһандық жылыну ХХ ғасырда экологиялық, климаттық мәселе ретінде қарастырылса, бүгінде саяси қауіпсіздік мәселесіне айналды. Себебі, экологиялық дағдарыс қоғамның барлық саласына тікелей әсер етіп, адамзаттың ортақ үйі болған экожүйеміздегі балансты бұзуда. Мәселенің шығу тегі тереңде. XVIII ғасырдан бастау алған индустриялық революция адамзат санасына табиғатқа, қоршаған ортаға тұтынушылық көзқарасты қалыптастырды. Соңғы төрт ғасыр бойынша экономикалық мүддені жалпы адамзаттық экологиялық мүдделен жоғары қойып келдік. Бүгінде салдарын тұтас жер шары көруде.

Алайда, жаһандық жылынумен күресудің, оның экожүйемізге зардабын төмендетудің жалғыз жолы – халықаралық ұйымдар аясында мемлекеттердің бірлесе жұмыс атқаруы. Бұл тұрғыда БҰҰ аясында бірнеше маңызды жобалар іске асырылуда. Еліміз жаһандық климаттың жылынуымен күрес аясында бірнеше маңызды саяси алаңдарда белсенділік танытып келеді. Баламалы энергия көздерін талқыға салған EXPO–2017 көрмесі 2017-2018 жылдары Қазақстанның БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесінің тұрақты емес мүшесі ретінде Арал теңізі мәселесін халықаралық мінберлерден көтеруі – еліміздің жаһандық дипломатиядағы белсенділігінің айғағы.



(Дереккөз: cnn.com)

### Мәселенің мәні тереңде

Қарғын судан келетін зардаптардан жауапты ведомстволар қажетті сабақ ала алмай келеді. Су тасқынының алдын алуға немесе оны сапалы бөгеттермен ауыздықтауға қауқарсыз. Халықаралық тәжірибеде әрбір мемлекеттің төтенше жағдайларға дайындығы нақты қалыптасқан инфрақұрылымы мен жүйесі арқылы анықталады. Еліміздегі гидротехникалық нысандардың ескіргені айқын.

Мемлекет басшысы, Қасым-Жомарт Тоқаев 2024 жылы жаңадан жасақталған Үкіметтің кеңейтілген отырысында атап өткендей, елімізде су шаруашылығы нысандарының 60 пайызы тозған. Аталмыш саладағы қордаланған мәселені құрылымдық негізде шешу үшін Су ресурстары және ирригация министрлігінің де құрылғандығы сондықтан. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев 2023 жылғы ел халқына Жолдауында «Көктемгі қарғын суды жинау және оны егістікке жеткенше құмға сіңіріп жоғалтып алмау мәселесі шешімін табуға тиіс. Өйткені, оның бәрі – ішкі су қорымыз. Ол үшін 20 жаңа бөген салу, кемінде 15 су қоймасына күрделі жөндеу жүргізу және 3500 шақырымдық каналды жаңғыртып, цифрлық тәсілмен бақылауға алу керек» деп, нақты тапсырма да берген болатын. Мәселе айқын. Соңғы отыз жылда елімізде жүйелі түрде шешімін таппай келе жатқан мәселенің бірденбірі – гидротехникалық базамыздың нашарлығы.

Еліміздің бірқатар өңірлерінде су тасқыны салдарынан қалыптасқан ауыр жағдайға орай Мемлекет басшысы халқымызға Үндеуінде тұжырымдағандай, «осындай қиын-қыстау кезде бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығару айрықша маңызды. Бір ел, бір халық болып жұмылып, бұл апатты еңсереміз. Бұл біздің қолымыздан келеді».



**Нұрболат НЫШАНБАЕВ,**
**сарапшы.**

«ТАЗА ҚАЗАҚСТАН»

# «АЛМАТЫ – БІЗДІҢ ОРТАҚ ҮЙІМІЗ»

## науқаны басталды

**Мегаполисте 8 сәуір мен 8 мамыр аралығында «Алматы – біздің ортақ үйіміз» науқаны өтеді. Қаланың барлық ауданын қамтитын науқанға Алматының әрбір тұрғыны мен қонағы қатыса алады.**

*(Басы 1-бетте)*

### ИГІ ІСТЕРДІ ӨЗІМІЗДЕН БАСТАЙЫҚ

**«Құрметті алматылықтар!**

Ежелден Наурыз жаңару мен жаңғыруды бейнелеген. Бұл – қоршаған орта мен үйлердің айналасын тазартып, ретке келтіретін кезең. Отан сенің үйіңнің табалдырығынан басталады. Ал біз үшін Алматы – ортақ үйіміз. Осынау ару қалада біз өсіп-өндік, ата-аналарымыз осынау киелі мекенде өмір сүруде, балаларымыз саябақтар мен скверлерде асыр салып, серуендеуде.

Бүгіннен бастап бір ай бойы біз «Алматы – біздің ортақ үйіміз» науқанын бастаймыз және өткіземіз. Мақсат – біздің сүйікті қаламыз одан да жақсы және әдемі болуы үшін барлық ниеттес тұрғындарды біріктіру. Бұл тек тазалық пен тәртіпке ғана емес, сонымен бірге өзіміз бірге жасаған құндылықтарға ұқыпты қарауға да қатысты.

Үлкен істер кішіден басталады. Ұлы Абай айтқандай, «Өзін тәрбиелей білмеген, өзгеге өнеге көрсете алмайды». Сондықтан игі істерді өзімізден, үйімізден, ауламыздан бастайық. Алматылықтар үнемі өз қаласына ерекше құрметпен қарау арқылы ерекшеленеді. Әрине, мен әркімнің жеке істері бар екенін түсінемін, бірақ қаламыз біреу әрі бәрімізге ортақ.

Менің тапсырмам бойынша барлық қалалық коммуналдық қызметтер, аудан әкімдіктері алдағы науқанға белсенді қатысады. Барлық іс-шаралар қала атынан қажетті ресурстармен қамтамасыз етілген.

Осы алдағы апталарда ниеттес азаматтардың барлығын біздің ортақ іс-шараларымызға қосылуға, өз аулаларын, көшелерін абаттандыруға және тазартуға, экоакцияларға қатысуға шақырамын. Алматының бизнесі де қаланың дамуы мен өркендеуіне зор үлес қосатынына сенімдімін.

**Құрметті қала тұрғындары!**

Мемлекет басшысы Алматы еліміздің ең мәдени және таза қаласы болуы тиіс деп есептейді! Мен сүйікті қаламыздың ең жақсы және әдемі мәртебесін растай алатынымызға бәріміз бірігіп күш-жігерімізді жұмсайтынымызға сенімдімін!», – деді Алматы қаласының әкімі Е.Досаев.

Басты мақсаты – қалалық инфрақұрылымға ұқыпты қарау құндылығын қалыптастыру, халық арасында жоғары азаматтық жауапкершілік пен экологиялық мәдениетті тәрбиелеу, жеке экологиялық бастамаларды қолдау мен іске асыруға жағдай жасау.

### НАУҚАН 4 НЕГІЗГІ КЕЗЕҢГЕ БӨЛІНГЕН:

**1. «Біздің қала – біздің көшелер» (8–14 сәуір)** – қалалық инфрақұрылымды: жолды, жерүсті және жерасты жаяу жүргіншілер өткелдерін, аялдама кешендерін, бағдаршамдарды, жарық беру құралдарын, белгілерді, туристік тотемдерді, қоғамдық дәретханаларды тазалау және ретке келтіру апталығы. Дезинфекция және дезинсекция жүргізе отырып, люктер ауыстырылады, қоқыс жәшіктері жөнделеді.

**2. «Біздің қала – біздің аула, біздің үй» (15–21 сәуір):** көшет отырғызу апталығы. Аулалар мен ойын алаңдары жөнделіп, ретке келтіріледі. Аулалар мен есік алдындағы шағын бақты көгалдандырғысы келетіндерге көшет, жеке үйлердің қоршауын сырлағысы келетіндерге бояу беріледі. Осы кезеңде түрлі шығармашылық әрі экологиялық іс-шаралар басталады. «Жас жұбайлар» креативті экохабы мен аллея ашу, «Эко-марафон» плоггингі, дәмханалар мен мейрамханаларда тамақ қалдықтарын жинау жобасы; «Таза ойындар» акциясы, «Мерзімі өткен дәрі-дәрмекті өткізіңіз – табиғатты сақтаңыз»; «Үздік аула», «Үздік шағын бақ», «Коммуналдық қызметтің үздік қызметкері» байқаулары, «Жасыл планета – біздің ортақ үйіміз» мектеп суреттері байқауы және т.б. 20 сәуір күні жалпықалалық сенбілік жоспарланған.

**3. «Біздің қала – біздің тау, өзен мен көлдер» (22–28 сәуір):** жағалаулар мен су айдындарын, саябақтарды, скверлер мен тау бөктерін тазалау апталығы.

**4. «Біздің қала – біздің мақтаныш» (29 сәуір – 8 мамыр):** ескерткіштер мен мәдениет нысандарды тазалау апталығы. Соңғы аптада қаладағы субұрқақтар іске қосылып, науқанға белсенді түрде қатысқан тұрғындар сыйлықтармен марапатталады.

Айта кеткен жөн, науқан қорытындысы бойынша 1765 аялдама павильоны, 480 бағдаршам нысаны, 56 жерасты және 78 жерүсті өткелі, 1500 қоқыс алаңы, 24747 қоқыс жәшігі, 15454 орындық, 161 ескерткіш жуылып, жөндеуден өтеді. Қаланың коммуналдық қызметі 153 саябақ пен скверді, 1349 км арық желісін, 4468 км көше мен тротуарды, 235 люкті тазалайды. Науқан аясында 3420 жарық нүктесі, 650 белгі жаңартылып, 20 мыңнан астам ағаш пен бұта отырғызылады. 1 мамырда қалада 65 субұрқақ іске қосылады.

**Әзірлеген
Қ.ЖҰМАДІЛОВА.**

ҚАЛАЛЫҚТАР ҚАПЕРІНЕ!

**«Алматы – біздің ортақ үйіміз» экологиялық науқанын өткізу форматы, қатысу шарты, мекенжайы және байланыс нөмірі туралы қосымша ақпарат almaty.kz сайтында және Алматы әкімдігінің әлеуметтік желілердегі парақшасында жарияланады. Сондай-ақ, веб-сайтқа жақында бүкіл қалаға ілінетін баннер, постер және афишадағы арнайы QR-код арқылы кіруге болады.**

**Науқанның белсенді қатысушыларына арналған әлеуметтік желідегі хэштегтер: #АлматыНашОбщийДом, #НасМногоГородОдин, #АлматыБіздіңОртақҮйіміз, #БізКөппізҚалажалғыз.**

НАУҚАН

# ТАЗАЛЫҚТЫ ӨЗІМІЗДЕН БАСТАЙЫҚ!

**8 сәуір күні Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен бүкіл республика бойынша «Таза Қазақстан» жобасы басталды. Науқан бес аптаға созылады. Республикалық акцияда белгіленген әр апталық мегаполисте «Алматы – ортақ үйіміз» науқанында жоспарланған жұмыстармен қамтылады.**

**Досбол
АТАЖАН**


*Суретті түсірген Самат ҚҰСАЙЫНОВ.*

Республикалық акция аясында Алматының 8 ауданында ауқымды тазалау жұмыстары басталды. Алатау, Алмалы, Әуезов, Түрксіб, Жетісу аудандарында техника және коммуналдық қызметкерлер көмегімен жолдар мен тротуарлар тазаланып, аялдамалар, қоқыс жәшіктері мен орындықтар боялып жатыр. Сондай-ақ, Әуезов ауданында қоқыс контейнерлерінің аумақтары дезинфекцияланып, тіректер мен контейнерлер боялды. Кеміргіштерге қарсы дератизация жұмыстары жүргізілді. Медеу ауданында тротуарларды жөндеу әрі қалпына келтіру жұмыстары, ал Наурызбай ауданында сенбілік ұйымдастырылды. Бостандық ауданында ағаштарды санитарлық кесу жұмыстары жүргізілуде.

*– Алматыда «Таза Қазақстан» экологиялық акциясы аясында қаланың барлық аудандарында тазалау жұмыстары жүргізіліп жатыр. «Жетісу-2» ықшамауданында көшелерді техника көмегімен тазалау, қоқыс контейнерлері орналасқан алаңдарды тазалау және дезинфекциялау жұмыстары ұйымдастырылды. Сонымен қатар, Саин мен Өтеген батыр аралығындағы Қабдолов көшесінің бойында аялдамалар тазаланып, боялды. Жасыл желектер суарылып, арықтар мен жасыл аймақ тырмаланып, тазаланды,* – деді Әуезов ауданы әкімдігінің Көріктендіру бөлімінің бас маманы Ертай Құрманғалиев.

Республикалық науқан мақсаты тек қала аумағы тазалаумен шектелмейді. Акция тұрғындар арасында қоғамдық жауапкершілік пен ортақ мәдениетті тәрбиелеуге бағытталған.

*– Туған жерге деген сүйіспеншілік табиғатты сүюден басталады. Біз ортақ үйіміздің әдемі келбетін лайықты түрде сақтау үшін қаламызға тәртіп пен тазалық мәдениетін сіңіргіміз келеді. Сүйікті қаламызда жайлы өмір сүру үшін аулаларды, көшелер мен аялдамаларды таза ұстауымыз қажет. Адамдар көп болғанымен, шаһарымыз біреу. Сондықтан айналамызға махаббатпен қарайық,* – деді Алатау ауданы әкімдігінің Көріктендіру бөлімінің бас маманы Талғат Оразымбетұлы.

НАУҚАН


*Суретті түсірген Самат ҚҰСАЙЫНОВ.*

# 100-ГЕ ЖУЫҚ АҒАШ КӨШЕТІ ОТЫРҒЫЗЫЛДЫ

**Алматы қаласы Түрксіб ауданының Aspan паркінде ағаштар отырғызу бойынша символикалық мәні бар іс-шара аясында V TURAQTY JOL Ұлттық әлеуметтік эконауқаны іске қосылды. Turaqty jol – мәдени-адамгершілік және экологиялық құндылықтарды бойына сіңіріп, өскелең ұрпақты туған жерге деген сүйіспеншілігін оятатын баянды бастама.**

**Олжас
ЖОЛДЫБАЙ**

Сонымен, Алматы қаласы тұрғындарын жұмылдырып отырған іс-шараның мақсаты да зор. Ең алдымен тұрақты дамуды ілгерілетуге жәрдемдесу, әрі жас ұрпақтың экологиялық санасын арттырып, қоршаған ортаға пайда әкелу. Алматы қаласы Түрксіб ауданының әкімдігімен бірлесіп ұйымдастырылған іс-шара аясында 100-ге жуық ағаш көшеті отырғызылды.

Аталмыш акция аясында Республикалық экологиялық идеялар мен жобалардың фестивалі де басталып, оған 16 мен 35 жас аралығындағы жас экологиялық белсенділер жұмылдырылды.

*«Turaqty jol жобасы экологиялық таза ортаны құруға және оны болашақ ұрпақ үшін сақтауға бағытталған бірегей бастама. Осы ретте біз де өз тарапымыздан өскелең ұрпақтың жадына экосананы сіңіргіміз келеді»,* – дейді ұйымдастырушы Айсана Мирам.

АБАТТАНДЫРУ

# ОЙЫН АЛАҢДАРЫН БОЯП БЕРДІ

**Алмалы ауданы коммуналдық орталығының белсенді жастары «Алматы – біздің ортақ үйіміз» акциясы аясында «Әлеуметтік шеберхана» акциясын өткізді.**

**Ернұр
РЫСБАЙ**

Акцияның негізгі мақсаты – қарттар үйлері, балалар үйлері, үйсіздерге көмек көрсету орталықтары және басқа да осындай ұйымдар сияқты әлеуметтік мекемелердегі жағдайды жақсартуға жәрдемдесу.

Науқан аясында Алматы қаласының белсенді жастары аумақты тазартуға, балалар үйінің орындықтары мен ойын алаңын бояуға көмектесті.

Естеріңізге сала кетейік, 8 сәуірден бастап мегаполисте «Алматы – біздің ортақ үйіміз» науқаны басталды. Әрбір тұрғын қаланың дамуы мен абаттандырылуына өз үлесін қоса алады.

Барлық ақпарат almaty.kz сайтында, Алматы әкімдігінің әлеуметтік желілерінде орналасқан. Сондай-ақ, веб-сайтқа арнайы QR-код арқылы қала бойынша орналастырылған баннерлерде, плакаттарда және афишаларда кіруге болады.



ЖҰМЫС КЕҢЕСІ

# ЖЫЛЫТУ МАУСЫМЫ АЯҚТАЛАДЫ

## Алматыда 15 сәуірден бастап жылу беру кезең-кезеңімен өшіріледі

**Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаевтың төрағалығымен қалада жылыту маусымының аяқталуы, сондай-ақ алдағы 2024-2025 жылдардағы жылыту маусымына дайындықты бастау мәселесіне арналған жұмыс кеңесі өтті.**



Кеңес барысында Энергетика және сумен жабдықтау басқармасының, «Алматы жылу желілері», «Алматытеплокоммунэнерго», «Алматы электр станциялары», «Алатау Жарық Компаниясы», «Алматы Су», Алматы филиалы «ҚазТрансГаз Аймақтың» Алматы филиалы басшыларының ағымдағы жағдай туралы баяндамалары тыңдалды.

Энергетика және сумен жабдықтау басқармасының басшысы Талғат Малыбаевтың ақпараты бойынша, Алматыда белгіленген сыртқы ауаның орташа тәуліктік температурасының +8⁰ және одан жоғары болуына байланысты жылыту маусымын дайындау және өткізу қағидаларына сәйкес, гидрометеорологиялық қызмет күнтізбелік бес күн ішінде тіркеген. Сондықтан 2023-2024 жылдары жылыту маусымын аяқтау туралы шешім қабылданды.

Айта кетейік, әлеуметтік нысандар мен қала тұрғындарының үйлерінде жылу кезең-кезеңімен өшіріледі. Жылуды өшіру 15 сәуірден басталады. Кеңесте инфрақұрылымның тозуын азайту жөніндегі инвестициялық бағдарламаның маңыздылығы атап өтілді. 2023 жылы жылу желілерінің тозуы жоспарланған 0,6% орнына 1,3%-ға қысқарды.

Мәселен, ағымдағы жылдың басында 25 жылдан астам уақыт бойы пайдаланылып келе жатқан тозған желілердің ұзындығы желілердің барлық ұзындығынан 802,6 км немесе 57,9% құрайды. Биылғы жылы 20 км жылу желілері қайта жаңартылады. Бұл тозуды 1,8%-ға төмендетуге мүмкіндік береді. 2023 жылы жылыту маусымына дайындық аясында Алматы қаласының табиғи монополиялар субъектілерінің инвестициялық бағдарламасы бойынша («АлТС» ЖШС, «Алматы Су» МКК, «АТЭС» ЖШС) және жергілікті бюджет есебінен 30 млрд теңге іске асырылды. Ағымдағы жылы 2024-2025 ж.ж. жылыту маусымына дайындыққа 35 млрд теңге бөлінді, 2025 жылы қосымша 32 млрд теңге бөлу жоспарлануда.

Алматы қаласының әкімі алдағы жылыту маусымына дайындық кезінде осы бағыттағы жұмысты күшейтуді, сондай-ақ коммуналдық қызметтердің, екі бөлімшенің–энергетика және сумен жабдықтау басқармасы мен қалалық Мобильділік басқармасының жолдарды жөндеумен байланысты жұмыстарды жүргізу регламенттерін синхрондауды тапсырды.

КЕРЕК ДЕРЕК

**● Алматыда барлығы 214 мектеп, 190 балабақша, 128 аурухана және 8836 көппәтерлі тұрғын үй орталық жылытуға қосылған.**

БРИФИНГ

# 3 МЫҢНАН АСТАМ АЛМАТЫЛЫҚ

## «Отау» бағдарламасына қатысуға өтінім берді

**Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында өткен брифингте Алматы қаласы «Отбасы банк» АҚ филиалының директоры Данагүл Түсіпова «Отау» жаңа тұрғын үй бағдарламасы туралы баяндады. Спикердің айтуынша, елімізде «Отау» бағдарламасы бойынша 15 мың өтінім сәтті қабылданған.**






*Суретті түсірген Самат ҚҰСАЙЫНОВ.*

2024 жылдың 1 наурызынан бастап іске қосылған аталмыш бағдарлама жұмыс істейтін жастарды, жас отбасыларды және «Отбасы банкі» салымшыларын баспанамен қамтамасыз етуге бағытталған. Өтінімдер Баспана маркет (otbasybank.kz) порталында онлайн қабылданады.

Филиал директорының айтуынша, 2024 жылдың 3 сәуіріндегі жағдай бойынша қабылданған өтінімдердің жалпы саны 20 662-ге жетті. Оның ішінде 15 000-ға жуық өтінім сәтті қабылданса, 5976 өтінім бағдарлама шарттарына сәйкес келмегендіктен өтпеді. Айта кеткен жөн, өтінімдердің 67%-ы 35 жасқа дейінгі банк салымшыларынан қабылданған.

– *Өтінімдердің басым бөлігі алматылықтарға тиесілі (3087 өтінім), Астана тұрғындарынан – 2412, Батыс Қазақстан облысының тұрғындарынан – 1304, Ақтөбе облысының тұрғындарынан – 1196, Шымкент қаласы тұрғындарынан – 940 өтінім қабылданды. Ал Жетісу – 213 өтінім, Түркістан – 178 өтінім, Ұлытау облыстарының тұрғындарынан – 93 өтінім жолданған,* – деп атап өтті Д.Түсіпова.

### Ұпай саны – маңызды

Өтінімдерді қабылдау мерзімі аяқталғаннан кейін тізімді саралау басталады. Яғни қатысушылардың өтінімдері ең көп жиналған ұпайлар саны бойынша бөлінеді:

**– салым бойынша сыйақы мөлшері бойынша – әрбір 1000 теңге үшін 5 балл;**
**– салым мерзімі үшін – депозит қолданылған әрбір жыл үшін 5 балл;**
**– тіркелген неке үшін – 10 балл;**
**– балалар үшін – олардың санына қарамастан 50 балл.**

Егер екі қатысушының балдар саны бірдей болса, онда тізімге енгізудегі басымдық салым сомасы көбірек және жинақтау мерзімі ұзағырақ адамдарға беріледі. Саралаудан кейін клиенттер «Отау» бағдарламасына енгендердің тізімін банк сайтынан көре алады. Оларға кредиттік өтінім беру үшін шамамен 40 жұмыс күні беріледі.

«Отбасы банк» осы уақытқа дейін қолданыстағы тұтынушылық кредиттерін жабуға кеңес береді. Сонда кредитті мақұлдау мүмкіндігі көбірек болады. Төлем қабілеттілігін есептеу кезінде соңғы 6 айдағы ресми табысы ғана емес, сонымен қатар отбасына жұмсалатын міндетті шығындар, сондай-ақ нақты кредиттер бойынша төлемдер ескеріледі. Егер бағдарламаға қатысушы кредит алуға рұқсат алса, онда оның баспана іздеу үшін 6 ай уақыты болады.

Алматыда, Астанада, Шымкентте және облыс орталықтарында тек бастапқы нарықтағы тұрғын үйді, оның ішінде ҚТК кепілдігімен үлестік қатысу шарты бойынша немесе сақтандыру құралын пайдалана отырып сатып алуға болады. Барлық басқа елдімекендерде кез келген тұрғын үйді сатып алуға болады.

### Өз тәртібі бар

Бағдарламаға қатысушы бастапқы нарықтағы тұрғын үйді otbasybank.kz порталынан ғана сатып ала алады. Бұл опция жаңа тұрғын үй бағдарламасының басталуы аясында тұрғын үй бағасының жасанды өсуіне жол бермеуге арналған. Осы платформада орналастырар алдында әрбір нысан тұрғын үйдің ағымдағы нарықтық бағасы негізінде құнын келісу процесінен өтетін болады. Егер ол нарыққа сәйкес келсе, онда құрылыс салушымен 1 шаршы метрге бағаны белгілей отырып, осы тұрғын үйді сату туралы келісім жасалады.

– *Аудан орталықтарында, моноқалаларда және ауылдарда сатып алуға болатын кез келген тұрғын үй алғашқы нарықтан (егер ол елдімекенде болса) және қайталама нарықтан пәтер, сондай-ақ жеке үй сатып алуға болады. Нысандар банктің кепіл саясатына сәйкес келуі керек. Яғни тұрғын үй 1964 жылдан кейін және белгілі бір материалдардан салынуы керек. Мысалы, банк қаңқалы-қамысты құрылыстарды кепіл ретінде қарастырмайды,* – деп түсіндірді спикер.

Алматы мен Астанадағы максималды кредит сомасы – 30 млн теңгеге дейін, қалған өңірлерде – 18 млн теңгеге дейінгі соманы құрайды.

«Отау» бағдарламасы бойынша бір кредит аясында тұрғын үй сатып алу және жөндеу үшін ақша алуға болады. Бірақ кредиттің жалпы сомасы рұқсат етілсе ең жоғарғы сомадан аспауы маңызды – Алматы, Астана қалалары үшін 30 миллион теңгеге дейін және қалған өңірлер үшін 18 миллион теңгеге дейін алуға рұқсат етіледі. Ал жөндеуге арналған қарыз сомасы кредиттің жалпы көлемінің 30%-ынан аспауы тиіс.

«Отау» бағдарламасын іске асырудың барынша ашықтығы үшін оның қатысушыларының тізімі (кредит алушылардың келісімімен) «Отбасы банктің» сайтында жарияланатын болады. Әр адам өтінімдерді іріктеу және балдарды есептеу нәтижелерімен otbasybank.kz порталында таныса алады.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

### «ОТАУ» БАҒДАРЛАМАСЫ БОЙЫНША КРЕДИТ ТАЛАПТАРЫ:

**– бастапқы жарна – 20%-дан бастап;**
**– кредит бойынша мөлшерлеме – 9% (ЖТСМ 9,2%-дан бастап);**
**– кредит мерзімі – 19 жылға дейін.**

### БАҒДАРЛАМАҒА КІМДЕР ҚАТЫСА АЛАДЫ?

***1. «Отбасы банк» салымшылары, оның ішінде тұрғын үй кезегінде тұрған азаматтар;***
***2. «Отбасы банкте» кемінде 18 ай мерзіміндегі депозиті бар адамдар;***
***3. Жинақ шотында өтінім беру сәтінде кемінде 1 млн теңге жинақ сомасы бар адамдар;***
***4. Қатысушының жасы – 18-ден 63 жасты қоса алғанға дейін;***
***5. Бағдарламаға қатысушының және оның отбасы мүшелерінің соңғы 5 жыл ішінде меншігінде жылжымайтын мүлік (пәтер, үй, коммерциялық жылжымайтын мүлік, кез келген нысаналы мақсаттағы жер учаскесі) болмауы тиіс;***
***6. Алматы мен Астанада тұрғын үй сатып алу кезінде осы қалаларда тұрақты тіркеу болуы тиіс.***

**Бетті әзірлеген**
**Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ.**

САРАПТАМА

## Орталық Азияның ортақ міндеті:

# ТҰРАҚТЫЛЫҚ ПЕН ҚАУІПСІЗДІК

**Биыл елімізде Орталық Азия елдерінің консультативтік кеңесі өтеді. Дәстүрге айналып келе жатқан бұл жүздесу алаңының аймақ елдері үшін маңызды мәні бар. Қасым-Жомарт Тоқаевтың жақында Өзбекстанға жасаған жұмыс сапары кезінде аймақтың жаңа міндеттері мен мүмкіндіктері туралы сөз болғаны анық.**

**Бұл күнде АЙМАҚТАҒЫ БЕС ЕЛ БІР ОРТАҚ ГЕОСАЯСИ КЕҢІСТІК ретінде қаралады. Әрі тағдыры, өмір сүру кеңістігі ортақ болғандықтан сын-қатерлерге бірге қарсы тұрып, жағымды жағдайларды ортақ игілікке асыру – уақыттың өзі қойған талап.**

**Дегенмен, аймақ елдерінің интеграциясы қандай сын-қатерлерге төтеп беруі тиіс? Аймақ алдағы уақытта инвестициялық тәуекелдер үшін жағымды болып санала ма? Белсенді сыртқы қарым-қатынастар кезеңінің басталуы аймаққа қандай әсерлерін беруде?**

**Бүгінгі мақаламызда біз міне, осы сұрақтарды қарастыра отырып, аймақтың қауіпсіздігі, тұрақтылығы секілді маңызды мәселелер төңірегінде сөз ететін боламыз.**



### БЕЛСЕНДІ ЖАҢА КЕЗЕҢ АЙМАҚҚА НЕ БЕРЕДІ?

2023 жыл Орталық Азия елдері үшін жаңа бір тарихи кезеңнің бастауы болды. Былтыр аймақ елдерінің тарихында аса белсенді сыртқы қарым-қатынастар жасалды. Сыртқы әлемде ірі ойыншылар ортасындағы текетірес күшейіп тұрғандықтан, аймақ елдері бұрын-соңды болып көрмеген жаңа сынақтарға тұс келді. Орағытпай төтесінен айтқанда, мүдделі тараптар бізге өз позициясын ұсынғысы келді. Жаһандық жаңа тәртіп мәселесінде немесе сауда мен логистикада, тіпті державалар арасындағы бәсекелестік қарым-қатынаста болсын ірі орталықтар аймақты өз мүддесіне бейімдеуге күш салды. Алайда, жылдың толық картинасынан қарасақ, Орта Азияның бес мемлекеті дербес көзқарасын, ең маңыздысы, көпжақты сыртқы саясатын сақтап қалды.

Ең қиын сынақ – Украина дағдарысына қатысты ұстаным мәселесінде тұрды. Былтыр Ресей де, Батыс та аймақ елдерінің бұған қатысты ұстанымына әсер ету үшін екі есе құлшыныс жасады. Ресей өзінің дәстүрлі қарым-қатынасы, экономикалық байланысы мен ортақ ұйымдары арқылы аймақ елдерінің ұстанымын өзіне қолайлы жаққа бұруға пайдаланды. Ал Батыс елдері Ресейге қарсы қатаң санкция режимін толық қолдауға шақырды. Оған қоса аймаққа бағытталған дипломатиялық алмасулар жиілігін айтарлықтай арттырды. АҚШ президенті Байден, мемлекеттік хатшысы Блинкен, Франция президенті Макрон, Мемлекеттік хатшысы, Еуропалық кеңес төрағасы Мишель, Германия канцлері Шольц және президенті Стейнмейр сынды тұлғалар аймақ елдерінің басшыларымен бірінен кейін бірі кездесті.

Ресей–Батыс арасындағы бұл қатынаста аймақтың ортақ ұстанымын Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың Берлиндегі мәлімдемесі айқын аңғартқандай болды. Онда Мемлекет басшысы «антиресейлік» аймаққа айналмайтынымызды, санкция режимін қолдайтынымызды, бірақ Ресеймен ынтымақтастық қарым-қатынастың жалғасы сақтала беретінін жеткізген еді.

Сыртқы мүдделі тараптардың ұсынған позициясынан гөрі аймақтағы бес елдің өзіндік ортақ мүддесі бар. Яғни ұлттық мүддені қамтамасыз ету, экономикалық тұрақты дамуға қауіп төндірмеу және ішкі тұрақтылықты сақтау. Міне, бұл қарбалас дипломатиялық жылдағы аймақ елдерінің ортақ қорғап қалған ұстанымы деуге әбден болады.

### СЫН-ҚАТЕРЛЕРМЕН БІРГЕ КЕЛГЕН МҮМКІНДІКТЕР

Сыртқы күш орталықтарының бәсекесі және аймаққа деген ұмтылысы саяси-экономикалық тәукелдерді арттырды. Ортақ көпжақты сыртқы саясат ұстанымына қауіп төндірді. Соған қарамастан экономикалық тұрғыда оң әсерлері де болды. 2023 жылы аймақтың ЖІӨ өсімі болжалды межеден жоғары болды. ЖІӨ ең төмен Қырғызстан мен Тәжікстанның өзінде 6,4 және 6,5% өсім байқалды. Ал Өзбекстанда 5,5%-ға жетті.

Әрине, бұл Ресеймен саудадан түскен табыс, еңбек миграциясының көбеюі, олардың ақша аударымдары секілді факторлардың әсері екені анық. Санкция әсерінде Ресейдегі капиталдар мен компаниялар аймаққа, әсіресе, Қазақстанға қарай ағылды. 2021 жылдан бері елімізде тіркелген ресейлік компаниялар саны екі есеге өскені мәлім. Ресейден аймаққа инвестиция ағыны 2023 жылы тіпті жоғарылады. Қазақстанда 13 миллиард, Өзбекстанда 9,2 миллиард АҚШ долларын құраған.

Алайда, Австралия ұлттық университетінің Орта Азияны зерттеген мамандары бұл сандарды Ресейдің аймақтағы дәстүрлі ықпалының сақталуымен де түсіндіреді. Қалай деген күнде де Батыс пен Ресейдің арасындағы қайшылықтың асқынуы аймақ экономикасына ұдайы тиімді бола бермейді.

Бұған қоса, аймақ өзінің географиялық орналасуы бойынша да маңызды бола түсті. Әсіресе, логистикалық қажеттіліктер үшін Орталық Азия бар тараптың назарын өзіне бұрды. Ресей Еуропада тосқауылға ұшыраған энергетика экспортын біздің аймақ арқылы Үндістанға, ары қарай мұхит елдеріне дейін шығаруды көздеді, Қытай өзінің жаһандық жобасын толық жүзеге асыру үшін Еуропаға дейінгі сауда дәліздерінің бір тармағы ретінде Орта Азияға мән берді. АҚШ, ЕО сынды ірі ойыншылар аймақты ынталандыру үшін тың жобалар ұсынғаны бар. Бірақ мәселе мынада, Батыстық күш орталықтарының аймаққа деген инвестициялық тәуекелі тым төмен.

Айталық, АҚШ аймақ елдерінің экономиканы әртараптандыруын қолдауға бөлген қаржысы небәрі 25 млн доллар, ЕО «Орта дәлізді» дамытуға 10 млрд бөлетінін жеткізді. Бұл олардың бәсекелестері салып жатқан инвестициялар жанында тым мардымсыз. Соған қарап тараптардың тәуекел деңгейін де анықтауға мүмкіндік бар.

### ИНВЕСТИЦИЯ ҮШІН ЖАҒЫМДЫ КЕҢІСТІК

Биыл Орта Азия инвестиция үшін жағымды аймақ ретінде бағалана бастады. Шын мәнінде бұған Қазақстанның көшбасшылық іс-қимылдары көбірек әсер етті. Айталық, жыл басынан бері отандық ірі компанияларымыз шетелдік инвестиция тартуда белсенділік танытуда және Қазақстан бұл бағытта өзінің позициясын нығайтуда. Еурокомиссияның Орта дәлізді қолдау үшін инвестицияға бейімділік танытуы да оң әсер беруде. Ең бастысы, Kaspi.kz және Air Astana сынды компаниялардың халықаралық жария листингтері шетелдік инвестицияны баурауда үлкен рөл атқаруда. Қазақстан мен Өзбекстанда жүзеге асырылып жатқан жаңа реформалар инвестиция ағынын қалыптастырушы күшке айналып келеді. Міне, осыған сәйкес аймақ елдерінің ендігі негізгі ұстанымдары – аймақтың тұрақтылығы мен қауіпсіздігін бекем сақтау болуға тиіс. Әрі бұл биыл елімізде өтетін Орталық Азия елдері консультативтік кеңесінің негізгі тақырыбы болуы мүмкін.



**Естай БОЖАН,**
**сарапшы.**

# ҚАЗАҚ-ӨЗБЕК ТАНДЕМІ

## Орталық Азияны біріктіруші негізгі фактор

*(Басы 1-бетте)*

Қауіпсіз, тұрақты, достық қарым-қатынасты қалыптастыру бағытындағы сыртқы саяси басымдықтар ішінде көрші елдермен шекараны белгілеу мен демаркациялау мәселесі бойынша жетістіктер бар. Мысалы, 2022 жылы желтоқсанда Ташкенттегі Мемлекет басшыларының кездесуінде осы мәселеге нүкте қойылды.

Өзбекстанның даму стратегиясының бір ерекшелігі – ішкі саяси тұрақтылығы сыртқы саяси басымдықтармен бірге жүзеге асады. Мысалы, жоғарыдағы стратегиялық басымдықтар 2022–2026 жылдарға арналған Жаңа Өзбекстанның даму стратегиясында көрініс тапқан. Стратегия жалпы 7 басымдықтан тұрады. Соның ішінде жетіншісі мемлекеттің қорғаныс әлеуеті мен қауіпсіздігін нығайту, сонымен қатар ашық, прагматикалық және белсенді сыртқы саясатты жүзеге асыруды көздейді. Осылайша екі стратегиялық құжаттың қабылдануы 2012 жылдан бергі «бейтараптық» сыртқы саясатын өзгертті.

Стратегияда Өзбекстанның сыртқы саясаттағы негізгі бағыты ретінде Орталық Азия аймағы бекітілген. Көршіміз аймақ елдерімен қауіпсіздік, сауда-экономика, су, энергетика, көлік және мәдени-гуманитарлық салаларда байланыс орнатуды мақсат етіп отыр. Қазақстанның да сыртқы саясаттағы басымдықтарының ішінде Орталық Азия аймағы алдыңғы қатарда тұр. 2020–2030 жылдарға арналған сыртқы саяси тұжырымдамада Қазақстанның аймақтағы көшбасшылық орнын нығайту және ұзақ мерзімді мүдделерін ілгерілету мақсаты қойылған.

### АЙМАҚТЫҢ ҚАУІПСІЗДІГІ МАҢЫЗДЫ БОЛА ТҮСПЕК

Қасым-Жомарт Тоқаев Өзбекстанға жұмыс сапары барысында «қазақ-өзбек тандемі өмірлік қажеттіліктен туғанын және бірге әрі жұмыла әрекет еткенде ғана елдеріміздің орнықты дамуын қамтамасыз етуге болатынын» айтты.

Президент айтып отырған өмірлік қажеттіліктер дегеніміз не? Біздің ойымызша, қазақ-өзбек тандемінің пайда болуына Еуразиядағы геосаяси, геоэкономикалық текетірес те әсер етуде.

2022 жылдан бері әлемдік, аймақтық алпауыт елдер Орталық Азия үшін текетіресті үдете түсті. Әсіресе, ЕО, Қытай, АҚШ және Ресей бұл бағытта бәсекені күшейтті. Аймақ үшін бәсеке ақпараттық-идеологиялық, сауда-экономикалық, инвестиция сияқты салаларда көрініс табуда. Еуразиядағы әскери шиеленіс отқа май құйғандай болып, аймақ елдеріне қауіпсіздік мәселесіне назар аударуына әсер етті.



(Дереккөз: egemen.kz).

Былтыр 14 қыркүйекте Тәжікстан астанасы Душанбеде Орталық Азия мемлекеттері басшыларының V Консультативтік кездесуі өткен еді. Онда Қасым-Жомарт Тоқаев: «Әлемдегі тәртіп тез өзгеріп, біздің өңірдің тұрақтылығын бұзуға талпыныстар жасалып жатқан жағдайда елдеріміздің қауіпсіздік саласындағы өзара іс-қимыл тетіктерін жетілдірудің маңызы арта түсті», – деп мәлімдеген еді.

Осы орайда Президент нақты алдын алу шараларын әзірлеу үшін қауіпсіздік кеңестерінің хатшылары деңгейінде Орталық Азиядағы қауіпсіздік және ынтымақтастық жөніндегі диалогты 2024 жылы Қазақстанда өткізуді ұсынған болатын. Бұдан бөлек, жұмыс сапары аясында биыл елімізде өтетін VI Консультативтік кездесуге дайындық туралы және С5+ форматындағы ықпалдастық перспективалары талқыланды. Бұл алда өтетін аймақ басшыларының кездесуінің маңыздылығын арттырары сөзсіз. Біздің ойымызша, алдымен қауіпсіздік кеңесі хатшылары, одан кейін басшылар кездеседі.

Биылғы аймақ басшыларының кездесуі ерекше өтпек. Кездесуде 22 наурызда Ресейде болған лаңкестік актіден кейінгі аймақтағы қауіпсіздік мәселелері талқылануы мүмкін.



**Пердехан ШӘМШИЕВ,**
**сарапшы.**

СЕМИНАР

# АЛМАТЫНЫҢ ДИЗАЙН-КОДЫ

## Кәсіпкерлер қалалық ортаның болашағын талқылады



*Суретті түсірген Самат ҚҰСАЙЫНОВ.*

**«Алматы бас жоспары» ҒЗИ–де бизнес–қауымдастықтың өкілдерімен қаланың дизайн–коды шеңберінде брендбукты әзірлеу тәсілдеріне ұсыныс жинау орайында жобалық семинар өтті.**

**Айнабай МӘДИ**

Кездесу кезінде Алматы қаласының дизайн-коды жобасының бас сәулетшісі Тахмина Сафоева қатысушыларға ғимараттарға кіреберіс пен маңдайшалардың дизайн нұсқаларын таныстырды.

– Ғимараттардың 1, 2-қабаттарындағы тұрғын үйден өзге мекенжайлардың маңдайшасы мен кез келген басқа сыртқы ақпарат, түс пен әрлеу материалы қасбеттің сәулеттік стиліне сәйкес келуімен бірге, ғимараттың сәулетін қабылдаудың тұтастығын бұзбауы тиіс. Бұл ретте жергілікті жердің сәулеттік ансамблін ұстану қажет, – деп атап өтті әзірлеушілер тобының жетекшісі Тахмина Сафоева.

Мәселен, мынадай орындарда маңдайшаны орналастыруға, яғни тұрғын үйден өзге объектідегі шатыр және қасбеттік қондырғыны қоспағанда, үй-жайға кіреберіс шегінен тысқары жағдайда; электронды табло (шатыр және қасбет қондырғысын қоспағанда) не жүгіртпе жолды пайдалануға; балконның қоршауы мен плитасында, лоджия мен эркерде; сәулет элементі мен ғимараттың келбетін жабуға; терезе жақтауы мен витринада, ойықтың 30%-дан астам ауданын жабуға; қасбеттің бүйір шегінен тыс және қасбет жазықтығынан шығуға; тұрғын үйдің кіреберісінің шегінде; ғимаратты бойлай тік бағытта; кіреберіс саны бойынша бір бірліктен артық мөлшерде жол берілмейді.

Тұсаукесерден кейін кәсіпкерлер брендбуктарға «маңдайша» мен «кіреберіс» бағытында өз ұсынысын білдірді. «Asia beauty» сұлулық салондары желісінің иесі Әсия Әбитаева маңдайшадағы брендбук сыртқы жарнаманы безендіруде бірыңғай стиль қалыптастыратынын атап өтті. «Маңдайша мен кіру тобы үшін түстердің бірыңғай гаммасын жасау, қаріптерді стандарттау каталогын құру қажет деп санаймыз, – деді іскер әйел.

*«Абаттандырудың барлық элементіне «айдентика» мен ұлттық символиканы енгізуді ұсынамыз. Бұл – ұлттық мақтаныш сезімін, Отанымызға деген сүйіспеншілікті нығайтады»,* – деп атап өтті «Космокомес» ЖШС иесі Юрий Бабич.

Жиында туризм саласының өкілдері сыртқы жарнама және маңдайша форматындағы мәселенің саладағы өзектілігі айтылды. Сонымен бірге, биыл оңтүстік астанаға қонақтардың үлкен ағыны күтілуде. Визуалды компонент – қандай болмасын, объектінің тартымдылығының негізгі көрсеткішінің бірі.

– *Туризм саласының өкілі ретінде маңызды мемлекеттік объектілердің кіру тобын тақырыптық түрде безендіруді ұсынамын. Бұл қалаға көрік қосып, оны қонақтарға қызықты етеді,* – деп атап өтті «Evis travel» компаниясының басшысы Светлана Миниханова.

– *Кәсіпкерлер Алматының дизайн-коды аясында брендбукты жасауға қызығушылық танытады. Өйткені, әрбір бизнес-объектідегі маңдайша – танымал болудың маңызды элементі. Маңдайшадан клиенттердің ағыны, сәйкесінше сауданың өсуін қамтамасыз ететін жеке брендтің қалыптасуы, танымалдық басталады. Қызықты ұсыныстарды әзірлеушілер ескерер деген үміттеміз*, – деп жиынды қорытындылады Алматы қаласы Кәсіпкерлер палатасының өкілі Нияз Жалғасұлы.

**КЕРЕК ДЕРЕК**

**• Алматы – елдің сауда және мәдени орталығы. Қалада қызмет көрсету саласы дамыған.**
**• Кәсіпкерлік басқармасының мәліметінше, 2023 жылы ғана Алматыда жұмыс істеп тұрған шағын және орта кәсіпорынның саны 315,2 мыңнан астам субъектіні құрады. Оның көбі сауда, тамақтану мен қызмет көрсету саласында жұмыс істейді.**
**• Қаламыз қарқынды дамып келеді, демек әрбір екінші компанияның өз бренді мен маңдайша жазуы бар.**

ЭКОЛОГИЯ

# ҰҚЫПТЫЛЫҚ МӘДЕНИЕТІ

## Егер экосана жақсы жолға қойылсын десек, балабақша, мектептен бастап жүйелі жұмыстардың ретін қалыптастыру қажет



**Алматы – алып шаһар. Мұнда тіршілік қарбалас. Қу тірліктің соңында жүріп экологиялық ахуалды естен шығарып алатынымыз рас. Десек те, қоршаған ортаға бей–жай кейіп танытпаған жөн. Алматыда бұл бағытта атқарылып жатқан істер де аз емес–ті. Осыған орай, «Greenup.kz» қоғамдық қорының жоба жетекшісі және Алматыдағы «Recycle BIRGE» экологиялық қоғамдық қозғалысының тең құрылтайшысы, эколог–маман Пакизат САЙЛАУБЕКОВАМЕН сұхбаттасқан едік.**



*(Сурет: pionerschool.uoirbitmo.ru)*

**– Алматының экологиялық ахуалын жақсарту жолында қандай қадамдарға барған дұрыс?**

– Ең әуелі қалдықтарды сұрыптай білу керек. Қажет керек-жарақты орнымен тұтыну қажет. Неғұрлым тұрмыс жағдайында әртүрлі заттарды көп тұтынсаңыз, соғұрлым қалдық көп қалады.

Әлемде Zero Waste деген ұғым бар. Қазақшаға аударғанда, заттарды дұрыс тұтыну дегенді білдіреді. Мысалға, керек затымызды ойланып алсақ дейміз. Пластикті көп сатып алмауға тырысайық. Оның орнына экодорбаларды қолданайық. Бұл әрі таза, өңдеуге ыңғайлы болар еді. Салауатты өмір сүру дағдысына осы айтқан ойларымызды қоссақ болады.

Егер экосана жақсы жолға қойылсын десек, балабақша, мектептен бастап жүйелі жұмыстардың ретін қалыптастыру қажет. Одан кейінгі этап жоғары оқу орындарында жүргізілсе дейміз. Сонда ғана белгілі бір нәтижеге қол жеткізе аламыз.

**– Дүние жүзінде қалдықтарды сұрыптау технологиясы бар. Біз қашан сол деңгейге көтерілеміз?**

– Ол жағын уақыт көрсетер. Шетел тәжірибесіне зер салсақ, олар бізден 20–25 жылға алда. Сырт елдерде тек сұрыптап қоймай, жарамсызын жағып жібереді. Осындай тың технологиялық тәсілдер зиянды улы заттардың ауаға тарамауын қамтамасыз етеді. Бізде енді-енді қоқысты өртеу қолға алынып келеді.

Қазақстанда орташа есеппен 15% ғана қоқыс өңделеді. Ал қалған 85% полигонға төгіледі. Бұл мәселені егжей-тегжейлі қарау қажет. Дамыған елдердің озық үлгілері қай уақытта келеді деп қарап отырудан түк шықпайды. Сол себепті де, қоқысты кәдеге жарату үшін сұрыптау әдісін жаппай енгізіп, кез келген жерді шашқандарды заңмен айыппұлға тартса, соның ішінде ең әуелгісі санада мәдени экологиялық өзгеріс жасаса, біраз шаруа түзелетін түрі бар. Егер осы бағытта бар күш-жігерді жұмылдырсақ, 5 жылда таза экологияға қол жеткізе аламыз.

**– Қоқыс полигондарына қатысты ой-пікіріңіз қандай?**

– Әрине, бұл күн тәртібінде тұрған мәселе. Бұл жөнінде әлгінде айтып өттім. Қоқыс алаңқайларында метан газы пайда болады. Ауаға улы заттар бөледі. Қатты ыстықтан шыны ыдыстар айналасындағы қағазды күйдіріп өртеп жіберуі мүмкін.

Өткен 2023 жылы 5550 қоқыс орындары табылды. Оларды қайта қарап, мониторинг жұмыстары жасап жатыр. Құзырлы мекемелер осы қоқыстар бей-жай шашылып жатпас үшін арнайы полигондарға жинап, көмеді. Әзірге бұдан басқа амал болмай тұр. Ол өте кір, тым лас. Ондай қалдықтарды ешкім сатып алмайды. Мамандандырылған компаниялар бұндай қоқыстарды сатып алмайды. Өйткені, соны жуып тазалау көп уақыт пен қаражатты қажет етеді. Сондай-ақ, орасан зор электр қуаты кетеді. Бұл әзірге тиімсіз болғандықтан полигондарға көміліп жатыр. Осындай істердің арқасында әр жерде жатқан қоқыс орындары азайып келеді.

Негізі, көрінген жерге қоқыс тастап, қалдықтарды үйіп төгіп тастамау керек. Мысалы, органикадан тыңайтқыш жасауға болады. Бұны көбісі біле бермейді. Қоқыс атаулы сұрыпталмай, ауладағы қоқыс жәшігіне қалай болса солай тасталады. Жаман истің шығуы – органикалық заттардан. Мүмкіндігінше қоқыс алаңқайларына қолданылған заттарды үйіп-төге бермей, әрбіріміз сұрыптау әдісін үйренсек жақсы болар еді. Сонымен бірге, қоқыс өңдейтін зауыттарды көбірек қолданысқа енгізу керек.

### Сұрыптауды үйренейік

**– Осы салада тың ұсыныстарыңыз бар ма?**

– Біз ауқымды жобаларды қолға алып жатырмыз. Өз тарапымыздан алдымызға қойған үлкен мәселе, ол – қолдану мерзімі өткен дәрілер. Осы сұрақты зерттеген кезде бұндай пункттер тек Елордада ғана бар екен. Ал Алматыға бірізділік қажет. Біз белгілі бір компаниямен келісімге келдік. Осыған дейін жиналған 70 келіге дейінгі жарамсыз дәрілерді арнайы пеште өртейтін болды. Қаламыздағы Астанадағыдай утилизациялық жалғыз бекет 2 жыл бұрын жабылды. Осыны қайта жандандыру проблемасын көтеріп жүрміз. Негізгі бастама – жарамсыз дәрі-дәрмекті утилизацияға жіберетін жұмысты республика көлемінде бастауды көздейміз. Өйткені, әр акцияда біз 4 сағат жұмыс істейміз. Төрт сағатта 70–80 келі дәрі жинаймыз. Арасында таблетка, сироп, капсула – бәрі бар. Ал еліміздегі 20 миллион адамның үйінде қанша дәрі бар екендігін есептей беріңіз!

Мерзімі өтіп, қолданыстан шыққан дәрілерді полигонға тастағанша өртеп жіберсек, экологияға барынша тиімді болмақ. Жерге көміп тасталған дәрілер жерасты суымен сіңіп кетеді. Ал жер астынан шыққан суды адамзат тұтынады, жан-жануар ішеді. Алматыда судың 40%-ын ғана таудан аламыз, қалған 60%-ын жерасты суларынан алып, тартамыз. Енді өзіңіз ойлап қараңыз, қоқыс алаңқайлары төгілген ауданда су бұрғылау станциялары тұрса, соны тұрғындар тұтынса не болады? Бұл нағыз биологиялық айналымға кері әсерін тигізері анық. Мейлінше мұндай олқылық болмағаны абзал.

Көбісі көпқабатты үйде тұрады. Сөйтіп, керексіз шырын, қажетсіз сұйық дәрілерді дәретханаға ағызады. Тіпті, болмаса, қоқыс жәшігіне тастап жатады. Ол қалдықтың барлығы полигон мен қоқыс орындарына төгіледі. Көрдіңіз бе, кілтипан осыда болып тұр ғой.

**Әңгімелескен Олжас ЖОЛДЫБАЙ.**

СӘТІ ТҮСКЕН СҰХБАТ

# ӘУЕ «ДИРИЖЕРІ»

## Аспан бақылаушысы – авиациялық диспетчер әуедегі сапарыңызды қауіпсіз етеді

**Әлеуметтік желідегі парақшасында өзін «әуе жолсерігі» деп таныстырып, авиация туралы көпшілік біле бермейтін тың ақпараттарды жариялап жүрген әуе диспетчері Еркебұланның жазбаларын біраздан бері оқып жүрмін. Авиация – өте қызықты, әрі қиын сала. Оған қатысы бар барлық қызметтің маңызы зор екені де рас. Әуедегі сапарыңызды қауіпсіз ететін мамандардың бірі Еркебұлан ӘЛІБЕКҰЛЫМЕН тілдестік. Ұшақтың ұшып-қонуына қолайлы жағдай жасайтын маман сағат сайын жүздеген адамның тағдырына жауап береді. Оның жұмысында кішкентай қателік үлкен қайғы-қасіретке әкелуі мүмкін. Қырағылықты талап ететін ерекше сала сізге де қызық болар?! Азаматтық авиацияның беймәлім жұмбағы мен әуе кемесінің қозғалысын бақылайтын диспетчердің жұмысы туралы сұхбатымызды оқи отырыңыз.**



### ЕҢ ҚАУІПСІЗ ТРАНСПОРТ

**– Жерде отырып, әуедегі бір емес, бірнеше ұшақтың бағытын бақылап, ұшқыштармен байланыс орнату – оңай жұмыс емес. Алдымен, қызметіңіз туралы толығырақ айтып берсеңіз. Әуе қозғалысының диспетчері деген кім, ол қандай міндеттерді атқарады? Әуе қозғалысын қалай басқарады?**

– Сіз білесіз бе, дәл қазір әлем бойынша әуеде 10 мыңдай ұшақ ұшып барады. Әуе диспетчерінің ең негізгі міндеті – сол ұшақтардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету. Яғни екі ұшқыш бірігіп, бір ұшақты басқарса, жалғыз диспетчер бір сәтте 40-қа жуық ұшақты басқаруы мүмкін. Ойлаңызшы, оның әрқайсысында жүздеген жолаушы бар. Бірақ әрдайым осындай интенсивтілік бола бермейді. Диспетчердің жұмысы бір қарағанда, компьютерлік ойынға ұқсайды. Экрандағы нүктелердің соғысып қалмауын қарап отырады. Алайда, бұл ойында қателікке жол жоқ. «Ойынды» жеңіле салып, қайта бастай алмайсың. Мұндай аса маңызды міндетте диспетчерлерге инженерлік құрам ұшақтарды бақылау үшін радарларды орнатып, ұшқыштарға команда беру үшін радио құрылғыларды бермесе, олар «соқыр, мылқау» болып қалар еді.

**– Бізге сұхбат берген ұшқыштардың диспетчерлер дайындайтын флайт-жоспар туралы айтқаны бар еді. Әуе көлігінің сәтті ұшып-қонуында бұл құжаттың айтарлықтай маңызы болып тұр ғой, демек?**

– Диспетчерлердің үш түрі болады. Әуе компанияның жеке диспетчері, әуежайда отыратын диспетчер және диспетчерлік мұнарадағы жергілікті диспетчерлер болады. Осылардың ішінде, мен мұнарада отыратын әуе диспетчерімін. Ұшақтарды дәл осы дипетчерлік құрам басқарады. Ал флайт-жоспарды әуе компаниялардың жеке диспетчері дайындайды. Олар тек өздерінің ұшақтарына қатысты жұмыстарды істесе, әуежайдағы диспетчерлер ұшып келген, қонған ұшақтарға қатысты мәліметтерді бақылап отырады. Ал біз ұшқыштармен тікелей байналысқа шығып, әуе көлігін басқарамыз.

Әрине, бұл құжат авиацияда үлкен рөл атқарады. Әуедегі мыңдаған ұшақтың қауіпсіздігін қамтамасыз ететін 4 түрлі қорған бар деп айтар едім. Ең біріншісі – ұшуды жоспарлау кезеңі. Оған ұшу жоспары, яғни флайт-жоспар кіреді. Ол – рейс орындалмас бұрын алдын ала жіберетін маңызды құжат. Қай әуежайдан, қай әуежайға ұшатынын, оның биіктігі, жылдамдығы деген секілді маңызды ақпараттардың барлығы сол құжатта жазылады. Әуежай қызметкерлері мен әуе диспетчерлері алдағы болатын рейстерге дайын болады. Ұшу барысында рейстер жоспарға сәйкес орындалғанын тексеріп отырамыз.

### «ҚИЫНДЫҚТАР ШЫҢДАЙ ТҮСЕДІ»

**– «Диспетчерлер бір уақытта 40-ға жуық ұшақтың бағытын есте сақтап, басқару керек» дедіңіз. Сіз қызмет ететін авиа мекемеде күніне қанша ұшақ ұшып, қонады? Жергілікті диспетчер қанша бағытты бақылайды?**

– Диспетчерлік жұмыс әуежайдың, авиа мекеменің үлкен-кішісіне қарамайтынын айта кетейін. Мен қызмет ететін Тараз қаласындағы авиа мекемеде кешегі ұшу-қонуларды санасам, транзиттік және облыстағы рейстерді қоспағанда, 38 ұшу-қону болған екен. Ал бүгін түске дейін 25 ұшу-қону орындалды.

Біздің әуежайдан күндегісін күнде Алматы, Астана және Атырау бағытына жолаушылар ұшағы ұшады. Онымен қоса, Ресейдің қалаларынан ұшып келіп, біз арқылы шетелге ұшады. Әсіресе, маусымдық кезеңде рейстер саны көбейеді. Одан бөлек, санитарлық рейстер орындалады. Яғни тікұшақтар, әскерилердің ұшақтары, ұшқышсыз басқарылатын ұшақтар ұшады. Еліміздегі қазіргі ахуалға сай, су тасқынын бақылайтын, егістік алқаптары мен ормандарды тексеретін арнайы ұшақтар бар. Сондай-ақ, Алматы қаласындағы Авиациялық академияның студенттері біздің әуежайда оқу, ұшу, қонуды орындайды. Бір уақытта бес ұшаққа дейін ұшып, қонып жатады. Оларға да бағыт-бағдар беруіміз керек.

**– Еліміздің әуе кеңістігімен өтетін транзиттік ұшақтарды бақылау да диспетчерлердің құзырында. Бұрын жоспарланбаған, рұқсаты жоқ рейстер жиі орындалатынын естіп жүрміз. Әуе қозғалысын дайындауда қиындық туғызбай ма? Мұндай жағдайда диспетчер не істейді?**

– Әңгімеміздің басында әр рейстің алдында флайт-жоспар дайындалатынын айттық қой. Алайда, кейде ұшу жоспары жоқ ұшақтар да кездеседі. Мұндай жағдайда әуе диспетчерлері рұқсаты жоқ ұшақты байқаған бойда, сол жерде тоқтауы тиіс. Әрине, әуедегі ұшақтың бірден тоқтауы екіталай. Алдымен шеңбер жасап, сол маңда айналып ұшып тұрады. Содан кейін ұшақ туралы мәліметтерді іздестіріп, жоспарда бар-жоғын анықтауға тырысамыз. Жоспарда жоқ ұшақтарды ұшып келген жағына кері қайтару керек. Егер рұқсаты жоқ ұшақ әуе диспетчерінің командасына бағынбаса, әскерилерге хабар береміз. Әскери ұшақтар дереу әуеге көтеріліп, мән-жайды анықтауға аттанады. Байланыс құралында ақау болуы мүмкін. Әскери ұшақтар жерге қондыруға әрекет жасайды.

### ӘУЕДЕ ДЕ КӨЛІК КЕПТЕЛІСІ БОЛАДЫ

**– Әуе диспетчерлерінің жұмысы ауа райымен тығыз байланысты болады. Әсіресе, бұлтты, тұманды күндері, қолайсыз ауа райында сіздерде қарбалас болатын шығар...**

– Ең жиі кездесетіні – тұман мен жел. Авиацияда ең қолайлы жел – ұшақтың алдынан соғатын жел. Ал артынан, жанынан соғатын жел қауіпті болады. Кейде жанынан соққан желдің әсерінен ұшақ ұшу-қону жолағына қиғаштап, теңселіп келе жатады. Сырттан қарағанда, өте қорқынышты. Тиісті жерге тоқтағанша уайымдап отырамыз. Ал ұшақтағы ұшқыштар мен жолаушылардың сол сәтте қандай жағдайда болатынын ойлай беріңіз. Ұшу жоспары жиі өзгереді. Ұшақ қондыру асқан шеберлікті қажет етеді.

**– Әуедегі ең қауіпті кезең деп нені айтар едіңіз?**

– Жағдайға қарап, әртүрлі кезеңді айтуға болады. Ең қауіпті сәт – қону. Ол кезде ұшқыштарға бір уақытта ұшақтың бірнеше параметрін басқаруға тура келеді. Оған қоса, тұман, жел әсер етеді. Ұшу-қону жолында да кедергілер болуы мүмкін.

Ұшаққа байланысты ең қауіпті жағдай – өрт. Ұшақ бірнеше секундтың ішінде толықтай жанып кетуі мүмкін. Көлік кептелісі әуеде де болады. Бірде-бір ұшақ ұшпайтын кездер де болады. Ондай кезде арқаны кеңге жайып, алаңсыз отырасың. Ал кейде барлығы бірден басталып кетеді. Неше түрлі тікұшақтар, әскери ұшақтар мен тәжірибеден өтіп жүрген болашақ ұшқыштардың ұшағы, жолаушылар көлігі бір сәтте ұшып келеді. Әсіресе, таңғы, кешкі уақытта осындай қарбалас жұмыстар басталып кетеді. Біз тек ұшқыштармен емес, басқа әуежайдағы диспетчерлермен де байланысып, 30–40 абонентпен хабар алмасамыз. Ұшу, әсіресе қону кезінде ұшқыштардың да, диспетчерлердің де негізгі жұмысы басталады.

### ГУДЗОН ОҚИҒАСЫ

**– Ұшқыштар мен қырағы диспетчерлер талай мәрте әуе апаттарының алдын алды. Бір орында тұру, бір жерде айналып ұшу, авиацияның тілімен айтқанда, 360 градустағы бұрылыс, т.б. өзіндік тактикалары бар. Сіз үшін әлемдегі болсын, өзіңіздің тәжірибеңізде болсын, өмірлік сабақ болған апаттың алды алынған оқиға?**

– Бүкіл әлемге сабақ болған Гудзон оқиғасы есіме түсіп отыр. Бұл таңғажайып оқиға 2009 жылы АҚШ-та болған. Ұшақ Нью-Йорк әуежайынан енді ұшып, әуеге көтерілген тұста екі қозағалтқышы бірдей істен шығады. Себебі, ұшаққа қарсы қаздар ұшып, қозғалтқышқа кіріп кетеді. Биіктік өте төмен болғандықтан, әуежайға қайтып қона алмайды. Командир сол маңдағы Гудзон өзеніне қонуға шешім қабылдайды. Ұшақ өзеннің бетіне қонып, барлық жолаушы аман қалады. Апатқа ұшырап, жолаушылар аман қалған оқиға кемде-кем. Сондай-ақ, ұшақты су бетіне қондыру – қауіпті шешімдердің бірі.

**– Қазақстанның авиация тарихында қайғылы оқиғалар да болды. Барар жеріңе тез жететін ұшақпен ұшуды кез келгені қалайды. Бірақ ол үшін ұшқан ұшақ қауіпсіз болуы керек. Тарихтағы ұшақ апаттары қайталанбауы үшін не керек деп ойлайсыз?**

– Иә, біз қаламасақ та, Қазақстанда да, әлемде де әуе апаттары болып тұрады. Мейлінше, қайталанбауы үшін алдымен, авиацияның талаптары орындалуы керек. Заң бекерден-бекер шықпағаны белгілі. Қанмен жазылған заң деп айтуға болады. Тарихтағы түрлі оқиғадан кейін авиациялық заңдар шығып отырған. Кейде барлығы заң мен талаптағыдай бола бермейді. Қауіпсіздікті бірінші орынға қойып, талапқа сай келмейтін әрекет жасауға тура келетін кезеңдер болады. Әлемдік практикада әуе апатының себебін зерттейді. Қайта қайталанбауы үшін әуе компанияларға талапты күшейтеді. Бұл тәжірибені біздің елде де қолдануы керек деп ойлаймын.

### «ҚАРА ЖӘШІКТІҢ» СЫРЫ

**– Авиацияда әуе кемесінің апаттық жағдайға не себепті тап болғанын анықтайтын «қара жәшіктің» диспетчерлерге қатысы бар ма? Яғни көкке көтерілгеннен бастап, жерге қонғанға дейін қара жәшіктегі ақпаратты білу мүмкін бе?**

– Әуе көлігі апаттық жағдайға ұшырап жатса, ең бірінші «қара жәшігін» іздейді. Неге? Себебі, онда ұшақтың бағыты, биіктігі, жылдамдығы, механизмдердің жұмысы, ұшқыштардың бір-бірімен әңгімесі деген секілді 200-ге жуық ақпарат сақталады. Ол ақпарат 6 километр су түбінде де, 1000 градус ыстық пен аса ауыр соққыда да сақталады. «Қара жәшікті» 1939 жылы француздар ойлап тапқан.

Шындығына келер болсақ, біздің «қара жәшік» деп жүргеніміз, қара да емес, жәшік те емес. Оны апат болған жерден тезірек табу үшін көбіне қызғылт сары түске бояйды. Екіншіден, «қара жәшік» пішіні жағынан жәшікке мүлде келмейді. Пішінін шар түрінде жасайды. Оған себеп, дәл осындай пішіндегі дене максималды қысым мен салмаққа төтеп бере алады. Қазіргі заманғы әуе кемелерінің бортында бір емес, екі бірдей «қара жәшік» орналасқан. Онда біздің ұшқыштармен сөйлескен сөзіміз де сақталып тұрады.

**– Әлеуметтік желіде авиациялық блог жүргізуді бертінде ғана бастапсыз.**

– Бұл сала туралы кеш білдім. Басқа оқу оқып, басқа жұмыс істеп жүрсеңіз де, авиа диспетчер бола алатыныңызды айтқым келеді. Бұл жайлы өзім тым кеш білдім. Авиа диспетчер қызметі мен оқу бағдарламалары туралы көбісі білмейді. Авиациялық қазақша блог жүргізуіме осы себеп болды. 2020 жылдан бері авиацияның қыры-сыры туралы, ерекше, қызықты ақпараттарды оқырмандарға ұсынып жүрмін. Жүздеген адамның сұрақтарына жауап беремін. Мұнымен ғана шектеліп қалғым келмейді. Авиацияның қызметтерін үйретіп, оқытатын мектеп ашқым келеді. Бұл кішігірім армандарымның бірі десем болады.

**Сұхбаттасқан
Гүлжанат СЕМБАЕВА.**

### ҚЫЗЫҚ ДЕРЕК

- **Әлемдегі мыңдаған авиа диспетчерге күніне 5 миллионнан аса жолаушы өмірін сеніп тапсырады.**
- **Әуе қозғалысының диспетчерлері кез келген ауа райында күніне 2600 қону және ұшуды орындайды.**
- **Аспанда ұшып бара жатқан ұшақтың артында қалатын ақ жолақтың не екенін білесіз бе? Шын мәнінде, ол – конденсациялық із, яғни су. Ұшқан кезде ұшақтың су буын шығаратын қозғалтқышы іске қосылады. Ұшақтың артында қалатын су буы ұсақ мұз кристалдарына айналады да, ақ бұлт түзеді. Бізге түтін сияқты болып көрінеді.**
- **Бір мезетте әуеде 12 000 ұшаққа дейін болады екен. Қыс мезгілінде азайып, ал жазда саны 16 000-ға дейін жетеді. Абсолюттік рекорд 2018 жылдың шілде айында тіркелген. Ол кезде бір уақытта әуеде 19 000-нан аса ұшақ ұшып, 205 468 рейс орындалған.**
- **Қазақстан әлемнің 27 елімен халықаралық әуе қатынасын орнатқан. Рейстер аптасына 484 рейс жиілігімен 86 бағыт бойынша 4 қазақстандық және 30 шетелдік әуекомпаниясымен жүзеге асырылады.**

ӨМІРДІҢ ӨЗІ



**Ауылдан кетіп, үлкен шаһарға табан тірегенімізге талай жылдың жүзі болды. Жұмысбастылығымызды сылтауратып, ел жаққа баруды да сиреткендейміз. Бәлкім, үлкендердің көзі кеткесін де солай шығар. Дегенмен, «ауылдан адам көшкенмен, адамнан ауыл көшпейтіні» анық. Туған топыраққа деген сағыныштың қашанда жүрек түкпірінде құндақтаулы жататыны сөзсіз.**

# АУЫЛ ТҮТІНІ

## Қойын дәптердегі қоңыр сөз

### КІЛТ

Ағайын кісі көз жұмып, туған жерге жол түскен болатын.

Таңертеңгілік үйге жеті жастағы Үміт келді, інісінің қолын нәзік саусақтарымен қыса ұстап алыпты.

– Сіздердікіне отыра тұрайық деп едік. Папам үйде отырыңдар деп жұмысқа кетті, ал мамам ауруханаға түсіп қалды, түнде «скорыймен» алып кеткен, – деді ол бота көздері мөлдірей.

– Кел, келіңдер, айналайын, шәй іштіңдер ме? Есіктеріңді не істедіңдер, бекіттіңдер ме? – деп бәйек болып жатырмыз.

– Иә, тәте, ағаш-тиек қыстырып кеттім.

Мен қаланың қатаң қағидасымен:

– Ешкім кіріп кетпей ме? – деппін ғой. Себебі, қалада көпқабатты бір үйде тұрып бір-біріне бас сұқпайтын да қазақтар бар. Есігінен сығалап тұрып тілдесетіндер де солар. Ағаш-тиек деген не тәйірі, ниеті бұзық ұры-қарыға ол бұйым болып па?! Сол кеште ағайындас кісі «қонақасыға» шақырып, тайлы-таяғымыз қалмай сонда шығып бара жатыр едік, сыртқы есік шалқасынан ашық қалды.

– Есікті бекітпеуші ме едіңдер? – дедім ағама.

– Кім кіріп кетер дейсің, жүріңдер, шақырған адам күтіп қалар, – деп бізді асықтырды.

Қайдан білейін, қаланың қай үйіне барсаң да қос-қостан салынған темір есік пен шынжыр ілгіштерге үйреніп алған соң айтқаным еді. Осыдан кейін әлі күнге өзгермеген ауылдың көршісіне деген адалдығына, бейтанысқа деген сеніміне тәнті боласың. қай уақытта да тарылмаған қазақи пейілім-ай!

Жуырда TikTok желісінде бір кафеде өтіп жатқан тойдан үзінді жарияланды. Асаба ортаға шыққан кішкентай қызға:

– Тойға кіммен келдің, анаңмен бе? – деді. Баланың тілін қызықтап, жәй сұрай салғаны көрініп тұр. Нағыз қызық сонда басталды.

– Жоқ, мен, мамам, папам, тәтем, інім бар, – деді әлгі балдырған.

– Бәрің осы тойда жүрсіңдер ме? Үйде кім қалды? – деді асаба жігіт.

– Үйде ешкім қалмады.

– Есікті құлыптап кеттіңдер ме, әлде сым темірмен байлап кеттіңдер ме?

– Құлыптап кеттік.

– Кілт қайда?

– Кілт көмір қорада, – дегенде, тойшыл қауым қыран-топан күлкіге көмілді де қалды.

Бала тілі – бал. Ал бала тілінің арғы жағында шынайы шындық, ауыл жұртының қазақ даласындай кең пейілі, аңғалдығы жатыр.

### БІЛМЕЙМІН...

Телефондағы әңгіме:

– Қанат, ауылға неге келмейсің, жазғы демалысың ғой, атқа отырғызамын, зерлі ер-тұрманың қашанда сайлаулы.

– Білмеймін... әкемнен сұрап көрейін...

– Сұрайтын несі бар, бұл әкеңнің туған ауылы ғой. Биыл бізде көк қалың, Шиліден Жадыралар да келейін деп жатыр, бәрің асыр салып ойнайсыңдар, жайлау сондай әдемі!

– Білмеймін... биыл тағы да бәріміз мамамның ауылына баратын шығармыз...

Бұл жердегі әңгіме ауаны «мамаңның не папаңның ауылы» деген емес...

Өкінішке орай, әке-шешесінің көзі кеткелі Қанаттың әкесі кейінгі бес-алты жылда туған ауылына арнайы ат басын бұрмайтын болған, тек той-томалақ, өлім-жітімде ғана төбе көрсетіп, онда да жұмыс деп, ертеңіне ертелетіп асығыс жолға шығып кетеді. Осы қылығына «қарны ашатын» ағасы, яғни қарашаңырақтың иесі Таңат: «Кімге тартқанын білмеймін осы антұрғанның! Қайын жұртынан түсетін пайда көбірек, соған әбден бойалдырған! Тым болмаса да мына балаларды бір-бірінен алыстатпай, туған-туыс, бауыр, «өзім» деген ұғымды ұмытпайтындай үлгі көрсетсе қайтер еді?! Балалары аруақтарға, ата-әженің бейітіне тағзым ету дегенді де білмейді-ау сол!» деп қамықты.

### САМАУРЫН

Таңмен таласа оянып алып, көрпенің астынан сығалап жатушы едім. Апам қашан самаурынға шәй қояды екен деп. Шәйқорлықтан емес, сытыр-сытыр етіп жанған жыңғылдың самаурынның «кернайынан» (мұржасынан) түтін болып шыққан кездегі иісі қатты ұнайтын.

Анам сиырын сауып келіп, керогазға сүтін қойып, сосын самаурынды қамдай бастайтын.

Бала күнімізде той болатын күні көршілерден самаурын жинауға шапқылап кетуші едік. Қаз-қатар тізіліп тұрар оншақты самаурын да тойдың сәні еді. Әр самаурынның құлағында байланған бір-бір шүберек жүруші еді (белгісі).

Кешегі Наурыз тойында інім самаурынға шәй қайнатты. Есіңізде ме, ауылда самаурын қайнату да үлкен мәртебе, жауапты жұмыстың бірі болатын. Ол қызметке бір бозбала арнайы бекітілетін.

Марқұм шешем келініме «апа, мұны қалада қайтеміз, алмай-ақ қояйын» дегеніне қарамай, «жер үйде тұратын болсаңдар, керек болады» деп, осы самаурынды қоярда-қоймай көтертіп жіберген екен. Ызылдай шыққан үні де әуезді, мұрынды қытықтаған түтінінің иісі де ерекше ғой! Жалпы, үлкен кісілер көреген ғой. Бір уақытта жез самаурынды да сағынатынымызды болжай білгені сонда.

Қазір қонақты шәйнектің ішіне шәйді де, сүтті де құя салып, екі-үш адамның алдына бір-бір аққұманнан қойып, күте салатын болғанбыз.

Баяғыда әжелеріміз самаурынның түбінде отырған келіннің қолынан қайтып келе жатқан шәй толы кесесін ауысып кеткен жоқ па деп, бас бармағын малып жіберіп, ішінен жібіген өрігін іздейтін сәттер сізге де таныс шығар.

Иә, самаурынның шәйі де арман болады деп кім ойлаған! Бәлкім, ауылға деген сағыныш бұл!

### ЖҮРЕК

Бәтіш апаның аудан орталығында, ауруханада жатқанына үшінші күн. Ем қабылдамай жатып-ақ «қашан шығады екенмін» деп күн санап саусақтарын бүгіп жүр. Кеше ауылда қара жерден ризығын теріп жеп жүрген еңбеккер баласы келіп кеткен-ді. «Құлыным-ау, доғдырыңмен дұрыстап сөйлесуді ұмытпа, бүгін жақсы сияқтымын, бүйірімнің шаншығаны басылды. Көп жата бермейін. Келін екеуің де даланың шаруасымен жүрсіңдер, тым болмаса сиырын сауып, немерелерімнің ыстық тамағын әзірлеп беруге жарап жүр едім ғой, сөйт, қарғам», – дейді Бәтіш апа.

Бүгін көрші ауылға тұрмысқа шыққан қызы келді. Қолында шағын пакеті бар. «Түсіме кіріпсің, уайымдап, таңмен таласа ерте тұрып шығып кеттім. Ештеңе істеп үлгере алмадым. Дұрыстау көйлегіңді іліп шықпағаның не, апа-ау?», – деп бәйек болып жатыр қызы. «Несіне әуре боласың, жағдайым жақсы. Бәлністің тамағы дұрыс екен. Өткен жолғыдай ұндарың таусылып қалған жоқ па? Сиырларыңның бұзаулағанын естіп, қуанып жатырмын, сарыауыз балапандарыңның несібесі ғой. Жарасжанды неге ерте келмедің, маңдайынан бір иіскеп қуаттанып қалушы едім.

Айтпақшы, кіші ұл мен келін Сәлменнің тойына жиналып жүр дей ме? Сандықтың түбінде көзі бар жалғыз жүзігім жатыр, соны келінге айтшы, тағып барсын. Қолы жылтырап отырсын дегенім ғой. Қанатжан мен Қайратжанға айта бар, әуреленіп келмей-ақ қойсын. Маған алаңдамай шаруаларын тындыра берсін. Мені мұнда жау алмайды. Биыл жерді алғаш рет игеріп жатыр емес пе, соған көбірек көңіл бөлсін, ертең өнімін жейді. Ниеттерінен айналдым! Сәлима кемпірге жапқан наныңнан, сүтіңнен беріп қоюды ұмытпа, қарғам, Алладан қайтады. Жалғыз қалған кейуанаға көрші отырып қарайласпасаң бола ма?!».

Қайран, біздің шешелер!

### ТІЛЕК

Айдын мен Әсемнің отбасынан берекебірліктің қашқанына бірнеше жылдың жүзі болыпты. Түтіні көп ауыл тұрғындары бұл туралы жақсы біледі.

Айдын сымбатты жігіт, костюм-шалбар киіп, галстук тағынып шыққанда сырт көз қызығады, мінсіз деп ойлайды, ал күнде таяқтан көз ашпаса да Әсем оның көйлегінің жағасына кір қонақтатпайды. Бірақ келбеттілігін қайтейін, Айдын салынып ішеді, зайыбын жөнсіз қызғана береді, жиі қол жұмсайды. Қара шайдың өзі ың-шыңсыз отырып ішілмейді. Сөйтіп, алысып жүргенде ұл-қыз да өсті. Бірақ Әсемнің оңбай таяқ жеп босағада жылап отыратын сәттері азайған жоқ.

– Тәте, бізге де келіп кетсеңізші. Наурыз көже пісірдік. Әкем үйде жоқ, іссапарға кеткен. Наурыз көженің дәмін алғаш рет таттым, жақсы тілек тілесең орындалады деп естігенмін. Көжені ішіп тұрып тіледім, әкем ішпесе екен, анам ешқашан жыламаса екен деп. «Сотка» да керек сияқты, құрбыларымның бәрінде ұялы телефон бар, бірақ оны тілеген жоқпын, ата-анам енді ұрсыспай өмір сүрсек екен, маған сол маңызды. Бәлкім, тілегім қабыл болатын шығар, тілегім орындалады ғой, иә, тәте? – деді он үш жастағы Ләззат. Ойлы сөз. Ойлы тілек. Сол сәтте менің ішім қанжылап тұрды. Үлкендер, мына біздер, кейде баланың ішкі дүниесіне үңіле бермейміз ғой.

### ТҰРМЫС

Көзімнің жеткені сол, сананы билеп алған тұрмыс ойын баласының өзіне тән еркіндігін, еркелігін ұрлап алыпты.

Есімде, біздің үйден көршілердің бала-шағасы үзілмейтін. Балаларын нанға, суға жұмсау үшін шарқ ұрып іздеген әке-шеше де біздің қарашаңырақтан табылып жатушы еді.

Шешем шарбаққа қай бала енсе де, қазанға жабылған жаппа нанның шетінен сындырып қолдарына ұстата қоятын. Бүгінде ауыл балалары да үлкендер сияқты өзге үйге ретсіз бас сұқпайтын болған. Әкесі не анасы бір затқа жұмсағанда болмаса. Тіпті, «Асхатқа ойнай ма екен деп келіп едім ғой» деп күмілжіп шарбақ сыртынан басын ғана қылтитып тұрған көршінің Әділбегін көргенде, жанындағы балалармен бірге жарыса анаң берген нанды екі ұртыңа бұралап тыққанда өз үйіңнің дәмі де тым тәтті болып кететін балалығымызды, «өз үйім, өзгенің үйі» деп бөлежаруды білмейтін еркіндігіміз еріксіз еске орала берді.

Бүгінгі балалар ауладан тыс, аулақта ойнайтын болыпты. Біреу біреудің артық жүрісін көтермейтін болған ба.

Қалаға оралар кезде сырқаттанып жатқан көрші келіншектің халін білмекке бардым. Есік көзінде он екідегі Айжаны етегін аппақ ұнға малып, нәп-нәзік екі қолымен қамыр илеп отырды, күші жетпей жатыр, білем. Ал мен оның жасында шешеге қайыру бермей, ойынға тоймаған ерке қыз едім. Әрине, бүгінгі ерте есейген баланы кешегі бізбен салыстыруға келмес. Дегенмен, балалық шақтың өзіне тән өрнегі болса дейсің ғой...

### P.S.

**Ауыл әңгімелерін көңілді нотада тәмамдайыншы.**

**Көршінің төрттегі Айкерімінен:**

**– Райгүл, тәтең қайда? – деп сұрадым. Қалаға барсам деп жүрген, соның жай-жапсарын нақтылауым керек болған-ды.**

**– Түу-у алысқа кетті.**

**– Кіммен? – деп қайыра сұрадым бала тілін қызықтап. Сонда оның ойланбастан:**

**– Өзімен, – дегені. Жалғыз кеткен болды ғой. Бала тілі – ең тәтті тіл!**

**Айтпақшы, ауылды ұмытпайықшы!**

Нұржамал ӘЛІШЕВА,
журналист.



БРИФИНГ

# ӨЗІҢІЗДІ ЕМДЕУМЕН АЙНАЛЫСПАҢЫЗ

## Сізге дәрігер ғана дұрыс кеңес береді

**Егер ЖРВИ белгілері пайда болса, өз-өзіңізді емдеумен айналыспай, дәрігерге жүгіну керек. Бұл туралы Алматы қаласының Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында өткен брифингте №16 емхананың жалпы тәжірибе дәрігерлері бөлімшесінің меңгерушісі Мөлдір Абдуханова айтты.**



Көптеген адам кез келген ауруды «суық тиді» дей салуға дағдыланған және бұл жағдайды қауіпті деп санамайды дейді дәрігер.

*«Шын мәнінде, барлық жедел респираторлық аурулардың ұқсастықтары бар. Бірақ олар әртүрлі вирустар мен бактериялардан туындауы мүмкін, денсаулыққа әртүрлі әсер етуі мүмкін. Сондықтан диагноз қою және дәрігердің бақылауында болу өте маңызды. Біз аурудың табиғатын дәл анықтауға және оны тез емдеуге көмектесеміз»,* – дейді Мөлдір Абдуханова.

Оның айтуынша, тұмау мен ЖРВИ арасындағы басты айырмашылық – себебінде. ЖРВИ қоздырғышы 200-ден астам вирустың кез келгені болуы мүмкін (аденовирустар, парагрипп, риновирустар, коронавирустар және басқалар). Барлық респираторлық вирустар ұқсас белгілерді тудырады және бірдей емдеуді қажет етеді, бірақ ғылыми тұрғыдан ЖРВИ бір ғана ауру емес, ол үлкен топ.

*«Тұмаудың тағы бір жағдайы бар: оны нақты вирус тудырады. Әрине, тұмау вирусы үш түрлі типте болады және үнемі мутацияға ұшырайды, бірақ ғалымдар бұл өзгерістерді үнемі қадағалап отырады және эпидемияның әр маусымына дайындық кезінде ескереді»,* – деп түсіндірді маман.

Жалпы, ЖРВИ мен тұмаудың көрінісі ұқсас: адам өзін қатты тоңып қалғандай сезінеді, оны респираторлық белгілері мазалап, дене қызуы көтеріледі. Бірақ айырмашылық болуы да мүмкін және тұмауға шамалы күдік туындаған кезде дәрігерге уақытында бару маңызды. Мөлдір Әбдіханова тұмаудың алдын алудың ең тиімді құралы вакцина екенін атап өтті. Екпе алдында баланы тексеріп, қарсы көрсетілімдердің жоқтығына көз жеткізу үшін педиатрмен кеңесу керек.

Дәрігер тұмауға қарсы екпенің еш зияны жоқтығын, ол вирус жұқтырғаннан кейінгі асқыну қаупін азайтатынын, аурудың белгілерін жеңілдететінін және бір уақытта тұмаудың бірнеше қауіпті түрлерінен қорғайтынын айтты. Дұрыс тамақтану да, қолды таза ұстау секілді қарапайым ереже де тұмау мен ЖРВИ-ден қорғайтынын ұмытпайық.

КӘСІБИ ШЕБЕРЛІК

# АНА СӘБИІН ҚҰШАҒЫНА АЛДЫ

**Алматылық Александра басы ауырып, қан қысымы көтеріліп, бойын әлсіздік билеп, ентіге беретінін, содан қиналып кеткенін айтып, №4 қалалық клиникалық аурухананың қабылдау бөліміне түскен.**



«Ауыр акушерлік анамнез. Созылмалы анемия. Ауруханадан тыс екіжақты субтотальды ауыр вирусты-бактериялық пневмония. Тыныс алу жеткіліксіздігі. Пневмоторакс. Созылмалы артериялық гипертензия. Жүрек жеткіліксіздігі. Диффузды токсикалық алқым ісуі. Гипертиреоз. Декомпенсация. Гестациялық қант диабеті» – бұл бір ғана адамға қойылған диагноз. Әрі әйелдің аяғы ауыр, құрсағында 26 апталық шарана бар.

Дереу жансақтау бөліміне жатқызылды. Одан әрі емдеу және тексеру, клиникалық, зертханалық және аспаптық тексерулер қатаң түрде сонда жүргізілді. Тіпті, бірнеше жалпықалалық консилиум өткізілген.

Консилиум науқасты алдағы 48 сағат ішінде кесарь тілігі арқылы босандыру туралы шұғыл шешім қабылдайды. Ал мамандардың алдында әйелді де, оның құрсағындағы баласын да аман алып қалу міндеті тұрды. Сондықтан №2 перинаталдық орталықтан акушерлік-неонаталдық бригада шақырылды. Кесарь тілігі №4 қалалық клиникалық аурухананың оталық бөлімдерінің бірінде жасалып, салмағы 1 кг 400 г қыз бала дүниеге келді. Шала туған нәрестені неонаталдық бригада қабылдап, оны арнайы инкубаторда одан әрі күту үшін перинаталдық орталыққа алып кетеді.

*«Босанған әйелдің жағдайы өте ауыр деп бағаланып, ол одан әрі емдеу үшін №4 қалалық клиникалық ауруханада қалдырылды. Мұнда науқас 12 күн болды. Осы уақыт аралығында критикалық көрініс бірнеше рет қайталанып, реаниматологтар барлық асқынуды түзетіп, оны тұрақты жағдайға жеткізді. Әйелдің жағдайы жақсарып, үйіне шығарыл-ды»,* – дейді №4 қалалық клиникалық аурухананың гинекологы Анжела Умаркулова.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

**Александра РОЗДИНА,
жас босанған ана:**

### АЛҒЫСТЫҢ ТӨРЕСІ – «РАХМЕТ»

***Әлеуметтік желі үстемдік құрып тұрған бүгінгі заманда қателескен дәрігерлердің атын атап, түсін түстеп, абыройын түсіруден алдыға жан салмайтыз. Ал өмір мен өлім арасында арпалысқа түсіп жүрген қаншама дәрігер барын білгіміз де келмейтіндей. Мен есімді жиған соң, өзімді де, шала туған сәбиімді де аман алып қалған мамандарды әдейі іздеп барып рахмет айттым. Маған төртінші кесарь тілігін №2 қалалық перинаталдық орталық директорының орынбасары Гүлнар Куренова және №4 қалалық клиникалық ауруханаға жетекшілік ететін Ғани Бодықов жасады. Сәбиімді №2 қалалық перинаталдық орталығының неонатологы Айнұрым Сарбас қабылдады, ал менің өмірім үшін №4 қалалық клиникалық аурухананың жансақтау бөлімінде күресті жалғастырған бөлім меңгерушісі Жандос Дәулетбеков пен реанимация дәрігері Қайрат Болатов. Өзімді жақсы сезінген соң гинекология бөлімшесінің дәрігері Зухра Кевированың бақылауында болдым. Екі бөлек аурухана мамандарының бірлескен іс-әрекеті бізді аман алып қалды. Рахмет сіздерге! Менің қолымнан келетіні – осылай алғыс айту ғана.***

Негізі, көпбейінді стационарда босану стандартты жағдайға жатпайды, сәби акушерлік көмек ерекше ұйымдастырылған арнайы жағдайда дүниеге келуі керек. Ал Александраның ауыр халін, диагноздың күрделілігін және ана мен баланың өміріне төнген қауіпті ескерген дәрігерлер тәуекелге барып, перзентханада емес, ауруханада кесарь тілігін жасады.

Қазір Александра мен оның сәбиінің өміріне еш қауіп жоқ. №2 қалалық перинаталдық орталықтың дәрігерлері баланы шығаруға дайындап жатыр. Ал жас босанған ана сауығып, перзентханаға құстай ұшып жетіп, төртінші баласын құшағына басып, екеуінің де аман алып қалған ақ халатты абзал жандарға алғысын жаудырды.

СӘТТІ ОТА

# ӨРТ СӨНДІРУШІ ЖІГІТ АЯҚҚА ТҰРДЫ

**Өрт сөндіру кезінде аяғынан айырылып қала жаздаған жаңаөзендік өрт сөндірушіні алматылық дәрігерлер аяққа тұрғызды. Оқиғаны дәлірек баяндайтын болсақ, маңғыстаулық Мұрат өткен жылдың соңында Жаңаөзенде болған үлкен өртті сөндіру кезінде ауыр жарақат алған болатын.**

Он күн бойы оның жағдайы тұрақтандырылып, содан кейін Алматыдағы №4 қалалық аурухананың травматолог дәрігерлеріне жеткізіледі. Біздің дәрігерлер оның денсаулығы үшін бес айдан астам уақыт бойы күресті.

Науқастың сүйек сынықтары ығысқан, сол жақ өкше сүйегі ұсақталған, табанының асық сүйегі сынған. Ол ауруханаға түскенде тері мен жұмсақ тіндердің некрозы және сол жақ табанының жыртылған жарасы болған. Былайша айтқанда, 10 күн өткеннен кейін тін өле бастады. Сондықтан дәрігерлердің барлық күш-жігері науқастың аяғын сақтап қалуға бағытталды. Хирургиялық емдеу үш кезеңде жүргізілді.

Дәрігерлер өмір сүруге жарамсыз фрагменттерді алып тастаған алғашқы отадан кейін өкше сүйегі ашылды. Науқас ампутацияның ар жақ, бер жағында болды, бірақ хирургтар тері ақауына пластикалық ота жасауды ұйғарды. Екінші ота – некрэктомия, тері ақауын суральды кесіндімен васкулярлы тері пластикасы, Илизаров аппаратында табан сүйектерінің тері арқылы остеосинтезі. Жараны екі кезеңдік дайындықтан кейін дәрігерлер теріні ауыстырып орналастырды.

Төрт ай бойы табанның сынған сүйектерін емдеу Илизаров аппаратында жалғасты. Үш кезең де сәтті өтіп, маңғыстаулық құтқарушының аяғы кесілуден аман қалды.

# АТТАН ҚҰЛАҒАН БАЛА АМАН

**Аттан құлаған сегіз жасар баланы Алматы қаласы мен Алматы облысының дәрігерлері аман алып қалды. Хамит есімді сегіз жасар бала өткен жылдың қараша айында Алматы облысында атқа мініп жүрген жерінде құлап, мертіккен.**

Емделу барысында Хамит ата-анасымен бірнеше ауруханада ем қабылдаған. Оның жарақаты ең тәжірибелі деген дәрігерлердің өзін таңқалдырды: ауыр аралас жарақат, ауыр жабық бас сүйек-ми жарақаты, ми және ми бағанының соғылуы мен зақымдануы, бас сүйек күмбезінің сынуы, көз алмасының, кеуде және құрсақ мүшелерінің соғылуы. Арада біраз уақыт өткенде баланың тыныс алуы қиындай түскен. Біздің мегаполистегі Балалар шұғыл медициналық көмек көрсету орталығының дәрігерлері Хамитке жарақат салдарынан пайда болған трахея стенозы деген диагноз қойды. Балаға трахеостомия, бірнеше рет бронхоскопия және трахеяны сүмбілеу жасалғанына қарамастан, тұншығып қала берген, жоғарыда аталған процедуралардың бәрі еш нәтиже бермеген. Бірнеше рет реанимацияға түседі.

*«Кезекті консилиумда трахеяның стенозды аймағын резекциялау және трахеяға пластикалық ота жасауды шештік. Орталықта бұған дейін мұндай операция жасамағанбыз. Бұл – Алматыда балаға жасалған алғашқы трахеялық пластикалық ота. Операция екі сағатқа созылды. Хирургтар трахеяны қалпына келтірді, бала өзі дем алатын болды»,* – дейді Алматы Балалар жедел медициналық көмек көрсету орталығы директорының орынбасары Димаш Рузуддинов.

Бетті әзірлеген Нұржамал ӘЛІШЕВА.

ШЕШІМ

**Алматы қаласы мәслихаты шешімін мемлекеттік тіркеу туралы**
**АҚПАРАТ**

Алматы қаласы мәслихатының 2024 жылғы 29 наурыздағы №96 шешімі Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау Банкінің мемлекеттік тізілімінде электрондық түрде 2024 жылғы 4 сәуірде №195252 болып тіркелді.

**ШЕШІМ**

**2024 жылғы 29 наурыз** **№96**

## «Мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына коммуналдық қызметтерге тарифтердің көтерілуіне байланысты әлеуметтік көмек көрсету және өтемақы төлеу мөлшерін белгілеу қағидаларын бекіту туралы» Алматы қаласы мәслихатының 2023 жылғы 9 тамыздағы №37 шешіміне өзгеріс енгізу туралы

Алматы қаласының мәслихаты **ШЕШТІ:**

1. «Мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына коммуналдық қызметтерге тарифтердің көтерілуіне байланысты әлеуметтік көмек көрсету және өтемақы төлеу мөлшерін белгілеу қағидаларын бекіту туралы» Алматы қаласы мәслихатының 2023 жылғы 9 тамыздағы №37 шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №1735 болып тіркелген) мынадай өзгеріс енгізілсін:

аталған шешіммен бекітілген, мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына коммуналдық қызметтерге тарифтердің көтерілуіне байланысты әлеуметтік көмек көрсету және өтемақы төлеу мөлшерін белгілеу қағидаларында:

6-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«6. Әлеуметтік көмек кірісті есептемей 0,5 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде, 2023 жылғы 1 қарашадан бастап – республикалық бюджет туралы заңмен тиісті қаржы жылына белгіленетін 0,6 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде, 2024 жылғы 1 наурыздан – 0,75 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде, 2024 жылғы 1 сәуірден – 0,8 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде мұқтаж азаматтардың мынадай жекелеген санаттарына көрсетіледі:

1) Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне;
2) басқа мемлекеттердің аумағындағы ұрыс қимылдарының ардагерлері;
3) жеңілдіктері бойынша Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне теңестірілген ардагерлерге;
4) бірінші және екінші топтағы мүгедектігі бар адамдарға;
5) мүгедектігі бар баласы (балалары) бар немесе оларды тәрбиелеп отырған отбасыларға;
6) «Алтын алқа», «Күміс алқа» алқаларымен марапатталған көпбалалы аналарға, көп балалы отбасыларға;
7) мемлекеттік немесе қоғамдық міндеттерді, әскери қызметті атқару кезінде, ғарыш кеңістігіне ұшуды дайындау немесе жүзеге асыру кезінде, адам өмірін құтқару кезінде, құқықтық тәртіпті қорғау кезінде қаза тапқан (қайтыс болған) адамдардың отбасыларына;
8) Қазақстан Республикасы Әлеуметтік кодексінің 207-бабының 1-тармағына сәйкес жасы бойынша зейнеткерлерге;
9) жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға, мемлекеттің толық қамтамасыз етуіндегілерді қоспағанда».

2. Осы шешім 2024 жылғы 1 наурыздан бастап қолданысқа енгізіледі.

**Алматы қаласы**
**мәслихатының төрағасы** **М.ОТЫНШИЕВ**

**Алматы қаласы мәслихаты шешімін мемлекеттік тіркеу туралы**
**АҚПАРАТ**

Алматы қаласы мәслихатының 2024 жылғы 29 наурыздағы №97 шешімі Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау Банкінің мемлекеттік тізілімінде электрондық түрде 2024 жылғы 4 сәуірде №195256 болып тіркелді.

**ШЕШІМ**

**2024 жылғы 29 наурыз** **№97**

## Алматы қаласы мәслихатының кейбір шешімдерінің күші жойылды деп тану туралы

«Құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабына сәйкес Алматы қаласының мәслихаты **ШЕШТІ:**

1. Алматы қаласы мәслихатының кейбір шешімдерінің күші жойылды деп танылсын:

1) «Алматы қаласындағы көші-қон процестерін реттеу қағидаларын бекіту туралы» 2017 жылғы 15 қыркүйектегі №152 шешімі (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №1410 болып тіркелген);

2) «Алматы қаласы мәслихатының 2017 жылғы 15 қыркүйектегі №152 «Алматы қаласындағы көші-қон процестерін реттеу қағидаларын бекіту туралы» шешіміне өзгеріс енгізу туралы» 2021 жылғы 19 ақпандағы №22 шешімі (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №1691 болып тіркелген).

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

**Алматы қаласы**
**мәслихатының төрағасы** **М.ОТЫНШИЕВ**

**Алматы қаласы мәслихаты шешімін мемлекеттік тіркеу туралы**
**АҚПАРАТ**

Алматы қаласы мәслихатының 2024 жылғы 29 наурыздағы №98 шешімі Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау Банкінің мемлекеттік тізілімінде электрондық түрде 2024 жылғы 5 сәуірде №195259 болып тіркелді.

**ШЕШІМ**

**2024 жылғы 29 наурыз** **№98**

## Алматы қаласындағы көші-қон процестерін реттеу қағидаларын бекіту туралы

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының Заңына, «Облыстардағы, республикалық маңызы бар қалалардағы, астанадағы көші-қон процестерін реттеудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің орынбасары – Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы 26 шілдедегі №312 бұйрығына сәйкес Алматы қаласының мәслихаты **ШЕШТІ:**

1. Қоса беріліп отырған Алматы қаласындағы көші-қон процестерін реттеу қағидалары бекітілсін.

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

**Алматы қаласы**
**мәслихатының төрағасы** **М.ОТЫНШИЕВ**

*Алматы қаласы мәслихатының*
*2024 жылғы 29 наурыздағы*
*№98 шешіміне қосымша*

## Алматы қаласындағы көші-қон процестерін реттеу қағидалары

### 1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Алматы қаласындағы көші-қон процестерін реттеу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңына, Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің орынбасары – Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы 26 шілдедегі №312 «Облыстардағы, республикалық маңызы бар қалалардағы, астанадағы көші-қон процестерін реттеудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» бұйрығына сәйкес әзірленді (Нормативтік құқтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №33163 болып тіркелген) және Алматы қаласындағы көші-қон процестерін реттеудің тәртібін айқындайды.

2. Осы үлгілік қағидаларда пайдаланылатын негізгі ұғымдар:

1) әлеуметтік еңбек саласындағы бірыңғай ақпараттық жүйе – уәкілетті мемлекеттік органның, халықты әлеуметтік қорғау және жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі жергілікті атқарушы органдардың, еңбек мобильділігі орталықтарының, мансап орталықтарының, Еңбек ресурстарын дамыту орталығының қызметін автоматтандыруға және әлеуметтік-еңбек саласында халыққа мемлекеттік қызметтер көрсету мақсатында ведомствоаралық өзара іс-қимылға арналған ақпараттандыру объектісі;

2) қандас – бұрын Қазақстан Республикасының азаматтығында болмаған, халықтың көші-қон мәселелері жөніндегі уәкілетті орган бекіткен тәртіпке сәйкес тиісінше мәртебе алған этникалық қазақ және (немесе) оның ұлты қазақ отбасы мүшелері;

3) қандастарды бейімдеу және интеграциялау орталығы – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органы құратын және қандастарға, олардың отбасы мүшелеріне бейімдеу және интеграциялау қызметтерін көрсетуге және уақытша тұруға арналған заңды тұлға;

4) қандастарды қабылдаудың өңірлік квотасы – Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған өңірлерге тұрақты тұру үшін келетін, Қазақстан Республикасының Әлеуметтік кодексіне сәйкес жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шараларына қатысушыларға көзделген мемлекеттік қолдау шараларымен қамтамасыз етілетін қандастардың және (немесе) қандастар мен олардың отбасы мүшелерінің шекті саны;

5) қоныс аударушы – Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған өңірлерге қоныс аударған ішкі көшіп-қонушы;

6) қоныс аударушыларды қабылдаудың өңірлік квотасы – Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған өңірлерге тұрақты тұру үшін келетін, Қазақстан Республикасының Әлеуметтік кодексіне сәйкес жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шараларына қатысушыларға көзделген мемлекеттік қолдау шараларымен қамтамасыз етілетін қоныс аударушылардың және (немесе) қоныс аударушылар мен олардың отбасы мүшелерінің шекті саны;

7) облыс ішінде қоныс аудару – мемлекеттік тұрғын үй қорынан және/немесе жұмыс берушілердің қаражаты есебінен тұрғын үймен қамтамасыз ету және тұрақты жұмыс орнына жұмысқа орналасу немесе кәсіпкерлік бастамаларға жәрдемдесу мүмкіндігі болған кезде экономикалық даму әлеуеті төмен ауылдардан облыстық (аудандық) маңызы бар қалаларға, экономикалық өсу орталықтарына бір облыс шегінде қоныс аудару;

8) халықты әлеуметтік қорғау және жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі жергілікті атқарушы орган – «Алматы қаласы жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, жұмыспен қамту саласындағы бағыттарды айқындайтын жергілікті атқарушы органы;

9) халықтың көші-қоны мәселелері жөніндегі уәкілетті орган – өз құзыреті шегінде халықтың көші-қоны саласындағы басшылықты, көші-қон процестерін реттеуді, халықтың көші-қоны саласындағы жұмысты үйлестіруді және мемлекеттік саясатты іске асыруды жүзеге асыратын орталық атқарушы орган;

10) ішкі көші-қон – жеке тұлғалардың Қазақстан Республикасының ішінде тұрақты немесе уақытша тұру мақсатында қоныс аударуы;

11) ішкі көшіп-қонушы – тұрақты немесе уақытша тұру мақсатында Қазақстан Республикасының ішінде өз бетінше қоныс аударушы адам;

12) этникалық қазақ – ұлты қазақ шетелдік немесе азаматтығы жоқ адам.

### 2-тарау. Алматы қаласындағы көші-қон процестерін реттеу тәртібі

3. Алматы қаласында көші-қон процестерін мониторингтеу олардың әлеуметтік-экономикалық, демографиялық және мәдени дамуының жай-күйіне, экологиялық ахуалына әсері ескеріліп жүзеге асырылады.

Алматы қаласындағы көші-қон процестерінің ерекшеліктеріне халықтың тығыздығы, көшіп келу, эмиграция, еңбек көші-қоны, ішкі көші-қон ағыны, урбандалу процесі, өңірдің экологиялық және діни жағдайы, халықтың ұлттық құрамы, Алматы қаласы еңбек нарығының теңгерімділігі, инженерлік-көліктік және әлеуметтік инфорақұрылыммен қамтамасыз ету жатады.

4. Алматы қаласындағы көші-қон процестерін реттеу үшін жергілікті атқарушы органдар әлеуметтік қорғау және жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі уәкілетті органға:

Алматы қаласының тиісті аумағын қандастар мен қоныс аударушыларды қоныстандыруға арналған өңірлерге жатқызуға (жатқызбауға);

шетелдік жұмыс күшін, оның ішінде этникалық қазақтар мен бұрынғы отандастар қатарынан тартуға квотаны ұлғайтуға (қысқартуға);

қандастар мен қоныс аударушыларды қабылдаудың орта мерзімді кезеңге немесе алдағы жылға арналған өңірлік квоталарын ұлғайтуға (қысқартуға);

еңбекші көшіп келушілерді тартуға квотаны ұлғайтуға (қысқартуға) қатысты ұсыныстар енгізеді.

5. Қандастар мен қоныс аударушыларды қоныстандыру екі бағыт бойынша:

1) Үкімет айқындаған өңірлерге қоныс аударушылар мен қандастарды қабылдаудың өңірлік квотасы шеңберінде;

2) бір облыс шегінде жүзеге асырылады.

6. Халықты әлеуметтік қорғау және жұмыспен қамту жөніндегі жергілікті атқарушы орган жұмыс күшінің мобильділігін арттыру үшін қоныс аударуға арналған елдімекендердің тізбесін қалыптастырады.

7. Халықты әлеуметтік қорғау және жұмыспен қамту жөніндегі жергілікті атқарушы орган жыл сайын, 15 желтоқсанға дейін, қандастар мен қоныс аударушыларды, оның ішінде облыс ішінде қоныстандыру мақсатында жұмыс күшінің мобильділігін арттыру үшін адамдардың ерікті түрде қоныс аударуына арналған елдімекендердің тізбесін анықтайды.

8. Халықты әлеуметтік қорғау және жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі жергілікті орган елдімекендер тізбесін Электрондық еңбек биржасында, «Қоныс аудару» бөлімінде орналастыруды қамтамасыз етеді және еңбек мобильділігі орталықтарына, ауылдық округтердің әкімдіктеріне жібереді.

9. Халықтың кетуі халықтың көбею қарқынына қарағанда көп болған кезде көші-қон процестерін реттеу білікті жұмыс күшін тартуға және оларға жедел әлеуметтік бейімделуге жәрдемдесуге, қандастарды, әсіресе, жастарды кәсіптік оқытуға және қайта даярлауға бағытталған іс-шаралар әзірлеу арқылы да жүзеге асырылады.

10. Алматы қаласы агломерациясы аумағында, демографиялық дамуға мемлекеттік қолдауды қажет ететін, қандастарды қоныстандыру үшін бейімдеу бағдарламалары жүзеге асырылады.

11. Көші-қон жағдайының дамуын мониторингтеуді және болжауды қамтамасыз ету, жұмысқа орналастыру, мектептер, балабақшалар және медициналық мекемелер салу мәселелерін шешу, әлеуметтік-экономикалық дамытуды жоспарлау мақсатында халықты тіркеу есебі жүзеге асырылады.

12. Қазақстан Республикасының азаматтарын, Қазақстан Республикасында уақытша болатын немесе тұрғылықты тұратын шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарды тұрғылықты және (немесе) уақытша болатын (тұратын) жеріне тіркеу және есепке алу Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 1 желтоқсандағы №1427 қаулысымен бекітілген «Ішкі көшіп-қонушыларды тіркеу қағидаларын бекіту және Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер енгізу туралы» қағидаларымен жүзеге асырылады.

**Алматы қаласы мәслихаты шешімін мемлекеттік тіркеу туралы**
**АҚПАРАТ**

Алматы қаласы мәслихатының 2024 жылғы 29 наурыздағы №99 шешімі Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау Банкінің мемлекеттік тізілімінде электрондық түрде 2024 жылғы 4 сәуірде №195255 болып тіркелді.

**ШЕШІМ**

**2024 жылғы 29 наурыз** **№99**

## «Ленинград қаласындағы қоршау кезеңінде қаланың кәсіпорындарында, мекемелері мен ұйымдарында жұмыс істеген және «Ленинградты қорғағаны үшін» медалімен немесе «Қоршаудағы Ленинград тұрғыны» белгісімен наградталған Алматы қаласында тұратын азаматтарға Санкт-Петербург қаласына баруға кететін шығындарды өтеуге арналған әлеуметтік көмек туралы» Алматы қаласы мәслихатының 2020 жылғы 9 қазандағы №488 шешіміне өзгеріс пен толықтыру енгізу туралы

Алматы қаласының мәслихаты **ШЕШТІ:**

1. «Ленинград қаласындағы қоршау кезеңінде қаланың кәсіпорындарында, мекемелері мен ұйымда-

*(Басыы 11-бетте)*

рында жұмыс істеген және «Ленинградты қорғағаны үшін» медалімен немесе «Қоршаудағы Ленинград тұрғыны» белгісімен наградталған Алматы қаласында тұратын азаматтарға Санкт-Петербург қаласына баруға кететін шығындарды өтеуге арналған әлеуметтік көмек туралы» Алматы қаласы мәслихатының 2020 жылғы 9 қазандағы №488 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №1647 болып тіркелген) шешіміне мынадай өзгеріс пен толықтыру енгізілсін:

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Осы шешімнің 1-тармағында көрсетілген тұлғалар әлеуметтік көмек алу үшін тұрақты тұрғылықты тіркелген жері бойынша Алматы қаласының аудан әкімдіктеріне (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) өтінішпен мынадай құжаттарды қоса бере отырып жүгінеді:

1) жеке басын куәландыратын құжат (жеке басын куәландыру үшін талап етіледі);

2) «Ленинградты қорғағаны үшін» медалінің немесе «Қоршаудағы Ленинград тұрғыны» белгісі куәліктерінің көшірмесі;

3) жол ақысының құнын растайтын билеттер, отырғызу талоны;

4) алушының екінші деңгейдегі банктерде немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарда ашылған банк шотының нөмірі туралы мәліметтер»;

Құжаттар салыстырып тексеру үшін түпнұсқаларда ұсынылады, содан кейін құжаттардың түпнұсқалары өтініш берушіге қайтарылады.

аталған шешім мынадай мазмұндағы 3-1-тармақпен толықтырылсын:

«3-1. Көрсетілетін қызметті беруші әлеуметтік көмек көрсетуден бас тартуды Қазақстан Республикасы Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің

73-бабына сәйкес жүзеге асырады».

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

**Алматы қаласы**
**мәслихатының төрағасы** **М.ОТЫНШИЕВ**

**Алматы қаласы мәслихаты шешімін мемлекеттік тіркеу туралы**
**АҚПАРАТ**

Алматы қаласы мәслихатының 2024 жылғы 29 наурыздағы №100 шешімі Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау Банкінің мемлекеттік тізілімінде электрондық түрде 2024 жылғы 5 сәуірде №195258 болып тіркелді.

**ШЕШІМ**

**2024 жылғы 29 наурыз** **№100**

## Алматы қаласында тұрғын үй көмегін көрсетудің мөлшері мен тәртібін айқындау туралы

«Тұрғын үй қатынастары туралы», «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының заңдарына және «Тұрғын үй көмегін беру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 2023 жылғы 8 желтоқсандағы №117 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде №33763 болып тіркелген) сәйкес Алматы қаласының мәслихаты **ШЕШТІ:**

1. Осы шешімнің 1-қосымшасына сәйкес Алматы қаласында тұрғын үй көмегін көрсетудің мөлшері мен тәртібі айқындалсын.

2. Осы шешімнің 2-қосымшасына сәйкес Алматы қаласы мәслихатының кейбір шешімдері күші жойылды деп танылсын.

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

**Алматы қаласы**
**мәслихатының төрағасы** **М.ОТЫНШИЕВ**

*Алматы қаласы мәслихатының*
*2024 жылғы 29 наурыздағы*
*№100 шешіміне 1-қосымша*

## Алматы қаласында тұрғын үй көмегін көрсетудің мөлшері мен тәртібі

1. Тұрғын үй көмегі жергілікті бюджет қаражаты есебінен Алматы қаласында тұратын, Қазақстан Республикасының аумағындағы жалғыз тұрғынжайы ретінде меншік құқығындағы тұрғынжайда тұрақты тіркелген және тұратын аз қамтылған отбасыларға (азаматтарға), сондай-ақ мемлекеттік тұрғын үй қорынан берілген тұрғынжайды және жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалға алған тұрғынжайды жалдаушыларға (қосымша жалдаушыларға):

кондоминиум объектісін басқаруға және кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп-ұстауға, оның ішінде кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күрделі жөндеуге жұмсалатын шығыстарға;

коммуналдық қызметтерді және телекоммуникация желісіне қосылған телефон үшін абоненттік төлемақының ұлғаюы бөлігінде көрсетілетін байланыс қызметтерін тұтынуға;

мемлекеттік тұрғын үй қорынан берілген тұрғынжайды және жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалға алған тұрғынжайды пайдаланғаны үшін шығыстарды төлеуге беріледі.

2. Аз қамтылған отбасылардың (азаматтардың) тұрғын үй көмегін есептеуге қабылданатын шығыстары жоғарыда көрсетілген бағыттардың әрқайсысы бойынша шығыстардың сомасы ретінде айқындалады.

Алматы қаласында тұрғын үй көмегін тағайындау кезінде жоғарыда көрсетілген бағыттарға ақы төлеуге көрсетілетін аз қамтылған отбасылардың (азаматтардың) жиынтық табысына шекті жол берілетін шығыстар үлесі 5 (бес) пайыз мөлшерін құрайды.

Тұрғын үйге ақы төлеу және коммуналдық қызметтер үшін ақы төлеу жөніндегі шығыстарды тұрғын үйде тұратын бірнеше жалдаушылар (қосымша жалдаушылар) немесе меншік иелері арасында бөлу тәртібі тараптардың келісімімен, ал келісімге қол жеткізілмеген кезде – сот тәртібімен айқындалады.

3. Тұрғын үй көмегін көрсетуді жүзеге асырушы Алматы қаласы аудандарының әкімдіктері (бұдан әрі – уәкілетті орган) тұрғын үй көмегін тағайындайды.

4. Аз қамтылған отбасылардың (азаматтардың) жиынтық табысын уәкілетті орган «Тұрғын үй көмегін беру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 2023 жылғы

8 желтоқсандағы №117 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде №33763 болып тіркелген) айқындалған тәртіппен есептейді.

5. Тұрғын үй көмегінің мөлшері кондоминиум объектісін басқару және кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп-ұстау, оның ішінде кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күрделі жөндеу, коммуналдық көрсетілетін қызметтерді және телекоммуникация желісіне қосылған телефон үшін абоненттік төлемақының өсуі бөлігінде байланыс қызметтерін тұтыну, мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғынжайды және жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалға алған тұрғынжайды пайдалану шығыстарына ақы төлеу сомасы мен аз қамтылған отбасылардың (азаматтардың) осы мақсаттарға шығыстарының шекті жол берілетін деңгейінің арасындағы айырма ретінде айқындалады.

Тұрғын үй көмегінің мөлшері тұрғынжайды күтіп-ұстауға жұмсалатын шығыстардың, кондоминиум объектісін басқаруға және кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп-ұстауға, оның ішінде кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күрделі жөндеуге, коммуналдық көрсетілетін қызметтерді және телекоммуникация желісіне қосылған телефон үшін абоненттік төлемақының ұлғаюы бөлігінде көрсетілетін байланыс қызметтерін тұтынуға, мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғынжайды және жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалға алған тұрғынжайды пайдалану төлемінің нақты төленген сомасынан аса алмайды.

6. Тұрғын үй көмегін тағайындау кезінде коммуналдық қызметтердің келесі түрлерінің төлеміне кететін шығындар есепке алынады:

1) сумен жабдықтау;
2) су бұру;
3) газбен жабдықтау;
4) электрмен жабдықтау;
5) жылумен жабдықтау;
6) қоқыс әкету;
7) лифтілерге қызмет көрсету.

7. Тұрғын үй көмегін алғанға дейін пайда болған қарыздарды өтеуді коммуналдық қызметтерді жеткізушілер бақылайды және тұрғын үй көмегін есептеген кезде есепке алынбайды.

8. Көрсетілетін қызметтерге тарифтерді (бағаларды) бекіту кезінде коммуналдық қызметтерді тұтыну нормалары табиғи монополияларды (монополистік қызметтерді) реттеу жөніндегі аумақтық уәкілетті орган қолданатын коммуналдық қызметті қолдану нормаларына тең.

9. Электр энергиясын жіберу (тұтыну) нормасы айына 1 адамға табиғи монополияларды (монополистік қызметтерді) реттеу жөніндегі аумақтық уәкілетті орган белгіленген төменгі жіберілген норманың тарифіне тең.

10. Тұрғын үй көмегін тағайындау кезінде бір адамға 18 (он сегіз) шаршы метр пайдалы алаң мөлшерінде, бірақ бір бөлмелі пәтерден немесе жатақханадағы бөлмеден кем емес алаңның нормасы тағайындалады.

11. «Әлеуметтік қорғалатын азаматтарға телекоммуникация қызметтерін көрсеткені үшін абоненттік төлемақы тарифтерінің өсуін өтеу мөлшерін айқындау және қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің

2023 жылғы 28 шілдедегі №295/НҚ бұйрығына сәйкес әлеуметтік қорғалатын азаматтарға телекоммуникация қызметтерін көрсеткені үшін абоненттік төлемақы тарифінің көтерілуіне өтемақы төлемі жүзеге асырылады (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде №33200 болып тіркелген).

12. Тұрғын үй көмегін төлеу уәкілетті орган тұрғын үй көмегін тағайындау туралы шешім қабылдаған айдан кейінгі айдың 20-күніне қарай екінші деңгейдегі банктер арқылы есептелген сомаларды тұрғын үй көмегін алушылардың жеке шоттарына аудару жолымен ай сайын жүзеге асырылады.

*Алматы қаласы мәслихатының*
*2024 жылғы 29 наурыздағы*
*№100 шешіміне 2-қосымша*

## Алматы қаласы мәслихатының күші жойылған кейбір шешімдерінің тізбесі

1. «Алматы қаласындағы тұрғын үй көмегінің мөлшерін анықтау және көрсету Ережесін бекіту туралы» Алматы қаласы мәслихатының 2014 жылғы 2 маусымдағы №232 шешімі (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №1067 болып тіркелген);

2. «Алматы қаласы мәслихатының кейбір шешімдеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Алматы қаласы мәслихатының 2015 жылғы 23 шілдедегі №349 шешімі (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №1195 болып тіркелген).

3. «V сайланған Алматы қаласы мәслихатының кезектен тыс XXVII сессиясының 2014 жылғы маусымдағы №232 «Алматы қаласындағы тұрғын үй көмегінің мөлшерін анықтау және көрсету Ережесін бекіту туралы» шешіміне өзгерістер енгізу туралы» Алматы қаласы мәслихатының 2017 жылғы 11 тамыздағы №135 шешімі (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №1401 болып тіркелген).

4. «V сайланған Алматы қаласы мәслихатының XXVII сессиясының 2014 жылғы 2 маусымдағы №232 «Алматы қаласындағы тұрғын үй көмегінің мөлшерін анықтау және көрсету Ережесін бекіту туралы» шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Алматы қаласы мәслихатының 2019 жылғы 18 наурыздағы №323 шешімі (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №1532 болып тіркелген).

5. «Алматы қаласы мәслихатының 2014 жылғы 2 маусымдағы №232 «Алматы қаласындағы тұрғын үй көмегінің мөлшерін анықтау және көрсету Ережесін бекіту туралы» шешіміне өзгеріс енгізу туралы» Алматы қаласы мәслихатының 2021 жылғы 19 ақпандағы №21 шешімі (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №1687 болып тіркелген).

**Алматы қаласы мәслихаты шешімін мемлекеттік тіркеу туралы**
**АҚПАРАТ**

Алматы қаласы мәслихатының 2024 жылғы 29 наурыздағы №101 шешімі Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау Банкінің мемлекеттік тізілімінде электрондық түрде 2024 жылғы 4 сәуірде №195238 болып тіркелді.

**ШЕШІМ**

**2024 жылғы 29 наурыз** **№101**

## Алматы қаласы мәслихатының 2023 жылғы 8 желтоқсандағы №75 «Алматы қаласының 2024–2026 жылдарға арналған бюджеті туралы» шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Алматы қаласының мәслихаты **ШЕШТІ:**

1. Алматы қаласы мәслихатының 2023 жылғы 8 желтоқсандағы №75 «Алматы қаласының 2024–2026 жылдарға арналған бюджеті туралы» шешіміне (Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің Мемлекеттік тізілімінде №190255 болып тіркелген), келесі өзгерістер енгізілсін:

1-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

«1. Алматы қаласының 2024–2026 жылдарға арналған бюджеті осы шешімнің 1, 2 және 3-қосымшаларына сәйкес, оның ішінде 2024 жылға келесі көлемдерде бекітілсін:

1) кірістер – 1 604 907 598,9 мың теңге, оның ішінде:
салықтық түсімдер – 1 458 061 642 мың теңге;
салықтық емес түсімдер – 7 447 164,9 мың теңге;
негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер – 27 132 869 мың теңге;
трансферттер түсімдері – 112 235 923 мың теңге;
2) шығындар – 1 665 009 509,9 мың теңге;
3) таза бюджеттік кредиттеу – 19 676 423,1 мың теңге;
4) қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо – 20 070 581 мың теңге, оның ішінде:
қаржы активтерін сатып алу – 20 521 581 мың теңге;
5) бюджет тапшылығы (профициті) – -99 848 915,1 мың теңге;
6) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профициті пайдалану) –
99 848 915,1 мың теңге.»;

6-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

«6. Қала бюджетінде жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтерді қаржыландыру 20 503 424 мың теңге сомасында бекітілсін»;

7-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

«7. Қорғаныс шығындары 17 321 444 мың теңге сомасында бекітілсін»;

8-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

«8. Қоғамдық тәртіпті, қауіпсіздікті, құқықтық, сот, қылмыстық-атқару қызметті қамтамасыз ету бойынша шығындар 43 049 984 мың теңге сомасында бекітілсін»;

9-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

«9. Білім беру шығындары 486 989 997 мың теңге сомасында бекітілсін»;

10-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

«10. Денсаулық сақтау шығындары 45 663 913 мың теңге сомасында бекітілсін»;

11-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

«11. Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамтамасыз ету шығындары 70 766 800 мың теңге сомасында бекітілсін»;

12-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

«12. Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық шығындары 316 486 469,8 мың теңге сомасында бекітілсін»;

13-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

«13. Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістік шығындары 71 471 405 мың теңге сомасында бекітілсін»;

14-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

«14. Отын-энергетика кешеніне және жер қойнауын пайдалану шығындары 18 811 376 мың теңге сомасында бекітілсін»;

15-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

«15. Ауыл шаруашылығы, су, орман, балық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аймақтардың, қоршаған орта мен жануарлар әлемін қорғау, жер қатынастары шығындары 24 194 372 мың теңге сомасында бекітілсін»;

16-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

«16. Өнеркәсіп, сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметтеріне шығындар 12 249 981 мың теңге сомасында бекітілсін»;

17-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

«17. Көлік және коммуникация шығындары 265 449 768 мың теңге сомасында бекітілсін»;

18-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

«18. Басқа да шығындар 85 361 642 мың теңге сомасында бекітілсін»;

көрсетілген шешімнің 1-қосымшасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы шешім 2024 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі.

**Алматы қаласы**
**мәслихатының төрағасы** **М.ОТЫНШИЕВ**

*Алматы қаласы мәслихатының*
*2024 жылғы 29 наурыздағы*
*№101 шешіміне қосымша*

*Алматы қаласы мәслихатының*
*2023 жылғы 8 желтоқсандағы*
*№75 шешіміне 1-қосымша*

## Алматы қаласының 2024 жылға арналған бюджеті

| Санаты | Сыныбы | Ішкі сыныбы | Специфика | Атауы | Сомасы, мың теңге |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | | | | 2 | 3 |
| | | | | I. Кірістер | 1 604 907 598,9 |
| 1 | | | | Салықтық түсімдер | 1 458 061 642,0 |
| | 01 | | | Табыс салығы | 1 046 287 854,0 |
| | | 1 | | Корпоративтік табыс салығы | 558 614 320,0 |
| | | 2 | | Жеке табыс салығы | 487 673 534,0 |
| | 03 | | | Әлеуметтік салық | 276 503 545,0 |
| | | 1 | | Әлеуметтік салық | 276 503 545,0 |
| | 04 | | | Меншікке салынатын салықтар | 59 811 128,0 |
| | | 1 | | Мүлікке салынатын салықтар | 37 454 459,0 |
| | | 3 | | Жер салығы | 3 863 253,0 |
| | | 4 | | Көлік құралдарына салынатын салық | 18 469 866,0 |
| | | 5 | | Бірыңғай жер салығы | 23 550,0 |
| | 05 | | | Тауарларға, жұмыстарға және көрсетілетін қызметтерге салынатын ішкі салықтар | 47 211 115,0 |
| | | 2 | | Акциздер | 26 386 924,0 |
| | | 3 | | Табиғи және басқа да ресурстарды пайдаланғаны үшін түсетін түсімдер | 6 316 270,0 |
| | | 4 | | Кәсіпкерлік және кәсіби қызметті жүргізгені үшін алынатын алымдар | 14 507 921,0 |
| | 08 | | | Заңдық маңызы бар әрекеттерді жасағаны және (немесе) оған уәкілеттігі бар мемлекеттік органдар немесе лауазымды адамдар құжаттар бергені үшін алынатын міндетті төлемдер | 28 248 000,0 |
| | | 1 | | Мемлекеттік баж | 28 248 000,0 |
| 2 | | | | Салықтық емес түсімдер | 7 477 164,9 |
| | 01 | | | Мемлекеттік меншіктен түсетін кірістер | 2 519 411,0 |
| | | 1 | | Мемлекеттік кәсіпорындардың таза кірісі бөлігінің түсімдері | 259 655,0 |
| | | 3 | | Мемлекет меншігіндегі акциялардың мемлекеттік пакеттеріне дивиденттер | 41 811,0 |
| | | 4 | | Мемлекет меншігіндегі заңды тұлғалардағы қатысу үлесіне кірістер | 409 235,0 |
| | | 5 | | Мемлекет меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер | 1 788 473,0 |
| | | 7 | | Мемлекеттік бюджеттен берілген кредиттер бойынша сыйақылар | 20 237,0 |
| | 06 | | | Басқа да салықтық емес түсімдер | 4 957 753,9 |
| | | 1 | | Басқа да салықтық емес түсімдер | 4 957 753,9 |
| 3 | | | | Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер | 27 132 869,0 |
| | 01 | | | Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сату | 24 539 176,0 |
| | | 1 | | Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сату | 24 539 176,0 |
| | 03 | | | Жерді және материалдық емес активтерді сату | 2 593 693,0 |
| | | 1 | | Жерді сату | 2 535 000,0 |
| | | 2 | | Материалдық емес активтерді сату | 58 693,0 |
| 4 | | | | Трансферттердің түсімдері | 112 235 923,0 |
| | 02 | | | Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер | 112 235 923,0 |
| | | 1 | | Республикалық бюджеттен түсетін трансферттер | 112 235 923,0 |

| Функционалдық топ | Функционалдық кіші топ | Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі | Бағдарлама | Атауы | Сомасы, мың теңге |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | II. Шығындар | 1 665 009 509,9 |
| 01 | | | | Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер | 20 503 424,0 |
| | | 111 | | Республикалық маңызы бар қала, астана мәслихатының аппараты | 318 529,0 |
| | | | 001 | Республикалық маңызы бар қала, астана мәслихатының қызметін қамтамасыз ету | 312 138,0 |
| | | | 003 | Мемлекеттік органның күрделі шығыстары | 6 391,0 |
| | | 121 | | Республикалық маңызы бар қала, астана әкімінің аппараты | 3 710 874,0 |
| | | | 001 | Республикалық маңызы бар қала, астана әкімінің қызметін қамтамасыз ету | 3 704 074,0 |
| | | | 003 | Мемлекеттік органның күрделі шығыстары | 6 800,0 |
| | | 123 | | Қаладағы аудан әкімінің аппараты | 5 127 468,0 |
| | | | 001 | Қаладағы аудан әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер | 4 629 886,0 |
| | | | 022 | Мемлекеттік органның күрделі шығыстары | 497 582,0 |
| | | 325 | | Республикалық маңызы бар қаланың, астананың қоғамдық даму басқармасы | 205 352,0 |
| | | | 013 | Республикалық маңызы бар қала, астана Қазақстан халқы Ассамблеясының қызметін қамтамасыз ету | 205 352,0 |
| | | 379 | | Республикалық маңызы бар қаланың, астананың тексеру комиссиясы | 698 030,0 |
| | | | 001 | Республикалық маңызы бар қаланың, астананың тексеру комиссиясының қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер | 697 590,0 |
| | | | 003 | Мемлекеттік органның күрделі шығыстары | 440,0 |
| | | 318 | | Республикалық маңызы бар қаланың, астананың мемлекеттік активтер басқармасы | 6 812 292,0 |
| | | | 001 | Жергілікті деңгейде коммуналдық мүлікті және мемлекеттік сатып алу саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер | 464 470,0 |
| | | | 010 | Жекешелендіру, коммуналдық меншікті басқару, жекешелендіруден кейінгі қызмет және осыған байланысты дауларды реттеу | 16 800,0 |
| | | | 011 | Коммуналдық меншікке түскен мүлікті есепке алу, сақтау, бағалау және сату | 85 343,0 |
| | | | 014 | Мемлекеттік органның күрделі шығыстары | 229 760,0 |
| | | | 028 | Коммуналдық меншікке мүлікті сатып алу | 6 015 919,0 |
| | | 356 | | Республикалық маңызы бар қаланың, астананың қаржы басқармасы | 606 212,0 |
| | | | 001 | Жергілікті бюджетті жоспарлау, атқару және коммуналдық меншікті басқару саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер | 497 215,0 |
| | | | 003 | Салық салу мақсатында мүлікті бағалауды жүргізу | 85 348,0 |
| | | | 014 | Мемлекеттік органның күрделі шығыстары | 23 649,0 |
| | | 510 | | Республикалық маңызы бар қаланың, астананың экономика басқармасы | 1 717 966,0 |
| | | | 001 | Жергілікті деңгейде экономикалық саясат саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер | 1 576 252,0 |
| | | | 004 | Мемлекеттік органның күрделі шығыстары | 1 210,0 |
| | | | 061 | Бюджеттік инвестициялар және мемлекеттік-жекешелік әріптестік, оның ішінде концессия мәселелері жөніндегі құжаттаманы сараптау және бағалау | 140 504,0 |
| | | 369 | | Республикалық маңызы бар қаланың, астананың дін істері басқармасы | 1 306 701,0 |
| | | | 001 | Жергілікті деңгейде дін қызметі саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер | 1 004 831,0 |
| | | | 003 | Мемлекеттік органның күрделі шығыстары | 11 257,0 |
| | | | 005 | Өңірде діни ахуалды зерделеу және талдау | 290 613,0 |
| 02 | | | | Қорғаныс | 17 321 444,0 |
| | | 121 | | Республикалық маңызы бар қала, астана әкімінің аппараты | 2 608 594,0 |
| | | | 010 | Жалпыға бірдей әскери міндетті атқару шеңберіндегі іс-шаралар | 121 308,0 |
| | | | 011 | Аумақтық қорғанысты даярлау және республикалық маңызы бар қаланың, астананың аумақтық қорғаныс | 2 487 286,0 |
| | | 121 | | Республикалық маңызы бар қала, астана әкімінің аппараты | 7 928 937,0 |
| | | | 012 | Жұмылдыру дайындығы және республикалық маңызы бар қаланы, астананы жұмылдыру | 2 786 234,0 |
| | | | 014 | Республикалық маңызы бар қалалар, астана ауқымындағы төтенше жағдайлардың алдын-алу және оларды жою | 5 142 703,0 |
| | | 373 | | Республикалық маңызы бар қаланың, астананың құрылыс басқармасы | 7 349,0 |
| | | | 030 | Жұмылдыру дайындығы және төтенше жағдайлар объектілерін дамыту | 7 349,0 |
| | | 387 | | Республикалық маңызы бар қаланың, астананың бюджетінен қаржыландырылатын табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар, азаматтық қорғаныс саласындағы органдардың аумақтық органы | 6 776 564,0 |
| | | | 003 | Аумақтық органның және ведомстволық бағынысты мемлекеттік мекемелердің күрделі шығыстары | 5 053 986,0 |
| | | | 004 | Республикалық маңызы бар қаланың, астананың азаматтық қорғаныс іс-шаралары | 1 722 578,0 |
| 03 | | | | Қоғамдық тәртіп, қауіпсіздік, құқықтық, сот, қылмыстық-атқару қызметі | 43 049 984,0 |
| | | 352 | | Республикалық маңызы бар қаланың, астананың бюджетінен қаржыландырылатын атқарушы ішкі істер органы | 35 042 867,0 |
| | | | 001 | Республикалық маңызы бар қала, астана аумағында қоғамдық тәртіп пен қауіпсіздікті сақтау саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер қамтамасыз ету | 30 165 528,0 |
| | | | 003 | Қоғамдық тәртіпті қорғауға қатысатын азаматтарды көтермелеу | 18 000,0 |
| | | | 007 | Мемлекеттік органның күрделі шығыстары | 4 859 339,0 |
| | | 373 | | Республикалық маңызы бар қаланың, астананың құрылыс басқармасы | 1 219 330,0 |
| | | | 021 | Қоғамдық тәртіп және қауіпсіздік объектілерін салу | 1 219 330,0 |
| | | 317 | | Республикалық маңызы бар қаланың, астананың қалалық мобильділік басқармасы | 6 787 787,0 |
| | | | 004 | Елді мекендерде жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету | 6 787 787,0 |
| 04 | | | | Білім беру | 486 989 997,0 |
| | | 123 | | Қаладағы аудан әкімінің аппараты | 69 821 985,0 |
| | | | 029 | Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту, оның ішінде мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту ұйымдарының қызметін қамтамасыз ету | 69 821 985,0 |
| | | 360 | | Республикалық маңызы бар қаланың, астананың білім басқармасы | 1 239 502,0 |
| | | | 034 | Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту | 1 239 502,0 |
| | | 373 | | Республикалық маңызы бар қаланың, астананың құрылыс басқармасы | 7 282 761,0 |
| | | | 006 | Алматы қаласында мектепке дейінгі ұйымдарды сейсмикалық күшейту | 1 733 898,0 |
| | | | 037 | Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту объектілерін салу және реконструкциялау | 5 548 863,0 |
| | | 323 | | Республикалық маңызы бар қаланың, астананың спорт басқармасы | 9 222 952,0 |
| | | | 006 | Балалар мен жасөспірімдерге спорт бойынша қосымша білім беру | 8 021 097,0 |
| | | | 007 | Мамандандырылған білім беру ұйымдарында спорттағы дарынды балаларға жалпы білім беру | 1 201 855,0 |
| | | 360 | | Республикалық маңызы бар қаланың, астананың білім басқармасы | 219 929 678,0 |
| | | | 003 | Жалпы білім беру | 124 333 005,0 |
| | | | 004 | Арнаулы білім беру бағдарламалары бойынша жалпы білім беру | 8 506 922,0 |
| | | | 005 | Мамандандырылған білім беру ұйымдарында дарынды балаларға жалпы білім беру | 3 913 545,0 |
| | | | 008 | Балаларға қосымша білім беру | 8 005 233,0 |
| | | | 019 | Республикалық маңызы бар қаланың, астананың мемлекеттік білім беру мекемелеріне жұмыстағы жоғары көрсеткіштері үшін гранттар беру | 68 000,0 |
| | | | 040 | Мемлекеттік орта білім беру ұйымдарында жан басына шаққандағы қаржыландыруды іске асыруға | 75 102 973,0 |
| | | 373 | | Республикалық маңызы бар қаланың, астананың құрылыс басқармасы | 103 703 680,0 |
| | | | 027 | Алматы қаласында орта білім беру объектілерін сейсмикалық күшейту | 6 265 905,0 |
| | | | 028 | Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру объектілерін салу және реконструкциялау | 13 299 709,0 |
| | | | 069 | Қосымша білім беру объектілерін салу және реконструкциялау | 6 297 115,0 |
| | | | 205 | «Жайлы мектеп» пилоттық ұлттық жобасы шеңберінде бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру объектілерін салу | 77 840 951,0 |
| | | 339 | | Республикалық маңызы бар қаланың, астананың қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы | 1 951 124,0 |
| | | | 043 | Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында мамандар даярлау | 1 951 124,0 |
| | | 360 | | Республикалық маңызы бар қаланың, астананың білім басқармасы | 47 453 837,0 |
| | | | 018 | Кәсіптік оқытуды ұйымдастыру | 60 716,0 |
| | | | 024 | Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында мамандар даярлау | 47 393 121,0 |
| | | 373 | | Республикалық маңызы бар қаланың, астананың құрылыс басқармасы | 1 920 000,0 |
| | | | 046 | Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру объектілерін салу және реконструкциялау | 1 920 000,0 |
| | | 121 | | Республикалық маңызы бар қала, астана әкімінің аппараты | 5 029,0 |
| | | | 019 | Сайлау процесіне қатысушыларды оқыту | 5 029,0 |
| | | 339 | | Республикалық маңызы бар қаланың, астананың қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы | 1 300 700,0 |
| | | | 003 | Кадрлардың біліктілігін арттыру және оларды қайта даярлау | 1 300 700,0 |
| | | 360 | | Республикалық маңызы бар қаланың, астананың білім басқармасы | 2 750 917,0 |
| | | | 038 | Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017–2021 жылдарға арналған «Еңбек» мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде кадрлардың біліктілігін арттыру, даярлау және қайта даярлау | 2 750 917,0 |
| | | 339 | | Республикалық маңызы бар қаланың, астананың қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы | 909 839,0 |
| | | | 057 | Жоғары, жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар мамандар даярлау және білім алушыларға әлеуметтік қолдау көрсету | 909 839,0 |
| | | 360 | | Республикалық маңызы бар қаланың, астананың білім басқармасы | 19 497 993,0 |
| | | | 001 | Жергілікті деңгейде білім беру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер | 496 737,0 |
| | | | 006 | Республикалық маңызы бар қаланың, астананың мемлекеттік білім беру ұйымдарында білім беру жүйесін ақпараттандыру | 1 042 676,0 |
| | | | 007 | Республикалық маңызы бар қаланың, астананың мемлекеттік білім беру мекемелер үшін оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерді сатып алу және жеткізу | 3 369 000,0 |
| | | | 009 | Республикалық маңызы бар қала, астана ауқымындағы мектеп олимпиадаларын және мектептен тыс іс-шараларды өткізу | 1 598 642,0 |
| | | | 011 | Мемлекеттік органның күрделі шығыстары | 29 000,0 |
| | | | 013 | Балалар мен жасөспірімдердің психикалық денсаулығын зерттеу және халыққа психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациялық көмек көрсету | 2 556 243,0 |
| | | | 014 | Дамуында проблемалары бар балалар мен жасөспірімдердің оңалту және әлеуметтік бейімдеу | 279 236,0 |
| | | | 021 | Жетім баланы (жетім балаларды) және ата-аналарының қамқорынсыз қалған баланы (балаларды) күтіп-ұстауға асыраушыларына ай сайынғы ақшалай қаражат төлемдері | 413 263,0 |
| | | | 027 | Жетім баланы (жетім балаларды) және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған баланы (балаларды) асырап алғаны үшін Қазақстан азаматтарына біржолғы ақша қаражатын төлеуге арналған төлемдер | 6 943,0 |
| | | | 067 | Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары | 9 706 253,0 |
| 05 | | | | Денсаулық сақтау | 45 663 913,0 |
| | | 339 | | Республикалық маңызы бар қаланың, астананың қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы | 10 026 671,0 |
| | | | 006 | Ана мен баланы қорғау жөніндегі көрсетілетін қызметтер | 421 488,0 |
| | | | 007 | Салауатты өмір салтын насихаттау | 67 495,0 |
| | | | 017 | Қаржы лизингі шарттарында сатып алынған санитариялық көлік және сервистік қызмет көрсетуді талап ететін медициналық бұйымдар бойынша лизинг төлемдерін өтеу | 1 296 842,0 |
| | | | 041 | Республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті өкілдік органдарының шешімі бойынша тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемімен қосымша қамтамасыз ету | 8 240 846,0 |
| | | 373 | | Республикалық маңызы бар қаланың, астананың құрылыс басқармасы | 4 865 324,0 |
| | | | 009 | Алматы қаласында денсаулық сақтау объектілерін сейсмикалық күшейту | 500 000,0 |
| | | | 038 | Денсаулық сақтау объектілерін салу және реконструкциялау | 4 365 324,0 |
| | | 339 | | Республикалық маңызы бар қаланың, астананың қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы | 3 782 514,0 |
| | | | 027 | Халыққа иммундық профилактика жүргізу үшін вакциналарды және басқа медициналық иммундық биологиялық препараттарды орталықтандырылған сатып алу және сақтау | 3 782 514,0 |
| | | 339 | | Республикалық маңызы бар қаланың, астананың қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы | 1 447 012,0 |
| | | | 039 | Денсаулық сақтау субъектілерінің медициналық көмегін қамтитын қосымша медициналық көмектің көлемін көрсету, Call-орталықтардың қызметтер көрсетуі және өзге де шығыстар | 1 447 012,0 |
| | | 339 | | Республикалық маңызы бар қаланың, астананың қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы | 49 488,0 |
| | | | 029 | Республикалық маңызы бар қаланың, астананың арнайы медициналық жабдықтау базалары | 49 488,0 |
| | | 339 | | Республикалық маңызы бар қаланың, астананың қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы | 25 492 904,0 |
| | | | 001 | Жергілікті деңгейде денсаулық сақтау саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер | 328 345,0 |
| | | | 008 | Қазақстан Республикасында ЖИТС профилактикасы және оған қарсы күрес жөніндегі іс-шараларды іске асыру | 194 817,0 |
| | | | 016 | Азаматтарды елдімекеннен тыс жерлерде емделу үшін тегін және жеңілдетілген жол жүрумен қамтамасыз ету | 10 066,0 |
| | | | 018 | Денсаулық сақтау саласындағы ақпараттық талдамалық қызметтер | 187 192,0 |
| | | | 030 | Мемлекеттік органдардың күрделі шығыстары | 611 026,0 |
| | | | 033 | Медициналық денсаулық сақтау ұйымдарының күрделі шығыстары | 24 161 458,0 |
| 06 | | | | Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамсыздандыру | 67 456 800,0 |
| | | 123 | | Қаладағы аудан әкімінің аппараты | 2 456 104,0 |
| | | | 056 | Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек | 2 456 104,0 |
| | | 355 | | Республикалық маңызы бар қаланың, астананың жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы | 10 533 521,0 |
| | | | 014 | Жалпы үлгідегі медициналық-әлеуметтік мекемелерде (ұйымдарда), арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталықтарында, әлеуметтік қызмет көрсету орталықтарында қарттар мен мүгедектігі бар адамдарға арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету | 2 684 197,0 |
| | | | 020 | Психоневрологиялық медициналық-әлеуметтік мекемелерде (ұйымдарда), арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталықтарында, әлеуметтік қызмет көрсету орталықтарында психоневрологиялық аурулармен ауыратын мүгедектігі бар адамдар үшін арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету | 3 995 693,0 |
| | | | 021 | Оңалту орталықтарында қарттарға, мүгедектігі бар адамдарға, оның ішінде мүгедектігі бар балаларға арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету | 827 021,0 |
| | | | 022 | Балалар психоневрологиялық медициналық-әлеуметтік мекемелерінде (ұйымдарда), арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталықтарында, әлеуметтік қызметтер көрсету орталықтарында психоневрологиялық патологиялары бар мүгедектігі бар балалар үшін арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету | 2 446 203,0 |
| | | | 029 | Мүгедектігі бар адамдарды жұмысқа орналастыру үшін арнайы жұмыс орындарын құруға жұмыс берушінің шығындарын субсидиялау | 1 994,0 |
| | | | 064 | Еңбек мобильділігі орталықтары мен мансап орталықтарының жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі азаматтарды әлеуметтік қолдау бойынша қызметін қамтамасыз ету | 578 413,0 |
| | | 360 | | Республикалық маңызы бар қаланың, астананың білім басқармасы | 1 485 487,0 |
| | | | 016 | Жетім балаларды, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды әлеуметтік қамсыздандыру | 1 129 146,0 |
| | | | 037 | Әлеуметтік сауықтандыру | 356 341,0 |
| | | 373 | | Республикалық маңызы бар қаланың, астананың құрылыс басқармасы | 63 629,0 |
| | | | 039 | Әлеуметтік қамтамасыз ету объектілерін салу және реконструкциялау | 63 629,0 |
| | | 123 | | Қаладағы аудан әкімінің аппараты | 25 452 091,0 |
| | | | 003 | Мұқтаж азаматтарға үйінде әлеуметтік көмек көрсету | 1 927 328,0 |
| | | | 030 | Тұрғын үй көмегін көрсету | 27 139,0 |
| | | | 031 | Жергілікті өкілетті органдардың шешімі бойынша мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек | 8 393 422,0 |
| | | | 033 | Оңалтудың жеке бағдарламасына сәйкес мұқтаж мүгедектігі бар адамдарды міндетті гигиеналық құралдармен қамтамасыз ету, қозғалуға қиындығы бар бірінші топтағы мүгедектігі бар адамдарға жеке көмекшінің және есту бойынша мүгедектігі бар адамдарға қолмен көрсететін тіл маманының қызметтерін ұсыну | 9 668 474,0 |
| | | | 035 | Мүгедектігі бар адамдарға әлеуметтік қолдау | 5 435 728,0 |
| | | 317 | | Республикалық маңызы бар қаланың, астананың қалалық мобильділік басқармасы | 4 760 026,0 |
| | | | 017 | Жергілікті өкілдік органдардың шешімі бойынша қалалық қоғамдық көлікте (таксиден басқа) жеңілдікпен, тегін жол жүру түрінде азаматтардың жекелеген санаттарын әлеуметтік қолдау | 4 760 026,0 |
| | | 355 | | Республикалық маңызы бар қаланың, астананың жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы | 15 100 713,0 |
| | | | 003 | Жұмыспен қамту бағдарламасы | 13 138 409,0 |
| | | | 009 | Мүгедектігі бар адамдарды әлеуметтік қолдау | 1 213 324,0 |
| | | | 016 | Белгілі бір тұрғылықты жері жоқ адамдарды әлеуметтік бейімдеу | 748 980,0 |
| | | 123 | | Қаладағы аудан әкімінің аппараты | 2 271 175,0 |
| | | | 036 | Жәрдемақыларды және басқа да әлеуметтік төлемдерді есептеу, төлеу мен жеткізу бойынша қызметтерге ақы төлеу | 28 536,0 |
| | | | 037 | Үкіметтік емес ұйымдарда мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты орналастыру | 1 651 039,0 |
| | | | 039 | Кохлеарлық импланттарға сөйлеу процессорларын ауыстыру және теңшеу жөніндегі көрсетілетін қызметтер | 591 600,0 |
| | | 325 | | Республикалық маңызы бар қаланың, астананың қоғамдық даму басқармасы | 49 148,0 |
| | | | 077 | Қазақстан Республикасында мүгедектігі бар адамдардың құқықтарын қамтамасыз етуге және өмір сүру сапасын жақсарту | 49 148,0 |
| | | 355 | | Республикалық маңызы бар қаланың, астананың жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы | 3 222 037,0 |

***(Жалғасы 14-бетте).***

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | 001 | Жергілікті деңгейде халықты жұмыспен қамтуды қамтамасыз ету және әлеуметтік бағдарламалар саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер | 755 999,0 |
| | | | 019 | Үкіметтік емес ұйымдарда мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты орналастыру | 1 784 210,0 |
| | | | 026 | Мемлекеттік органның күрделі шығыстары | 7 000,0 |
| | | | 028 | Күш көрсету немесе күш көрсету қауіпі салдарынан қиын жағдайларға тап болған тәуекелдер тобындағы адамдарға қызметтер | 236 112,0 |
| | | | 062 | Біліктілік жүйесін дамыту | 5 097,0 |
| | | | 066 | Сенім білдірілген агентке жастардың кәсіпкерлік бастамасына жәрдемдесу үшін бюджеттік кредиттер беру жөніндегі қызметтеріне ақы төлеу | 69 503,0 |
| | | | 067 | Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары | 364 116,0 |
| | | 370 | | Республикалық маңызы бар қаланың, астананың еңбек инспекциясы басқармасы | 262 869,0 |
| | | | 001 | Жергілікті деңгейде еңбек қатынастарын реттеу саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер | 261 914,0 |
| | | | 003 | Мемлекеттік органның күрделі шығыстары | 955,0 |
| | | 511 | | Республикалық маңызы бар қаланың, астананың коммуналдық инфрақұрылымды дамыту басқармасы | 1 800 000,0 |
| | | | 054 | Жеке тұрғын үй қорынан жалға алынған тұрғынжай үшін азаматтардың жекелеген санаттарына төлемдер | 800 000,0 |
| | | | 068 | Әлеуметтік көмек ретінде тұрғын үй сертификаттарын беру | 1 000 000,0 |
| 07 | | | | Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық | 294 486 469,8 |
| | | 123 | | Қаладағы аудан әкімінің аппараты | 163 435,0 |
| | | | 050 | Инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды жобалау, дамыту және (немесе) жайластыру | 163 435,0 |
| | | 351 | | Республикалық маңызы бар қаланың, астананың жер қатынастары басқармасы | 46 737 625,0 |
| | | | 010 | Мемлекеттік қажеттіліктер үшін жер учаскелерін алып қою, оның ішінде сатып алу жолымен алып қою және осыған байланысты жылжымайтын мүлікті иеліктен айыру | 46 737 625,0 |
| | | 373 | | Республикалық маңызы бар қаланың, астананың құрылыс басқармасы | 95 391 267,0 |
| | | | 012 | Коммуналдық тұрғын үй қорының тұрғын үйін жобалау және (немесе) салу, реконструкциялау | 11 152 417,0 |
| | | | 017 | Инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды жобалау, дамыту және (немесе) жайластыру | 4 395 450,0 |
| | | | 098 | Коммуналдық тұрғын үй қорының тұрғын үйлерін сатып алу | 79 843 400,0 |
| | | 511 | | Республикалық маңызы бар қаланың, астананың коммуналдық инфрақұрылымды дамыту басқармасы | 3 402 444,0 |
| | | | 001 | Жергілікті деңгейде коммуналдық инфрақұрылымды дамыту мәселелері бойынша мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер | 905 644,0 |
| | | | 007 | Мемлекеттік органның күрделі шығыстары | 562 360,0 |
| | | | 008 | Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары | 1 934 440,0 |
| | | 512 | | Республикалық маңызы бар қаланың, астананың энергетика және сумен жабдықтау басқармасы | 2 962 430,0 |
| | | | 008 | Инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды жобалау, дамыту және (немесе) жайластыру | 2 962 430,0 |
| | | 123 | | Қаладағы аудан әкімінің аппараты | 15 616 037,0 |
| | | | 042 | Сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін дамыту | 13 905 912,0 |
| | | | 043 | Қаланы абаттандыруды дамыту | 1 710 125,0 |
| | | 512 | | Республикалық маңызы бар қаланың, астананың энергетика және сумен жабдықтау басқармасы | 25 044 405,8 |
| | | | 001 | Жергілікті деңгейде энергетика және сумен жабдықтау саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер | 307 455,0 |
| | | | 007 | Сумен жабдықтау және су бұру жүйесін дамыту | 20 765 274,8 |
| | | | 016 | Мемлекеттік органның күрделі шығыстары | 2 900,0 |
| | | | 028 | Республикалық маңызы бар қаланың, астананың коммуналдық меншігіндегі жылу жүйелерін пайдалануды ұйымдастыру | 354 381,0 |
| | | | 067 | Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары | 3 614 395,0 |
| | | 513 | | Республикалық маңызы бар қаланың, астананың экология және қоршаған орта басқармасы | 17 612 052,0 |
| | | | 017 | Қаланы абаттандыруды дамыту | 17 612 052,0 |
| | | 123 | | Қаладағы аудан әкімінің аппараты | 87 345 895,0 |
| | | | 008 | Елдімекендердегі көшелерді жарықтандыру | 13 528 098,0 |
| | | | 009 | Елдімекендердің санитариясын қамтамасыз ету | 26 650 791,0 |
| | | | 010 | Жерлеу орындарын ұстау және туыстары жоқ адамдарды жерлеу | 503 118,0 |
| | | | 011 | Елдімекендерді абаттандыру мен көгалдандыру | 46 663 888,0 |
| | | 511 | | Республикалық маңызы бар қаланың, астананың коммуналдық инфрақұрылымды дамыту басқармасы | 117 480,0 |
| | | | 041 | Профилактикалық дезинсекция мен дератизация жүргізу (инфекциялық және паразиттік аурулардың табиғи ошақтарының аумағындағы, сондай-ақ инфекциялық және паразиттік аурулардың ошақтарындағы дезинсекция мен дератизацияны қоспағанда) | 117 480,0 |
| | | 513 | | Республикалық маңызы бар қаланың, астананың экология және қоршаған орта басқармасы | 93 399,0 |
| | | | 018 | Қаланы абаттандыру мен көгалдандыру | 93 399,0 |
| 08 | | | | Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістік | 71 471 405,0 |
| | | 123 | | Қаладағы аудан әкімінің аппараты | 8 219 910,0 |
| | | | 006 | Жергілікті деңгейде мәдени-демалыс жұмыстарын қолдау | 400 000,0 |
| | | | 044 | Шығармашылық үйірмелерді жан басына шаққандағы нормативтік қаржыландыруды іске асыру | 7 819 910,0 |
| | | 361 | | Республикалық маңызы бар қаланың, астананың мәдениет басқармасы | 12 979 867,0 |
| | | | 004 | Мәдени-демалыс жұмысын қолдау | 7 683 719,0 |
| | | | 005 | Тарихи-мәдени мұраны сақтауды және оған қолжетімділікті қамтамасыз ету | 1 299 554,0 |
| | | | 006 | Мемлекет қайраткерлерін мәңгі есте сақтау | 187 999,0 |
| | | | 007 | Театр және музыка өнерін қолдау | 2 516 051,0 |
| | | | 008 | Зоопарктер мен дендропарктердің жұмыс істеуін қамтамасыз ету | 1 292 544,0 |
| | | 373 | | Республикалық маңызы бар қаланың, астананың құрылыс басқармасы | 400 127,0 |
| | | | 014 | Мәдениет объектілерін дамыту | 400 127,0 |
| | | 123 | | Қаладағы аудан әкімінің аппараты | 7 290 900,0 |
| | | | 046 | Спорт секцияларын жан басына шаққандағы нормативтік қаржыландыруды іске асыру | 7 290 900,0 |
| | | 323 | | Республикалық маңызы бар қаланың, астананың спорт басқармасы | 13 798 869,0 |
| | | | 001 | Жергілікті деңгейде спорт  саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер | 123 599,0 |
| | | | 002 | Жергілікті деңгейде спорттық жарыстар өткізу | 958 600,0 |
| | | | 003 | Республикалық және халықаралық спорттық жарыстарға әртүрлі спорт түрлері бойынша құрама командалары мүшелерінің дайындығы және қатысуы | 11 120 008,0 |
| | | | 005 | Мемлекеттік органның күрделі шығыстары | 882,0 |
| | | | 016 | Мемлекеттік қалалық спорттық ұйымдардың жұмыс істеуін қамтамасыз ету | 1 554 380,0 |
| | | | 032 | Бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары | 41 400,0 |
| | | 373 | | Республикалық маңызы бар қаланың, астананың құрылыс басқармасы | 688 840,0 |
| | | | 015 | Спорт объектілерін дамыту | 688 840,0 |
| | | 121 | | Республикалық маңызы бар қала, астана  әкімінің аппараты | 65 000,0 |
| | | | 009 | Мемлекеттік тілді және Қазақстан халқының басқа да тілдерін дамыту | 65 000,0 |
| | | 313 | | Республикалық маңызы бар қаланың, астананың цифрландыру басқармасы | 10 472 915,0 |
| | | | 001 | Жергілікті деңгейде цифрландыру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер | 10 470 164,0 |
| | | | 009 | Мемлекеттік органның күрделі шығыстары | 2 751,0 |
| | | 325 | | Республикалық маңызы бар қаланың, астананың қоғамдық даму басқармасы | 4 850 216,0 |
| | | | 005 | Мемлекеттік ақпараттық саясат жүргізу жөніндегі қызметтер | 4 850 216,0 |
| | | 361 | | Республикалық маңызы бар қаланың, астананың мәдениет басқармасы | 3 353 654,0 |
| | | | 009 | Қалалық кітапханалардың жұмыс істеуін қамтамасыз ету | 2 368 111,0 |
| | | | 010 | Архив қорының сақталуын қамтамасыз ету | 985 543,0 |
| | | 380 | | Республикалық маңызы бар қаланың, астананың туризм басқармасы | 4 854 687,0 |
| | | | 001 | Жергілікті деңгейде туризм саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер | 187 663,0 |
| | | | 002 | Туристік қызметті реттеу | 4 666 043,0 |
| | | | 004 | Мемлекеттік органның күрделі шығыстары | 981,0 |
| | | 302 | | Республикалық маңызы бар қаланың, астананың жастар саясаты басқармасы | 2 559 689,0 |
| | | | 001 | Жергілікті деңгейде мемлекеттік жастар саясатын іске асыру жөніндегі қызметтер | 293 420,0 |
| | | | 003 | Жастар саясаты саласында іс-шараларды іске асыру | 2 266 269,0 |
| | | 325 | | Республикалық маңызы бар қаланың, астананың қоғамдық даму басқармасы | 981 968,0 |
| | | | 001 | Қоғамдық даму саласындағы мемлекеттік саясатты  іске асыру | 973 773,0 |
| | | | 007 | Мемлекеттік органның күрделі шығыстары | 8 195,0 |
| | | 361 | | Республикалық маңызы бар қаланың, астананың мәдениет басқармасы | 954 763,0 |
| | | | 001 | Жергілікті деңгейде мәдениет саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер | 189 708,0 |
| | | | 032 | Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары | 765 055,0 |
| 09 | | | | Отын-энергетика кешені және жер қойнауын пайдалану | 18 811 376,0 |
| | | 512 | | Республикалық маңызы бар қаланың, астананың энергетика және сумен жабдықтау басқармасы | 18 811 376,0 |
| | | | 012 | Жылу-энергетикалық жүйені дамыту | 18 811 376,0 |
| 10 | | | | Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, қоршаған ортаны және жануарлар дүниесін қорғау, жер қатынастары | 24 194 372,0 |
| | | 326 | | Республикалық маңызы бар қаланың, астананың кәсіпкерлік және инвестициялар басқармасы | 1 572 591,0 |
| | | | 011 | Мал көмінділерінің (биотермиялық шұңқырлардың) жұмыс істеуін қамтамасыз ету | 70 200,0 |
| | | | 014 | Эпизоотияға қарсы іс-шаралар жүргізу | 436 157,0 |
| | | | 016 | Ауыл шаруашылығы жануарларын сәйкестендіру жөніндегі іс-шараларды өткізу | 68 226,0 |
| | | | 021 | Ауыл шаруашылық дақылдарының зиянды организмдеріне қарсы күрес жөніндегі іс-шаралар | 19 600,0 |
| | | | 022 | Қаңғыбас иттер мен мысықтарды аулауды және жоюды ұйымдастыру | 380 052,0 |
| | | | 034 | Жеке және заңды тұлғаларға жеміс дақылдарының бактериялық күйігін жұқтырған жойылған жеміс-жидек дақылдарын отырғызу мен өсіру шығындарын өтеу | 270,0 |
| | | | 055 | Агроөнеркәсіптік кешен субъектілерін қаржылық сауықтыру жөніндегі бағыт шеңберінде кредиттік және лизингтік міндеттемелер бойынша пайыздық мөлшерлемені субсидиялау | 5 588,0 |
| | | | 056 | Ауыл шаруашылығы малын, техниканы және технологиялық жабдықты сатып алуға кредит беру, сондай-ақ лизинг кезінде сыйақы мөлшерлемесін субсидиялау | 462 438,0 |
| | | | 057 | Мал шаруашылығы саласында терең қайта өңдеуден өткізілетін өнімдерді өндіру үшін ауыл шаруашылығы өнімін сатып алуға жұмсайтын өңдеуші кәсіпорындардың шығындарын субсидиялау | 130 060,0 |
| | | 513 | | Республикалық маңызы бар қаланың, астананың экология және қоршаған орта басқармасы | 1 460 472,0 |
| | | | 009 | Коммуналдық меншіктегі су шаруашылығы құрылыстарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету | 1 460 472,0 |
| | | 513 | | Республикалық маңызы бар қаланың, астананың экология және қоршаған орта басқармасы | 20 854 875,0 |
| | | | 001 | Жергілікті деңгейде экология және қоршаған ортаны қорғау саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер | 2 478 687,0 |
| | | | 004 | Қоршаған ортаны сауықтыру бойынша іс-шаралар | 11 550 041,0 |
| | | | 005 | Экожүйе объектілерін дамыту | 5 824 311,0 |
| | | | 006 | Ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды күтіп-ұстау және қорғау | 865 516,0 |
| | | | 011 | Мемлекеттік органның күрделі шығыстары | 1 200,0 |
| | | | 032 | Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары | 135 120,0 |
| | | 351 | | Республикалық маңызы бар қаланың, астананың жер қатынастары басқармасы | 306 434,0 |
| | | | 001 | Республикалық маңызы бар қала, астана аумағында жер қатынастарын реттеу саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер | 304 609,0 |
| | | | 008 | Мемлекеттік органның күрделі шығыстары | 1 825,0 |
| 11 | | | | Өнеркәсіп, сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі | 12 249 981,0 |
| | | 319 | | Республикалық маңызы бар қаланың, астананың қалалық жоспарлау және урбанистика басқармасы | 10 962 719,0 |
| | | | 001 | Жергілікті деңгейде сәулет және құрылысы саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер | 635 436,0 |
| | | | 002 | Елдімекендердегі құрылыстардың бас жоспарын әзірлеу | 10 307 669,0 |
| | | | 005 | Мемлекеттік органның күрделі шығыстары | 19 614,0 |
| | | 324 | | Республикалық маңызы бар қаланың, астананың қала құрылысын бақылау басқармасы | 393 336,0 |
| | | | 001 | Жергілікті мемлекеттік қала құрылысы және жерді бақылау саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер | 379 806,0 |
| | | | 003 | Мемлекеттік органның күрделі шығыстары | 13 530,0 |
| | | 373 | | Республикалық маңызы бар қаланың, астананың құрылыс басқармасы | 893 926,0 |
| | | | 001 | Жергілікті деңгейде құрылыс саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер | 890 328,0 |
| | | | 003 | Мемлекеттік органның күрделі шығыстары | 3 598,0 |
| 12 | | | | Көлік және коммуникация | 263 908 127,0 |
| | | 123 | | Қаладағы аудан әкімінің аппараты | 4 004 328,0 |
| | | | 045 | Елдімекендер көшелеріндегі автомобиль жолдарын ағымдағы жөндеу | 4 004 328,0 |
| | | 317 | | Республикалық маңызы бар қаланың, астананың қалалық мобильділік басқармасы | 69 416 307,0 |
| | | | 007 | Көлік инфрақұрылымын дамыту | 42 856 687,0 |
| | | | 016 | Автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету | 26 559 620,0 |
| | | 317 | | Республикалық маңызы бар қаланың, астананың қалалық мобильділік басқармасы | 190 487 492,0 |
| | | | 001 | Жергілікті деңгейде жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары саласында мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер | 1 130 369,0 |
| | | | 003 | Мемлекеттік органның күрделі шығыстары | 9 219,0 |
| | | | 008 | Метрополитендегі жолаушылар тасымалын субсидиялау | 12 203 762,0 |
| | | | 009 | Әлеуметтік маңызы бар ішкі қатынастар бойынша жолаушылар тасымалдарын субсидиялау | 70 334 621,0 |
| | | | 011 | Жол жүрісін реттеудің техникалық құралдарын салу және реконструкциялау | 1 969 450,0 |
| | | | 032 | Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары | 104 840 071,0 |
| 13 | | | | Басқалар | 65 381 702,0 |
| | | 326 | | Республикалық маңызы бар қаланың, астананың кәсіпкерлік және инвестициялар басқармасы | 13 424 602,0 |
| | | | 005 | Кәсіпкерлік субъектілерін қолдау | 1 397 657,0 |
| | | | 017 | Кәсіпкерлік субъектілерінің кредиттері бойынша пайыздық мөлшерлемелерді субсидиялау | 10 200 000,0 |
| | | | 018 | Кәсіпкерлік субъектілерінің кредиттерін ішінара кепілдендіру | 372 645,0 |
| | | | 060 | Креативті индустриялар саласында жеке кәсіпкерлікті дамыту, креативті кеңістіктерді инфрақұрылымын құру үшін қаржыландыру және жағдайлар жасау | 954 300,0 |
| | | | 082 | Бизнес-идеяларды іске асыру үшін кәсіпкерлік субъектілеріне мемлекеттік гранттар беру | 500 000,0 |
| | | 313 | | Республикалық маңызы бар қаланың, астананың цифрландыру басқармасы | 4 232 534,0 |
| | | | 096 | Мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалар бойынша мемлекеттік міндеттемелерді орындау | 4 232 534,0 |
| | | 317 | | Республикалық маңызы бар қаланың, астананың қалалық мобилділік басқармасы | 567 484,0 |
| | | | 096 | Мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалар бойынша мемлекеттік міндеттемелерді орындау | 567 484,0 |
| | | 323 | | Республикалық маңызы бар қаланың, астананың спорт басқармасы | 687 086,0 |
| | | | 096 | Мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалар бойынша мемлекеттік міндеттемелерді орындау | 687 086,0 |
| | | 326 | | Республикалық маңызы бар қаланың, астананың кәсіпкерлік және инвестициялар басқармасы | 2 591 832,0 |
| | | | 001 | Жергілікті деңгейде кәсіпкерлік, өнеркәсіп, инвестициялар және ауыл шаруашылық, ветеринария саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер | 1 433 030,0 |
| | | | 004 | Индустриялық-инновациялық қызметті мемлекеттік қолдау шеңберінде іс-шараларды іске асыру | 1 158 802,0 |
| | | 356 | | Республикалық маңызы бар қаланың, астананың қаржы басқармасы | 32 452 766,0 |
| | | | 013 | Республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органының резерві | 29 852 766,0 |
| | | | 022 | Жергілікті бюджеттік инвестициялық жобалардың техникалық-экономикалық негіздемелерін және мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалардың,  оның ішінде концессиялық жобалардың конкурстық құжаттамаларын әзірлеу немесе түзету, сондай-ақ қажетті сараптамаларын жүргізу, мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларды, оның ішінде концессиялық жобаларды консультациялық сүйемелдеу | 2 600 000,0 |
| | | 373 | | Республикалық маңызы бар қаланың, астананың құрылыс басқармасы | 11 388 544,0 |
| | | | 031 | Әкімшілік ғимараттар кешенін салу | 10 923 755,0 |
| | | | 048 | Қалалардың шетіндегі әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылымды дамыту | 464 789,0 |
| | | 512 | | Республикалық маңызы бар қаланың, астананың энергетика және сумен жабдықтау басқармасы | 36 854,0 |
| | | | 018 | «Инновациялық технологиялар паркі» арнайы экономикалық аймағының инфрақұрылымын дамыту | 36 854,0 |
| 14 | | | | Борышқа  қызмет көрсету | 5 210 755,0 |
| | | 356 | | Республикалық маңызы бар қаланың, астананың қаржы басқармасы | 5 210 755,0 |
| | | | 005 | Жергілікті атқарушы органдардың борышына қызмет көрсету | 5 207 710,0 |
| | | | 018 | Жергілікті атқарушы органдардың республикалық бюджеттен қарыздар бойынша сыйақылар  мен өзге де төлемдерді төлеу бойынша борышына қызмет көрсету | 3 045,0 |
| 15 | | | | Трансферттер | 228 309 760,1 |
| | | 356 | | Республикалық маңызы бар қаланың, астананың қаржы басқармасы | 228 309 760,1 |
| | | | 006 | Пайдаланылмаған (толық пайдаланылмаған) нысаналы трансферттерді қайтару | 253 506,7 |
| | | | 007 | Бюджеттік алып қоюлар | 226 102 075,0 |
| | | | 024 | Заңнаманы өзгертуге байланысты жоғары тұрған бюджеттің шығындарын өтеуге төменгі тұрған бюджеттен ағымдағы нысаналы трансферттер | 169 052,0 |
| | | | 049 | Бюджет заңнамасымен қарастырылған жағдайларда жалпы сипаттағы трансферттерді қайтару | 1 564 782,0 |
| | | | 052 | Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша толық пайдалануға рұқсат етілген, өткен қаржы жылында бөлінген, пайдаланылмаған (түгел пайдаланылмаған) нысаналы даму трансферттерінің сомасын қайтару | 150 020,2 |
| | | | 053 | Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан берілетін нысаналы трансферт есебінен республикалық бюджеттен бөлінген пайдаланылмаған (түгел пайдаланылмаған) нысаналы трансферттердің сомасын қайтару | 70 324,2 |
| | | | | III. Таза бюджеттік кредит беру | 19 676 423,1 |
| | | | | Бюджеттік кредиттері | 26 310 000,0 |
| 06 | | | | Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамсыздандыру | 3 310 000,0 |
| | | 355 | | Республикалық маңызы бар қаланың, астананың жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы | 3 310 000,0 |
| | | | 063 | Жастардың кәсіпкерлік бастамашылығына жәрдемдесу үшін бюджеттік кредиттер беру | 3 310 000,0 |
| 07 | | | | Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық | 22 000 000,0 |
| | | 511 | | Республикалық маңызы бар қаланың, астананың коммуналдық инфрақұрылымды дамыту басқармасы | 22 000 000,0 |
| | | | 012 | Алдын ала және аралық тұрғын үй қарыздарын беру үшін «Отбасы банк» тұрғын үй құрылыс жинақ банкі акционерлік қоғамына бюджеттік кредит беру | 22 000 000,0 |
| 13 | | | | Басқалар | 1 000 000,0 |
| | | 326 | | Республикалық маңызы бар қаланың, астананың кәсіпкерлік және кәсіпкерлік және инвестициялар басқармасы | 1 000 000,0 |
| | | | 007 | «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ-ға кредит беру | 1 000 000,0 |
| 05 | | | | Бюджеттік кредиттерді өтеу | 6 633 576,9 |
| | | 1 | | Мемлекеттік бюджеттен берілген бюджеттік кредиттерді өтеу | 4 458 508,0 |
| | | | 06 | Қарыз алушы банктерге жергілікті бюджеттен берілген бюджеттік кредиттер бойынша сыйақылар | 4 458 508,0 |
| | | 2 | | Бюджеттік кредиттердің сомаларын қайтару | 2 175 068,9 |
| | | | 02 | Жергілікті бюджеттен берілген пайдаланылмаған бюджеттік кредиттерді қайтару | 2 175 068,9 |
| | | | | IV. Қаржы активтерімен жасалатын операциялар бойынша сальдо | 20 070 581,0 |
| | | | | Қаржы активтерін сатып алу | 20 521 581,0 |
| 12 | | | | Көлік және коммуникация | 1 541 641,0 |
| | | 317 | | Республикалық маңызы бар қаланың, астананың қалалық мобильділік басқармасы | 1 541 641,0 |
| | | | 019 | Метрополитен салуға заңды тұлғалардың жарғылық капиталын ұлғайту | 1 541 641,0 |
| 13 | | | | Басқалар | 18 979 940,0 |
| | | 326 | | Республикалық маңызы бар қаланың, астананың кәсіпкерлік және инвестициялар басқармасы | 5 000 000,0 |
| | | | 065 | Заңды тұлғалардың жарғылық капиталын қалыптастыру немесе ұлғайту | 5 000 000,0 |
| | | 512 | | Республикалық маңызы бар қаланың, астананың энергетика және сумен жабдықтау басқармасы | 13 526 831,0 |
| | | | 065 | Заңды тұлғалардың жарғылық капиталын қалыптастыру немесе ұлғайту | 13 526 831,0 |
| | | 513 | | Республикалық маңызы бар қаланың, астананың экология және қоршаған орта басқармасы | 453 109,0 |
| | | | 065 | Заңды тұлғалардың жарғылық капиталын қалыптастыру немесе ұлғайту | 453 109,0 |
| 06 | | | | Мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер | 451 000,0 |
| | | 1 | | Қаржы активтерін ел  ішінде  сатудан түсетін түсімдер | 451 000,0 |
| | | | 05 | Мүліктік кешен түріндегі коммуналдық мемлекеттік мекемелер мен мемлекеттік кәсіпорындарды және коммуналдық мемлекеттік кәсіпорындардың жедел басқаруындағы немесе шаруашылық жүргізуіндегі өзге мемлекеттік мүлікті сатудан түсетін түсімдер | 451 000,0 |
| | | | | V. Бюджеттік дефицит | -99 848 915,1 |
| | | | | VI. Бюджет дефицитін қаржыландыру | 99 848 915,1 |

# «ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТІНЕ ЖАЗЫЛЫҢЫЗ!

## «Almaty aqshamy» газетіне 2024 жылға жазылу жүріп жатыр!

**«ALMATY AQSHAMY»** – алматылықтардың да, еліміздің барлық дерлік өңірлеріндегі оқырмандарымыздың да асыға күтетін, сүйіп оқитын басылымы! Қазақ сөз өнері мен журналистикасының дәстүрлі мектебі!

**«ALMATY AQSHAMY»** жарияланымдары мектептерде, колледждер мен университеттерде оқылады, әлеуметтік желілерде зерделеніп, талқыланады.

**БІЗ газетімізді асыға күтетін оқырмандарымызбен және тұрақты авторларымызбен әрдайым БІРГЕМІЗ!**

«Almaty aqshamy» газетіне «Қазпошта» АҚ Алматы поштамты бөлімшелерінде, «Евразия Пресс» агенттігі», «Эврика Пресс» өкілдіктерінде жазылуға болады. Бізді **almaty-akshamy.kz** сайтынан да оқыңыздар!

## «ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТІНЕ 2024 ЖЫЛҒА ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСТЕРІ:

**65503 (жеке жазылушылар үшін)** 1 айға – 536,12 теңге, 3 айға – 1608,36 теңге, 6 айға – 3216,72 теңге, 8 айға – 4288,96 теңге

**15503 (кәсіпорындар мен ұйымдар үшін)** 1 айға – 736,12 теңге, 3 айға – 2208,36 теңге, 6 айға – 4416,72 теңге, 8 айға – 5888,96 теңге

**95503 (зейнеткерлер, мүгедектер мен ҰОС ардагерлері үшін)**
1 айға – 336,12 теңге, 3 айға – 1008,36 теңге, 6 айға – 2016,72 теңге, 8 айға – 2688,96 теңге

**Анықтама үшін телефондар: 8 (727) 293-08-12, 293-08-25, 293-08-03.**

### Құрметті оқырмандар!

**«Алматы ақшамы»** газетінің баспа нұсқасына жазылуды енді **Post.kz сайты** арқылы немесе мобильді қосымшаны пайдалана отырып, онлайн режимде ресімдеуге болатынын қуана хабарлаймыз. Жылдам іздеу функциясы арқылы **«Алматы ақшамы»** газетін тауып, оған жазылуды бір сәтте рәсімдеуге болады. Газетке жазылу үшін оның қажетті санын, жазылу мерзімін көрсетіп, кез келген банктің картасымен төлем жасау қажет.

Жазылу индекстері мен жазылу құны **«Алматы ақшамы»** газетінің баспа нұсқасына жазылумен тең.

Газет **Post.kz**-пен рәсімдеу кезінде көрсетілген мекенжай бойынша жеткізіледі. Қызмет **24/7** қолжетімді.

ЖАС МАМАН – 2024

# ЖҰМЫСШЫ МАМАНДЫҒЫНА СҰРАНЫС АРТАДЫ

**Алматыда қалалық Білім басқармасының ұйымдастыруымен «JasSkills» қалалық конкурсы үшінші мәрте ұйымдастырылып, Алматы автомеханика колледжінде «Жеңіл автомобильдерді жөндеу және қызмет көрсету» мамандығы бойынша байқау өтті.**

**Рая ЕСКЕНДІР**



Өткізіліп отырған байқаудың басты мақсаты – «WorldSkills» Ұлттық қозғалысын дәріптеп, қолдау білдіру әрі қоғамдағы жұмысшы мамандығының беделін арттырып, мектеп оқушыларына кәсіптік бағдар беру.

Аталмыш байқауға қазір қаламыздағы жалпы білім беретін мектептердің 9–11-сынып оқушылары белсене қатысып жатыр. Әсіресе, олардың арасында осы саланың маманы болсам деген жастардың көп екені көңіл қуантады. Неге десеңіз, қазіргі кезде көптеген жастарымыз грант саны көп оқу орындарын таңдап, есесіне өз мамандығымен еңбек етуге құлықсыздық танытатыны жасырын емес.

Мамандық таңдауда адаспаған жөн деп көп айтылады, дегенмен бұл сөз жүзінде қалып, көп жағдайда жауапсыздық орын алып жатады. Бұл, әрине, дер кезегінде дұрыс бағыт беріп, жол көрсетпегендіктің нәтижесі. Сондықтан қалалық Білім басқармасы бұл олқылықтың орнын толтырып, оның салдарымен емес, себебін сарапқа салу жұмыстарын бастап кетті.

Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында бастау алып отырған қалалық конкурсты ұйымдастырушылар оқушылардың мамандық таңдауы үшін барлық жағдайды жасап, түсіндіру жұмыстарын да қоса жүргізіп жатыр.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

**Темірбек РАХМАНОВ,**
**Алматы автомеханика колледжінің директоры:**

***– «JasSkills» қалалық конкурсына мектепті бітіргелі отырған оқушылар қатысып жатыр. Оларға алдын ала автокөлікті бөлшектеу, жинау сияқты тапсырмалар берілді. Себебі, олар бұл саламен енді ғана танысып жатыр. Байқауды ұйымдастырып, өткізу біздің сала үшін өте тиімді болып отыр. Неге десеңіз, олар осында келіп шеберханамен танысты. Өздеріне қолайлы қандай мамандық таңдау керек екенін білді. Қазіргі таңда мемлекетімізге жұмысшы кадрлар өте қажет. Жаңадан өндірістер ашылып жатыр, онда жұмысшы мамандар жетіспейді. Автокөлік саласы да ұлғайып жатыр. Көлік жөндеушілер өте тапшы. Сондықтан бұл салаға сұраныс жоғары.***

БӘРЕКЕЛДІ!



**Биыл «Анаға құрмет» музейінің ашылғанына 10 жыл толады. Осыған орай музей ұжымы «10 қайырымды іс» жобасын бастаған еді.**

# «10 ҚАЙЫРЫМДЫ ІС» ЖОБАСЫ БАСТАЛДЫ

Аталмыш музейге келушілердің қарасы қалың. Өйткені, осы үйдің ішіне қазақ аналарының бейнелері, кескін-келбетін бейнелейтін жәдігерлер шоғырланған. Әсіресе, сонау сан ғасырдан сыр тартатын тарихи құндылықтар келушілердің қызығушылығын арттырып, ел назарын өзіне аударып отыр.

Бұл күні «Анаға құрмет» музейіне Алматы облысының Заречный ауылында орналасқан ҚР ІІМ Қылмыстық атқару жүйесі комитетінің «№49 мекемесінде жазасын жеңіл түрде өтеп жүрген қыз-келіншектер экскурсант болып келді. Олар музей қабырғасындағы ақ жаулықты батыр аналарымыздың басынан кешкен тарихымен, өткен ғасырда өмір сүрген тұлғаларының өмірімен жете танысты. Ұлттық құндылықтарымызды, әдет-ғұрып, салт-дәстүріміз туралы білді. Музей ұжымы бұдан былай да темір тордың арғы жағындағы жазасын өтеп жатқандарға осындай экскурсияларды жиі-жиі өткізіп тұратынын жеткізді.

*– Халқымызда «Жаңылмайтын жақ жоқ, адаспайтын тұяқ жоқ» деген сөз бар ғой. Бұл әйелдердің арасында баласы 1 жасқа да толмаған аналар бар екен. Көпшілігі өз қатесін мойындап, тезірек жаңа өмірге аяқ басуды армандайтынын айтып жатыр. Бостандықта жүрген кездерін еске алғанда көздері жасқа толады. Қайтсін енді, тағдыр ғой. Тіпті, өткен өмірін есіне алғысы келмейтін нәзік жандылар да болды. Тағдыр тауқыметіне мойымай, басына түскен сынақты сынбай көтеріп келе жатқан қыз-келіншектер музей ішін зор ықыласпен аралап көрді. Қазақ аналары туралы көріп, керемет әсер алды,* – дейді «Анаға құрмет» музейінің экскурсия жүргізушісі Несіпкүл Елмұратова.

**Р.ЕСКЕРМЕСҚЫЗЫ.**

ЖАРНАМА

**«Lemon LOMBARD» ЖШС** 2024 жылғы 3 маусым, сағат 9.00-де Алматы қаласы, Әуезов көшесі, 181, 17-п., өтелмеген кепіл мүлкінің сатылуы өтеді: пайдаланылған алтын бұйымдар (сырғалар, сақиналар, білезіктер, шынжырлар, мойынтұмарлар, алқалар). Лоттар саны – 951 дана. Төлем тәртібі мен мерзімі, сондай-ақ төлем реквизиттері: сатып алу-сату шартының талаптарына сәйкес.

Өтінімдерді «Lemon LOMBARD» ЖШС мекенжайы бойынша жіберу керек: Алматы қ., Әуезов көшесі, 181, 17-п. немесе **lemon@lmn.kz электрондық поштасы** бойынша 2024 жылғы 6 мамыр, сағат 18.00-ге дейін. Сауда-саттықты өткізу әдісі – голландтық. Бағаны өзгерту қадамы – 2%.

Сатылым туралы қосымша ақпаратты **+7 707 117 90 10 телефоны** бойынша алуға болады.

**«Lemon Land Lombard» ЖШС** 2024 жылғы 3 маусым, сағат 9.00-де Алматы қаласы, Төле би көшесі, 251 А, кеңсе 1., өтелмеген кепіл мүлкінің сатылуы өтеді: пайдаланылған алтын бұйымдар (сырғалар, сақиналар, білезіктер, шынжырлар, мойынтұмарлар, алқалар). Лоттар саны – 471 дана. Төлем тәртібі мен мерзімі, сондай-ақ төлем реквизиттері: сатып алу-сату шартының талаптарына сәйкес.

Өтінімдерді «Lemon Land Lombard» ЖШС мекенжайы бойынша жіберу керек: Алматы қ., Төле би к-сі, 251 А, кеңсе 1, немесе **land@lmn.kz электрондық поштасы** бойынша 2024 жылғы 6 мамыр, сағат 18.00-ге дейін. Сауда-саттықты өткізу әдісі – голландтық. Бағаны өзгерту қадамы – 2%.

Сатылым туралы қосымша ақпаратты **+7 707 100 90 10 телефоны** бойынша алуға болады.

КӨҢІЛ АЙТУ

«Alatau Aqparat» ЖШС ұжымы «Almaty aqshamy» газетінің қызметкері Кенжехан Нүсіповаға жеңгесі

**Айтжамал РАҚЫМБАЙҚЫЗЫНЫҢ**

қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

ALATAU AQPARAT

Бас директор – **Ержан ҚАЛЫМБАЙҰЛЫ**
**Қабылдау бөлмесі:** тел: 293-08-03.

Бас директордың орынбасары – **Абдухалил ЖАЛИЛОВ** тел: 293-08-03 (ішкі 102).

Бас директордың шығармашылық жөніндегі орынбасары – **Гүлжазира СЕЙДАХМЕДОВА** тел.: 293-04-28.

Бас редактор – **Төрехан ДАНИЯР** тел: 293-52-24.

Бас редактордың орынбасары – **Әнуарбек ӘУЕЛБЕК** тел: 293-52-36.

Жауапты хатшы – **Серік ЖҰМАБАЕВ** тел: 293-52-43.

Жаңалықтар мен ақпарат бөлімінің редакторы – **Рая ЕСКЕНДІР**

Қала тынысы бөлімінің редакторы – **Нұржамал ӘЛІШЕВА**

Шаһар шаруашылығы және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімінің редакторы – **Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ** тел: 293-52-36.

Коммерция бөлімінің жетекшісі – **Куаныш ДЮСКАЛИЕВ** тел: 293-08-12. E-mail: **rekalatauaqparat@gmail.com**

Жарнама және тарату бөлімі. E-mail: **rekalatauaqparat@gmail.com** тел: 293-08-25

**Шығармашылық даму жөніндегі кеңес**

Кеңес төрағасы – **Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ**

Кеңес мүшелері: **Мұрат ӘУЕЗОВ, Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ, Сейітқазы МАТАЕВ.**

**Газетті жеткізу бойынша шағымдар болса, «Қазпошта» АҚ Алматы почтамтына: +7 707 862 30 08 телефондары арқылы сағат 9.00–ден 18.00–ге дейін хабарласыңыз**

Almaty AQSHAMY

Республикаға таралатын қоғамдық-саяси қалалық басылым.

**Меншік иесі: «Alataý Aqparat» ЖШС.**
E-mail: **alatauaqparat@gmail.com**
Мекенжайымыз: Индекс: 050022. Шевченко көшесі, 106 А.

**Газет аптасына 2 рет, сейсенбі және жұма күндері шығарылады. Нөмірдің таралымы – 8 152 дана (сейсенбі)**

**Кезекші редактор – Олжас ЖОЛДЫБАЙ**

Газет "Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат комитеті” республикалық мемлекеттік мекемесінде тіркелген. Тіркеу туралы № KZ17VPY00085956 куәлігі 19.01.2024 жылы берілген.

Газет «Almaty aqshamy»-ның компьютер орталығында теріліп, беттелді. Суреттердің сапасына редакция жауапты. Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді. Авторлардың мақалалары редакция көзқарасын білдірмейді. Газет «Гамма-принт» ЖШС-де басылды. 050061, Алматы қаласы, Райымбек даңғылы,369. Тел.: 247-98-30 Офсеттік басылым, көлемі 2 баспа табақ.

**«Almaty aqshamy» газеті «AIR ASTANA» әуе компаниясының бизнес–класс бортында және «Жолаушылар тасымалы» АҚ пойыздарындағы жолаушыларға қолжетімді.**

МҮФТИЯТ



## Наурызбай қажы ТАҒАНҰЛЫ, ҚМДБ Төрағасы, Бас мүфти:

# ОРАЗА АЙТ ҚҰТТЫ БОЛСЫН!

**Аса қамқор ерекше мейірімді Алланың атымен бастаймын! Барлық мақтау Аллаға тән. Ардақты Пайғамбарымыз Мұхаммедке Алланың салауаты мен сәлемі болсын! Баршамызды ораза айтқа аман-есен жеткізген Аллаға сансыз шүкірлер болсын!**

**Қадірлі қауым!**

Сіздерді исі мұсылманның ұлық мейрамы – ораза айттың келуімен шын жүректен құттықтаймын! Айт қабыл болсын!

Қасиетті Рамазанның аяқталғанын білдіретін мейрамда жүрекке мейірім, қуаныш сезімі ұялайтын сәулелі сәтте сіздерге, отбасыларыңызға риясыз ниетпен Алланың амандығы мен берекесін тілеймін. Жаратқан жар болсын!

Алла Тағала отыз күн бойы ұстаған оразамызды, жасаған дұғамызды, орынды себептермен ауыз бекіте алмай қалған жандардың қайырлы амалдарын қабыл еткей!

«Айт» сөзі – мерекелеу, хал сұрасу, бірбірін қуанту, қуанышқа топтау, қарымта деген мағынаны білдіреді.

Жаратушы Жаббар Иеміз: «...Олар Мен үшін ораза ұстады, Менің пәрменіммен ауыз ашты, енді қуанышқа кенелсін...», – деп сүйінші хабар жеткізген. Жаратушы Иеміз барша мұсылман қауымның қуанышын арттырғай!

Қазақстан Мұсылмандары діни басқармасы қасиетті Рамазан айында еліміз бойынша қайырымдылық жобаларды жүзеге асырды. Сауаптар еселеніп жазылатын берекелі айда игі іске атсалысқан еріктілерге, демеуші азаматтар мен жомарт жандарға риясыз ниетпен айрықша алғысымды білдіремін. Алла разы болсын!

Ораза айт – отбасылық мереке. Мейрам күні сыйлық беріп, қуанышқа бөлеу – сауапты іс. Көмекке мұқтаж адамға қайырымдылық жасау да сауабы мол амалдың бірі.

Өздеріңізге белгілі, еліміздің бірнеше аймағында болып жатқан көктемгі су тасқыны жергілікті ағайын-жұртты үрейлендіріп, үлкен әбігерге салуда. Үйі мен мал-дүниесінен айырылған отбасыларға мемлекетіміз тиісті көмек көрсетуде.

Осы ретте барша мұсылман қауымын Ораза айт күндері сынақты күндерді бастан кешіп жатқан жұртымызға қолұшын беріп, жүректеріне қуаныш ұялатуға шақырамын. «Қайырымдылық жасасаң – қайырын өзің көресің» деп халқымыз айтқандай, ізгі істің сауабы еселініп, қайырын өздеріңіз көріңіздер.

Ораза айт мерекесі құтты болсын! Раббымыз дұға-тілегімізді, қасиетті айда жасаған қайырлы істерімізді, берген зекет пен пітір-садақамызды қабыл еткей!

Әр отбасына амандық, жақсылық, құтбереке тілеймін. Оразадан оразаға дейін аман-есен жете берейік! Алла Тағала қазақ даласын түрлі табиғи апаттардан сақтағай. Сынақты сәттерді бастан кешіп жатқан жерлестерімізге Жаратқан Иеміз жар болғай. Еліміз аман, жұртымыз тыныш болғай! Әмин!

ЖАСТАР САЯСАТЫ

# «JAS GALA»

## шығармашыл студенттерге жол ашады




Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

**Алматыда студенттік көктем фестивалі басталды. Биыл екінші рет ұйымдастырылған дәстүрлі іс-шараға қаланың ЖОО мен колледждерінің өнерлі студенттері қатысты. Алматы қаласы Жастар саясаты басқармасының қолдауымен, «Алматы студенттер альянсы» ҚҚ ұйымдастыруымен жүзеге асырылуда.**

**Гүлжанат СЕМБАЕВА**

Байқаудың мақсаты – шығармашыл, дарынды жастарды анықтау және олардың кәсіби өсуіне қолдау көрсету, адамгершілік құндылықтарды, жоғары эстетикалық және интеллектуалдық талғамын қалыптастыру.

Фестивальге қаламыздың 30 ЖОО және 23 колледжінен барлығы 2000-нан астам өтінім қабылданды. 5 бағыт бойынша өтеді: хореография, мобилография, ассаптық орындау, театр. Көктем жобасының жүлде қоры да қомақты – 7 500 000 теңге. Жоба аясында қатысушыларға мәдениет майталмандарының қатысуымен мастер-кластар мен мотивациялық кездесулер ұйымдастырылады. Әр бағыт бойынша қоғам қайраткерлері мен өнер жұлдыздары қазылық етеді.

Алматы қаласы Жастар саясаты басқармасы басшысының орынбасары Әзиз Оралбекұлы қатысушыларға ізгі тілегін білдірді. Оның айтуынша, «Jas Gala» жобасы жылдан-жылға жастардың қатысуы, оларға таралуы және әлеуметтік желідегі ақпараттануы жағынан өсіп келеді.

«Алматы – жастар қаласы. Шаһар тұрғындарының 32%-ын жастар құрайды. Олардың әлеуметтік жағдайы мен шығармашылық қабілетін дамыту – Жастар саясаты басқармасының маңызды бағыттарының бірі. Бүгінде қала әкімдігі тарапынан студент жастарды жан-жақты қолдау мақсатында түрлі жобаларды жүзеге асырып жатырмыз. Айтап айтар болсам, олар – «IQ-ALA jastary», «BookVibe», Жас сарапшылар мен пікірсайысшылар клубы, «Тәуелсіздік ұрпақтары», «ALMA CUP» бар. «Jas Gala» фестиваліне былтыр 1000-нан астам өтінім қабылданса, биыл аз уақыттың ішінде 2000 студент қатысуға өтінім берді. Биыл жоба аясында Алматы жастарының Әнұраны мен жастар комьюнити-орталықтарының логотипі анықталады. Өздеріңізге белгілі, қаламыздың 8 ауданында жастарға арналған комьюнити-орталықтар жұмыс істейді. Алдағы уақытта талантты студенттер бір ай бойы университеттік деңгейде іріктеуден өтіп, қалалық деңгейде бақ сынайтын болады», – деді ол.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

**Сәбина АЙДАРҚЫЗЫ, «Jas Gala–2023» жобасының финалисі:**

***– Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Журналистика факультетінде 2-курста оқимын. Былтырғы байқауға вокал номинациясы бойынша қатысып, 2-орын алдым. Қалалық студенттерге арналған фестиваль өтетінін әлеуметтік желі арқылы білдім. Таныстарым да қолдау білдіріп, бағымды сынап көргім келді. Осы керемет жоба арқылы өзіме көп дос таптым. Биыл біздегіге қарағанда, байқауға қатысушылар саны едәуір көбейгенін байқап, қуанып отырмын. Замандастарыма сәттілік тілеймін.***

КАРИКАТУРА СӨЙЛЕСІН





Карикатураны салған Ғалым СМАҒҰЛҰЛЫ.

| ВАЛЮТА БАҒАМДАРЫ | | | |
|---|---|---|---|
| € EUR/KZT 484,00 теңге | $ USD/KZT 446,78 теңге | ₽ RUB/KZT 4,84 теңге | ¥ CNY/KZT 61,77 теңге |